Тем самым, аксиологический контекст анализа статуса женщины в цивилизациях Великой степи отчетливо обозначил паритетные статусы мужчины и женщины. Эти традиции, когда она могла обладать государственной, политической либо военной властью, сохранилась и позже, когда из тюркского суперэтноса выделились нации. Таковы, к примеру, Бопай Ханым и Айганым Саргалдаккызы – у казахов, Махлар-айым Надира – у узбеков, Курманжан Датка – у кыргызов, Сююмбике – у татар.

Исходя из сказанного, можно заметить, что исторически для цивилизаций Великой степи был присущ достаточно высокий статус женщин, предполагающий ее разнообразные социальные роли и возможности. До принятия ислама тюркские женщины не закрывали лицо, они обладали ярко выраженной личной свободой,

широкими правами и возможностями. Да и деление жилья на две равновеликие части – правую (женскую) и левую (мужскую) также свидетельствует о ценностной паритетности мужского и женского миров.

Цивилизации Великой степи имели такую систему ценностей, которая закрепляла за женщиной функции деторождения и воспитания детей, укрепление брачного союза, участие в делах социума – ежедневном со-творении мира – как важнейших ценностей, направленных на сохранение и развитие социального института семьи, общества и государства.

С распространением ислама на территории Великой степи ситуация в гендерных отношениях существенно изменилась. Женщина становится в большей мере зависимой от мужчины, теряя свою самостоятельность и самодостаточность.

Вместе с тем Статус, права и обязанности женщины и мужчины в полной мере зафиксированы в Коране [17], что дает возможность не только понять ментальные гендерные характеристики в исламском обществе, но и, опираясь на те или иные суры и аяты, увидеть в них имеющиеся возможности расширения существующих прав женщин. Поэтому, исходя из необходимости укрепления равных прав и возможностей в исламской среде, следует обратить внимание и на те права и возможности женщин, которые определены Кораном.

Так, в суре *Ан Ниса`а* /Женщины сказано:

*«Мужья над женами стоят,
(Блюдя очаг их и сохранность),
За то, что Бог одним из них
Дал преимущество перед другими,
И также потому,
Что весь расход на содержание семьи
Из их имущества исходит»*

[17, сура 4: 34, с. 113]

Один из признанных комментаторов Корана Иман Валерия Порохова обращает внимание на центральное слово этого аята – «кау`амун», который не имеет значения нравственного приорите-

та, а апеллирует к ответственности и обязательствам защиты интересов и соблюдения справедливости [17, с. 667].

Важными, на наш взгляд, являются и представления о создании мужа и жены из единой души [17, сура 4:1, с. 106]. Мужчины и женщины равны в своей человечности, поскольку нравственные нормы мусульманской общины в одинаковой мере значимы и для женщин, и для мужчин; они включают в себя веру, добро, целомудрие. Что касается воздаяния высшей наградой и прощения, то они определяются не по гендерному статусу, а «по соответствию их лучших дел» [17, сура 16:97, с. 667; сура 33:35, с. 451]. Допускается, что и мужчины, и женщины могут быть слабыми [17, сура 4:98, с. 123]. Как и мужчины, женщины имеют имущественные права – они могут иметь свой надел и долю в наследстве [17, сура 4:7, с. 107].

Анализ сур и аятов показывает, что реальная практика взаимоотношения полов в мусульманском обществе не всегда соответствует положениям и смыслам Корана. А потому полагаем, что и в исламском обществе существуют потенции к гендерному равноправию. В особой мере этот посыл может быть отнесен к современным тюркским народам, исповедующим ислам. При этом нужно признать, что исконной религией тюрко-монгольских народов является тенгрианство, для которого характерна высокая степень гендерного равенства и, одновременно с этим, функциональная закреплённость обязанностей и ответственности за определенные зоны общественного и семейного бытия между мужчинами и женщинами. Нужно признать также и то, что ислам имеет серьезные различия у разных народов, а также то, что характерной чертой религиозности тюрко-монгольских народов является сохранение и по сей день тенгрианско-исламского двоеверия [18].

Современный период развития гендерных отношений обнаруживает доминирующее влияние глобального распространения ценностей европейской цивилизации, которые объявляются «эталонными». Не случайна в этом смысле и идентичность названий и законодательных актов в части, касающихся гендерных отношений. На территории проживания тюркских народов практически все законы с небольшими вариациями называются «О государ-

ственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин». Признавая безусловную актуальность, значимость и необходимость внедрения этих правовых норм, хотелось бы обратить внимание также и на историко-культурный, ценностный и цивилизационный контекст, присутствующий во всех гендерных проблемах.

Так, к спорным можно отнести такие результаты гендерной политики, как увеличение феминности мужчин и маскулинности женщин, смена полов, однополые браки, стремление сгладить закрепленные в исторической и культурной памяти ментальные женские и мужские характеристики, права и обязанности. Исходя из этого, представляется, что для решения гендерных проблем перспективным представляется обращение не только к западным ценностям и внедрение их в современный социокультурный контекст, но и к тем культурным ценностям, которые составляют основу ментальности тюркских народов, и где ярко выражена гендерная паритетность. Это касается также и исламских представлений, в которых имеется существенный гендерный ресурс, основанный на сурах и аятах Корана, в которых закреплены гендерные права и обязанности, нравственные и моральные принципы, на протяжении многих веков питавших тюркский социум.

Тем самым важно обрести тот баланс взаимодействия ценностей разных цивилизаций – эндогенных и экзогенных, который позволит достичь поставленных целей в укреплении гендерного равенства при функциональной закрепленности определенных зон мужского и женского типов деятельности, гендерных стереотипов поведения, ментальных особенностей, прав и обязанностей, исторически присущих народам цивилизаций Великой степи.

Литература

1. Гендерное равенство // Организация Объединенных Наций. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа. – <https://www.un.org/ru/global-issues/gender-equality>
2. Бем С.Л. Линзы гендера: Трансформация взглядов на проблему неравенства полов. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОС-СПЭН), 2004. – 336 с.

3. Воронцов Д.В. Пол человека: биологический феномен или социокультурный конструкт? // Гендерная психология: хрестоматия / сост. Е.Е. Ли. – Иркутск: Изд-во Иркут. гос. ун-та, 2010. – 114 с.

4. Кон И.С. Пол и гендер. Заметки о терминах // Сексология. Персональный сайт И.С. Кона. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа – <http://sexology.narod.ru/publ037.html>

5. Аязбеков С.А., Аязбекова С.Ш. Цивилизации Великой степи: философско-культурологический анализ (к проблеме начала). – 2-е изд. – Нур-Султан: АСТ Полиграф, 2021. – с цвет. илл. – 352 с. (Серия «Цивилизации и искусство Великой степи»).

6. Аязбеков С.А., Аязбекова С.Ш. Культура и искусство Великой степи: цивилизационный контекст. – 2-е изд. – Нур-Султан: АСТ Полиграф, 2021. – с цвет. илл. – 392 с. (Серия «Цивилизации и искусство Великой степи»). – В соавторстве с Аязбековым С.А.

7. Алтун Битиг. Тенгрианство. (Мифы древних тюрков, сохраненные устным и письменным преданием тюркских народов мира). Никонов А.Ю. Алматы: Издательский дом «Жибек Жолы», 2000. – 86 с.

8. В.А. Мешкерис. Наскальное искусство в творчестве Н.К.Рериha. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа. –http://www.lomonosov.org/article/naskalnoe_iskusstvo_v_tvorchestve_nk_reriha.htm

9. Дәулет М.А. Бижиктиг-Хая. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа. – http://rockart-studies.ru/?page_id=4617

10. Рогожинский А.Е. Новые находки памятников Древнетюркской эпиграфики и монументального искусства на юге и востоке Казахстана // Роль кочевников в формировании культурного наследия Казахстана. Научные чтения памяти Н.Э.Масанова: Сб: мат-лов Международной научной конференции. – Алматы. – С. 335-342.

11. Кубарев Г.В. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа. –http://www.elibrary.az/docs/JURNAL/jrn2017_302.pdf

12. Полосьяк Н.В. Всадники Укока. Новосибирск: ИНФОЛИО-пресс, 2001.

13. Дьяконова В.П. Погребальный обряд тувинцев как историко-этнографический источник. – Л.: Наука, 1975.

14. Сказания Приска Пантийского (перевод с греческого) // Восточная литература. Средневековые исторические источники Востока и Запада. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа. – <https://www.vostlit.info/Texts/rus/Prisc/frameset21.htm>

15. Тишин В.В., Серегин Н.Н. Положение женщины в древнетюркском обществе // Историческая психология и социология истории. Том 8, № 1 /2015.

16. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 2. М.; Л.: АН СССР, 1952.

17. Коран. Перевод смыслов и комментариев Иман Валерии Пороховой. Издание 11, дополненное. Москва: РИПОЛ КЛАССИК, 2011. - 780 с. Аязбекова С.Ш. Тенгрианство и двоеверие тюрко-монгольских народов // *Respublica Literaria*. 2020. Т. 1. № 2. С. 150-165. - DOI: 10.47850/RL.2020.1.2. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа. – <https://respublicaliteraria.ru/index.php/rl/article/view/40/67>

18. Тенгрианство и двоеверие тюрко-монгольских народов // *Respublica Literaria*. 2020. Т. 1. № 2. С. 150-165. - DOI: 10.47850/RL.2020.1.2. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа. – <https://respublicaliteraria.ru/index.php/rl/article/view/40/67>

1.3. Түркі-қазақ философиялық дәстүріндегі еркіндік құбылысының айшықталуы (Нүсінова Г.И.)

Өркениет кезеңдерінің алмасуына байланысты мәдениетте дамып отыратын құбылыс. Мәдениет қоғамның күшімен жасалады, сондықтан адам, қоғам және мәдениет біртұтас. Мәдениеттің дамуы қоғам дамуына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар адамзат тарихында мәдениеттің дамуына білімнің, ғылымның, шығармашылықтың және басқа да факторлардың қарқынды дамуы және халықтың ұлт-азаттық идеялары, саяси күресі, саяси-экономикалық өзгерістер мен реформалар жасауға ұмтылысы мәдениеттің баға жетпес туындыларын жасауға ықпал ететіні белгілі. Ал ұлттық мәдениет белгілі бір ұлттың күшімен жасалған мәдени-рухани мұралардың жиынтығы. Кез келген ұлттың дамуы, оның бірлігі, мәдениеті, еркіндігі де адамдардың жетіліп, кемелденуі арқылы айқындалады.

Түркі мәдениеті өз дамуында қоғамдық сананың, дүниетанымның, дүниеге қатынастың, рухани, материалдық қызметтің, түркілік мәдени тәртіппен көрініс тапқан түркілік өмір сүру өнерінің, адам мен әлем арасындағы терең этикалық байланысты көрсететін құбылысқа айналмас бұрын әртүрлі кезеңдерден өтті. Түркілердің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары келешек ұрпаққа жинақталып берілетін тәжірибе мен білім болғандықтан, олардың

құрылымы ешқашан бұзылмаған, олардың құндылықтары мәңгі әрі қасиетті, олар этикалық императивтердің басымдылығынан туындап отырды, сол себепті түркілер мәдени құндылықтардың берік парадигмасын құра білді. Түркі әлемінің ислам құндылықтарымен өзара қатынасы әмбебап-өркениеттік сұхбаттық коммуникация ретінде ұсынылды, мұнда түркілік рухани компонент неғұрлым рухани-онтологиялық контексте дамыды. Мәдени әлемнің түрлі үлгілерімен өзара ықпалдастықта көрсетілген түркілік мәдени кеңістік өте ерекше болды, өйткені ол әлем мен өзге мәдениеттерге ашықтығы басым болып табылатын көшпенді еді. Түркі мәдениеті өзінің қалыптасу барысында күрделі кезеңдерден, сынақтардан өтсе де, өзінің рухани бастауын, әртүрлі жанрларда сақталған түркілік дәстүрдің ерекшелігін жоғалтпады.

Түркі мәдениетінің бірегейлігі мен ерекшелігі этикалық, онтологиялық, эстетикалық, экзистенциялық құбылыстарда көрініс тапты, олар түркі әлемінің болмысын ашты, адамның күнделікті іс-әрекеті де түркі дәстүрлерінің заңдарына сәйкес жүзеге асты. Түркі әлемінде адамның білімі мен оның өзге адамға деген адамгершілік қатынасы жоғары бағаланды. Адамгершілік түркілердің өмір сүру үлгісіне тән болып келетін еркінсүйгіштік қасиетінен туындады. Әрине, еркінсүйгіштік қасиеттен туындаған мәдениет те еркін болды. Түркі әлемінің әлеуметтік мәдени дамуы аспан, сөз, парыз, ар, намыс, еркіндік, сұлулық категориялары арқылы толерантты полимәдени кеңістікте қатар өмір сүру үшін мәдени серпінді жинақтай отырып, өз бірегейлігін танытты [1, 448 б.].

Тарихи деректерге сүйенсек, ортағасырдағы әл-Жахиздің «әл-Фатх Б. Хаканға түркілер мен халифаттық әскерлердің жетістігі жайлы жолдау» атты еңбегінде түркілердің асқан шыдамдылықтары, еркінсүйгіш қасиеттері, батылдығы, айбындылығы, ар намыстары және олардың рухани-зияткерлік деңгейлері жайлы жазылған: «...түркілер алдау, арбау, екіжүзділік, ғайбаттау, жала жабу, жақындарына көкіректене қарау, әріптестеріне қысым көрсету дегенді білмейді, дінбұзарлықпен айналысып, қисынсыз дүниелерге бой алдырмайды, заңды түсіндіру үшін ақша алмайды... Отанға деген сүйіспеншілік барлық адамдарға тән және некеден де қымбат. Бірақ түркілерде бұл сезім өте терең әрі берік, бұл

олардың шығу тегіне, болмыстарының әділ екендігін аңғартады» [2].

Еркіндік идеясы ежелгі түркі дүниетанымы мен наным-сенімдерінде маңызды орынға ие болды. Тәңіршілдік идеясында Тәңірі – түркі халықтарына еркіндік сыйлайтын және оны қамтамасыз етуші құбылыс. Түркі халықтарына тән еркіндік идеясы мәңгілік өмірді іздеген Қорқыт ата туралы аңыздарда терең философиялық мағынамен ұштасады. Рухани тазаруды насихаттаған Қорқыт ата терең мазмұнды сөздер қалдырып, ол табиғат пен адамдар арасындағы үйлесімділік, сұлулық және табиғи жарасымдылық туралы жырлады. Бабамыздың ұлағатты сөздері тарихи сабақтастықпен жол тартып, кейінгі қазақтың өзіндік ұлттық санасынан берік орын алды.

Ұлы Даланы мекендеген көшпелі қазақ халқы өзіне тән дала мәдениетін қалыптастырды. Бұл мәдениеттің басқа мәдениеттерге қарағанда өзгеше салт-дәстүрлері болды. Олар әртүрлі мәдениеттердің әсерінде болса да, ежелгі далалық салт-дәстүрлерін сақтап келді. Ол еркіндік сүйгіш сана-сезімімен ұласып, қазақ хандары мен билері, жыраулар мен батырлар идеяларымен сабақтасып отырды. Олар адамгершіліктің құндылығын дәріптеп, сол құндылықтарды баптау арқылы дәстүрді жаңғыртты, өтпелі кезеңнің бейнесін жасады. Жыраулардың әр сөзі және әр образы көркемдік ықпал мен моральдық бедел, адамгершілік көзқарасты құрметтеу, сонымен бірге өзіне бағындыратын күш қуатқа ие болды.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінің негізгі мәселелері жақсылық пен зұлымдық, ақиқат пен жалған, адамның әлемдегі орны, өмірдің мәні, адамның қоршаған ортамен, жоғары күшпен, рухтармен қарым-қатынасы болды. Бұл ұғымдардың өзектілігі әр адамның еркіндігі ретінде оның қадір-қасиеті, құндылықтарды таңдауы, өзін-өзі анықтауы, шығармашылығын дамытып, жауапкершілікті сезіну сияқты адам өміріндегі маңызды іс әрекеттерді және оны жүзеге асыру мәселелерін қозғайды. Қ. Әбішевтің пікірінше: «Еркіндік адамның тек субъективтік күйі ғана емес, оның белгілі дәрежеде өзіне тәуелсіз объективтік еркіндігінде» [3, 31 б.]. Бұл жеке өмір ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік мәселе, өйткені

адамдар басқалармен қоғамдық қатынастарға түседі. Адам еркіндікте өзін өзі жетілдіре отырып қоғамды жетілдіреді, ол іс-әрекеті арқылы қоғамның алға жылжуына тікелей қатысады.

Қазақ халқының дүниетанымы, дүниеге көзқарасы, еркіндігі әртүрлі кезеңдерде әртүрлі сипатқа ие болды және оларда рухани құндылықтар басым болған. Халықтың ғасырлар бойғы жиналған бұл рухани дүниесі ақыл таразысынан өтіп, адамның ар-ожданы алдында есеп беруі арқылы адамға үлкен жауапкершілік жүктеді. Адамның мәнін, болмысын түсіну және еркіндіктің шекарасын анықтау арқылы мәдениеттің, қоғамның болмысы, оның ақиқаты анықталады. Ал еркіндік адамға да, қоғамға да дайын күйінде берілмеген, табиғатына тән нәрсе емес. Ол – мәдениет дамуының жемісі, сондықтан да еркіндікке жету мәдениетті меңгерудің қиын да күрделі, қарама-қайшылыққа толы жолынан өтуді, еркін тұлғалардың бірге өмір сүре білу өнерін үйренуді талап етеді.

Адам таңдау жасау арқылы алдағы өмір сүру жоспарын анықтайды, өзінің идеалдарын, нені құндылыққа балап, нені өмірінің мәні ететінін еркіндік болмаса жүзеге асыруы мүмкін емес. Ал адам өмірде адамдық мәнділікті еркіндік жағдайында ғана таңдай алады. Ал таңдау жеке тұлға үшін үлкен сын, бірақ осы таңдаудың өзі еркіндіктің болуымен анықталады. Бұл туралы қазақ философиясының тарихын белгілі ғалым І. Ергали, адамның еркіндіксіз, өз басының бостандығына өзі ие болмайынша оның бойында рухани жетілуі болмайтындығын, сонымен қатар әлеуметтік-орта мүмкіндікке жол бермесе, егер оның жағдайы жасалынбаса адамның рухтық дамуы да тежелетіндігін атап көрсеткен болатын [4].

Макс Вебер былай дейді: «Мәдениет – адам өміріне үстемдік құратын рухани және заттық игіліктер жүйесі» [5]. Егер тарихи тұрғыдан қарастырсақ, шығыс мәдениетінде – адам бойында руханилық пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытына басым мән берілсе, батыс дәстүрінде – адам бойындағы прагматикалық қабілетке, табысқа, өмірлік маңызды нәтижелерге, кәсіби білімге, ғылымға құштарлық қалыптастыруға баса назар аударылады. Сондықтан ортақ басымдық бағдар руханилық пен адамгершілікке аударылуы қажет деген ойдамыз, өйткені

руханилықтың өсуі материалдық бағытқа ықпал ете отырып, оны рухтандыру арқылы табиғатқа үстемдік етуге бағдарланған білім мен ғылымды адамзаттың қауіпсіздігіне арналған ғылымға айналдыруға мүмкіндік береді. Мұндай үлгі аларлық, жамандыққа тоқтау, жақсылыққа жол ашудың көздері қоғамның, мәдениеттің дамуына, тек саяси-экономикалық қатынастарға ғана емес, руханилыққа да тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Рухани мәдениет өзінің көптүрлілігімен қоғамдық сананың формалары мен деңгейлеріне және т.б. жатады. Рухани мәдениеттің ғылыми, философиялық, идеологиялық, заңды, моральдық, көркем мәдениетпен қосқанда құрылымы өте күрделі болып келеді. Адамның рухани кемелденуін қазақ ойшылдары адамның санасында, дүниетанымында қалыптасқан адамгершілік деп түсінеді. М.С. Орынбеков: «Руханилық – тек адамға тән маңызды қасиеттердің бірі. Өз бойында адами қасиеттерді дамытып, өз білімін адамгершілікпен ұштастырғанда ғана шын руханилыққа жетеді. Адамгершілікке адам ең жоғарғы құндылықтарға ұмтылу арқылы келеді. Ар-ұят, адалдық, еңбек, махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген құндылықтар арқылы адам өз өміріне мән беріп, руханилыққа жетуге ұмтылады», – деп тұжырымдайды [6, 196 б.]. Сондықтан рухани даму, рухани жетілу адамдардың еркіндігі мүмкін болғанда ғана жүзеге асады. Еркіндік – адам өмірінің шексіз, бірақ жауапты мүмкіндігі, оның басты мақсаты – адамның даралығын ашу, адамның күші мен қабілетінің дұрыс дамуы, адамның ішкі шығармашылық қуаты. Еркіндік арқылы адам қоғам мен әлемнің мүлде жаңа өмірін жасай алады. Еркіндіктің қадірін, құндылығын білген адам ғана өз халқын оның мақсат, мұраттарына жетелейтіндіктен қазақ ақын-жырауларының, шешендерінің сөз саптау дәстүрінен ой еркіндігі мен сөз еркіндігін байқауға болады.

Еркіндікті рухани-адамгершілік тұрғыдан қарастырсақ, бұл адамдарға деген сүйіспеншіліктен туындайтын шығармашылық. Тек шығармашылық еркіндік пен Құдайға деген еркін сүйіспеншілік әрекеттерімен ғана адам бұл дүниеде зұлымдыққа қарсы тұра алады. Өйткені, адамды тек жақсылық рухы ғана емес, сонымен қатар зұлымдық рухы да ұстай алады, бірақ кез кел-

ген жағдайда рух адамнан жоғары. Тек сол арқылы адам әлемді құтқарып, өзін-өзі сақтай алады. Егер рухани өмір табысты дамыса, онда адам өзінің өмірін және өзін өркендете алатын жоғары мән мен идеал іздеп, жанын жоғары қарай бағыттайды. Рухани процесте адам мызғымас деп санайтын және өз өмірін құрбан етуге дайын принциптер қалыптасады. Осылайша, руханилық жеке тұлғаның өзін-өзі құру принципі ретінде, жеке тұлғаны және оның ділін құрудың ең жоғары құндылықтарына қол жеткізу, табиғи жолмен орындалмайтын нәрсені жасауға шақыру ретінде әрекет етеді. Бұл тұрғыда руханилық, адамның рухани болмысы «еркіндік» ұғымының синониміне айналады, біз оны «өзін-өзі анықтау» деп түсінеміз. Яғни, адамдарды жақсы көретін және олар үшін жақсы нәрсе жасағысы келетін адам шынымен еркін. Олардың құқықтарын бұзбау, оларды құрал ретінде пайдаланбау, бірақ басқа адаммен таланттарыңыз бен қабілеттеріңізбен бөлісу. Ешқандай мәжбүрлеусіз, жақсы ниетпен, өз жанының жылуын басқа адамдармен бөлісетін адамды еркін деп айтуға болады.

Қазақстан қоғамының дамуында дін рухани тұғырлардың бірі болып қала беретіні сөзсіз, өйткені діннің қоғамда көптеген функцияларды атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Дін адамгершілікке шақырып, оны қалыптастырады, сонымен қатар қоғамды руханилыққа және әділеттілікке тәрбиелейді. Діннің адамгершілік болжамдары өте маңызды, ол белгілі бір мағынада, адамның рухани дамуының жанама өнімі, дін үшін адамның өзін рухани жетілдіруі адами өмірдің мақсаты болуы керек. Құдай адамды өзіне ұқсатып жаратқандықтан, оның сенушісі де құдайлық мәніне қарай дамуын талап етеді, өйткені адам өз өмірінің мақсатын орындамай, мағынасыз өмір сүруі мүмкін. Сондықтан дінде білімді меңгеру тұлғаның рухани және адамгершілік дамуының құралы болды.

Қазақ халқының белгілі ағартушысы Ыбырай Алтынсаринді – ақыл-ойдың және діни бірліктің, еркін әлемнің үлгісі деп айтуға болады. Еркін ойлайтын адам ғана дінді рухани еркіндік деп түсінеді. Ыбырай Алтынсариннің дүниетанымында қоршаған дүние объективті өмір сүреді. Сол дүниені жаратушы Құдай екендігін мойындайды. Ы. Алтынсарин мұсылман дінінің адамды

адамгершілікке шақыратын тұстарына ерекше назар аударып, адам өмірінің мәні ғылым-білімге, адамдыққа ұмтылу, адамгершілікте өмір сүру, сол арқылы халқына пайдалы болу деп түсініп, ғұлама ұстаз діни оқулықты да осы қағиданы ұғындыруға пайдаланды. Оның ең үлкен еңбегі – діни білім беру бағдарламаларын жасауы. Тек діни ағарту ғана адамды басқа діндерге қатысты фобиядан айыратынын түсінді. Оның шығармалары өсіп келе жатқан жас ұрпақты ерлікке баулып, ар-намысын, адамгершілік үшін күресуге тәрбиелеп, қайрат, ақыл, жүректілік сияқты адам бойындағы қасиеттерді қалыптастырады. Адам ең әуелі жаман қулықтан арылып, ойын тазартып, таза ой мен таза мінезге үйренген жөн дейді. Сонымен қатар ол адам еркіндігін ерекше атап көрсетіп, жаманды істеп, жақсылыққа ие боламын деу мүмкін емес, адам не ексе, соны орады деп тұжырымдай отырып, ғылымның әр саласынан түсінік беретін пәндік оқуды қуаттап және қоғамдық прогреске жетудің қажетті шарты екенін айтты.

Қазақ халқының рухани қазыналары саналатын, құндылығы шексіз асқақ идеяларға толы Абай Құнанбаевтың дүниетанымындағы «Адам бол!» қағидасының адамгершілік сипаты келешек ұрпаққа адамшылық жолды көрсететін этикалық ұстанымдар, нұсқаулар. Оның өнегелілік тұрғыдан жетілдірудің жалпыадамзаттық озық және этикалық идеялары – адамшылық, бірлік пен татулық, ақыл-ой мен еркіндік, жақсылық пен арлылық, мейірімділік пен әділеттілік, еңбексүйгіштік пен білімділік, достық пен махаббат және т.б. Осының бәрі нағыз адамда көрініс тауып, жинақталуы қажет. Адам белсенді істер атқара отырып, білім жинайды және рухани мәдениетке қосылу арқылы ақылды, қайырымды, адамгершілікті болады, өйткені осы құндылықтар ғана адамның бойындағы жақсы қабілетін аша алатынын басып айтады. Адамды осы тұрғыда жетілдіруге, сол арқылы қоғамды кемелдендіруге ниеттенді. Бұл – ақын шығармаларының басты өзегі.

Абайды әлем өркениетіндегі қазақтардың бәсекелестігі, солар қатарлы ел болу мәселелелері алаңдатты. Ол халқының тұрмысы мен мәдениеті жағынан басқа ұлттардан кенжелеп қалғанын байқап, оның себебін ой елегінен өткізеді және оларды заманына

сай жаңа өзгерулерге ілесуге шақырады. Ойшыл қазақ санасындағы артта қалған түсініктер мен өркениеттік мәдени құндылықтардың жоқтығын сынай отырып, оны надандықпен түсіндірді. Сол надандықтан адам жақсылық пен жамандықтың, мейірімділік пен қатыгездіктің аражігін ажырата алмай, адам дамуының ең маңыздысы не екенін түсінбейді. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, ойшыл қазақтың шынайы, мәдениетті, өркениетті болуына елдегі салт-дәстүрлер мен тіпті, кейбір мақал-мәтелдердің де кедергі жасайтынын айтады. Абай түсінігінде жақсы іс-әрекет тек сыртқы жағдайларға, нормаларға, дәстүрлерге ғана емес, саналы түрде өз санаға бағынған ішкі қалауыңа, ниетіңе сәйкес болуы керек. Ойшылдың бұл өзекті философиялық көзқарасы – бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болатын басты құндылық.

Сонымен қатар Абай адамның адамшылығының негізі – білім деп, білім ең жоғарғы игілік, ең жоғарғы идея деп түсінді. Білімді игерудің арқасында адам өзінің табиғи қасиеттерін жоғары сатыға көтереді және адам өз сезімін, эмоцияларын еркін қадағалай алады. Ал ғылымға жету үшін ерекше махаббаттың қажеттігі, сол арқылы өзінің жаратушысын, мына қоршаған дүниені танып-білетіндігін ақын шығармашылығы дәлелдей түседі. Ойшыл Аристотель, әл-Фараби сияқты ойшылдардың тұжырымдарын негізге ала отырып, адамның кемелдікке жетуіне ықпал ететін этикалық мәселелерін барынша сөз етеді. Ол адамның қоғамдық өмірдегі басты рөлі мен орнын анықтай отырып, сыншыл ақылды жоғары бағалайды. Ақын шығармашылығынан халықтың рухани болмысының қалыптасуы ұлт болашағының еркіндігін болжайды. Соның арқасында тек бір халықтың данышпан ойшылы ғана болмай, бүкіл әлемдік мәдениеттің көрнекті өкіліне айналды.

Зайырлылық та қоғамды шоғырландырады, бірақ ол идеялық және құндылық негіздермен ықпал етеді. Бұл – идеалдылық, гумандық, әділеттілік, адам құқығы, прогресс пен болашаққа сену және т.б. Орталығы адам және оның еркіндігі болатын теңдік, әділеттілік, еркіндік идеалдарының негізінде құндылықтық жүйе қалыптасады. «Еркіндік – адамды өзіне қалайда бағындыруға тырысатын сыртқы құбылыстарды женетін идея» [7, 10 б.]. Бұл идея қазақ ойшылдарының шығармаларында да айқын көрінеді. Осы

идеялары арқылы олар біздің бүгінгі өмірімізге, тәуелсіз, егеменді ел болуымызға рухани негіз болды деп айта аламыз.

Еркіндіктің құндылықтық ұғымын талдағанда әр халықта, әртүрлі тарихи кезеңде оңай, айқын жолмен келмегенін көрсетеді. Батыстық мәдениет аясында еркіндік саяси және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылды. Қазақстан тарихындағы мұндай еркіндікті «Алаш» қоғамдық-саяси қозғалысының өкілдері тереңірек зерделеді. Олар адам болмысы, оның еркіндігі, өмірінің мәні, дін мен еркіндіктің арақатынасы және т.б. мәселелерді қарастырды.

Қазақтар үшін еркіндік әрқашан онтологиялық мәнге ие болды. Еркіндік идеясы – Алаш ойшылдарының философиялық көзқарастарының негізі. Олар еркіндікті жарып шығу, ұмтылыс, өз болмысына қарсы тұру қабілеті және еркіндікті идеал үшін шындыққа қарсы шығу мүмкіндігі деп түсіндірді. XX ғасырдың басындағы бұл демократиялық ұлттық зиялылар шоғыры, ұлттық кәсіби саяси және интеллектуалдық элита өз халқының мүддесі мен болашақ дербес даму жолдарын айқындауға бел шешті. Олар Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев және т.б. еді. Жан-жақты білімдарлық пен парасаттылықты, саяси күрестің тәсілдері мен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерген демократияшыл қазақ зиялыларының бұл тобы бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің жалаң қылышпен зеңбіректің аузына қарсы шабатын ақкөз басшыларынан мүлде өзгеше. Олар туған халқының көзін ашып, көмескі тартқан рухын оятып, біліммен қаруландырып, бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да болса, ең сенімді жолын саналылықпен таңдап алды. Бірақ, осындай кәсіби зиялылар қаққан тәуелсіздік қоңырауының сарыны ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бостандық пен тәуелсіздікті, азаттық пен дербес дамуды аңсаған біз атаған азаматтар рухын шыңдаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз демократиялық ел болуға жеткізіп отырған да сол биік өршіл рух... [8, 22 б.].

Қорытындылай келсек, кез келген адам өмір сүре отырып еркіндікке ұмтылуы керек, адам өмірінің мәні – еркіндік. Табиғат заңдылықтарын тани отырып, оны өзіне сәйкес өзгерту адамды

еркіндікке жеткізеді. Шынайы еркіндік әрқашан жақсылықты таңдаудан басталады, нәтижесінде тек адамның ғана емес, жалпы қоғамның да адамгершілігін нығайтады және дамытады. Адамның әрбір адамға істеген жақсылығы, қамқорлығы және махаббаты оның еркіндігінде. Еркіндік қана адамды адам ете алады, өйткені еркіндіктен бас тарту, одан ауытқу адам үшін адамшылығын, болмысын, түпкі табиғатын жоғалту деген сөз.

Сонымен қатар еркіндік тағдырдың қарама-қарсылығы ретінде анықталады. Себебі еркіндік қадам басқан сайын тәуелділікпен бетпе-бет кездесіп отырады. Ол табиғат пен қоғам, басқа адамдар тарапынан болатын сыртқы кедергілер және адамның өзінің жігерсіздігі, рухының төмендігі, ақылының аздығы секілді ішкі кедергілер болуы мүмкін. Мысалы, қоғамда әділетсіз заңдар үстемдік құрып тұрса адам өз тағдырын өзгертуге дәрменсіз. Дегенмен бұл заңдарды адамның ішкі еркіндігі өзгерте алмаса да, осы ішкі еркіндігінің арқасында өзінің жеке тұлғалығын сақтап қала алады.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың дамып, ақпараттың жылдам таралуына байланысты біз өмір сүріп отырған қоғам өте қарқынды жылдамдықпен өзгеруде. Осыған байланысты адамдардың мәдениеті де, психологиясы, дүниетанымы, өмірлік ұстанымдары да өзгерді. Олардың жүріс-тұрысына, киім киюіне, сөйлеу мәдениетіне, ойлау мәдениетіне, адамдардың қарым-қатынастарына, тіпті олардың еркіндігіне де қазіргі шет елдерден ағылып келіп жатқан түрлі жаңалықтар, толассыз жүргізіліп жатқан жарнамалар мен насихаттар, бүгінгі қоғамдық қатынастар өз әсерін тигізуде. Мұндай құндылықтарға негізделген түсініктер қоғамда бай мен кедей, қала мен дала, жаңашыл мен ескішіл, батысшыл мен ұлтшыл деген жаңсақ ұғымдарды қалыптастырып отыр. Сондықтан, бүгінгі мәдениеттер тоғысында халықтың сана-сезімі мен таным-түйсігіне ұлттық тәрбие арқылы мәдени, рухани құндылықтарымызды сіңіре білу қажет деп санаймыз.

Адам мәдениет барысында ғана толық адамға айналады, сонда ғана адамның ең жоғарғы ұмтылыстары мен мүмкіндіктері көрініс табады. Өйткені адамның мінез-құлық мәдениеті – қоғамда қалыптасқан моральдық нормалар мен ережелерге сәйкес

келетін жеке тұлғаның жеке қасиеттері. Бұл жалпы құндылықтар болғандықтан олардың негізінде адам өзінің өмірлік белсенділігін қалыптастырады. Олардың бұзылуы қоғамның теріс реакциясы мен айыптауына әкеледі. Сөйлеу мәдениеті жеке адамның рухани мәдениетімен тікелей байланысты, өйткені сөз біздің ойымыз бен ішкі дүниеміздің көрінісі. Ал қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз екі немесе одан да көп адамдардың өзара тиімді қарым-қатынасының шарты ретінде пайда болған құбылыс. Осы жетістіктер арқылы ғана адамның табиғатын, мәдениетін, еркіндігін және мақсатын бағалауға болады. Ал еркіндік жолы адам үшін ең қиын, азапты жол. Еркіндікке талай талпыныс, адасудан кейін келеді. Ең бастысы – осы жолдан таймау, ол түбінде адам болуға, яғни мәнді өмір сүруге әкеледі. Адам осы жағдайлардың ішінде өзін өзгерту арқылы өз тағдырын өзі таңдайды. Бұл адамның еркін іс-әрекеті.

Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы аясындағы қазақ халқының рухани-адамгершілік дамуы мен өсу призмасы арқылы еркіндік құбылысын талдағанда заманауи қоғам үшін бұл мәселенің маңызды, жалпыадамзатқа қатысты салмақты мәселе екенін білеміз. Өйткені, қоғамның еркіндігі – адам еркіндігінің негізі. Бүгінгі демократиялық қоғамда өмір сүретін еркіндіктің түрлері: ғылыми, саяси, діни, адамгершілік, ар-ождан, сөз бостандығы, ой еркіндігі, еркін жиналыс және т.б. Ол қазіргі қоғамда көбінесе саяси категориямен беріледі. Сондықтан еркіндік – мәдениеттің жемісі десек, оның ешқандай құндылығын төмендетпейді.

Әдебиеттер

1. Нысанбаев Ә.Н., Нүсіпова Г.И. Түркі мәдениетінің рухани-этикалық идеялары мен құндылықтар // «Бабалар сөзі – рухани жаңғырудың қайнар көзі» (Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Корея Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы) атты Халықаралық симпозиумның материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2019. – 504 б.

2. Абу Усман Амр Ибн ал-Джахиз. «Послание ал-Фатху Б. Хакану о достоинствах тюрок и остального халифского войска» // <https://www.vostlit.info/Texts/rus2/Jahiz/frameautor.htm> 26.05.2022.

3. Әбішев, Қ.Ә. 1999. Философия. – Алматы, Ақыл кітабы, 264 б.
4. Ергали, И.Е. 2003. Философия как духовная деятельность / под общ. ред. А.С. Серикбаева. – Астана, 283 с.
5. Вебер М. Работы М. Вебера по социологии, религии и культуре / ИНИОН, Всесоюзный межведомственный центр наук о человеке при президиуме АН СССР. – Вып. 2. – М.: ИНИОН, 1991.
6. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Арқаим», 2001. – 252 с.
7. Раев Д. 2001. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, Ценные бумаги, 228 б.
8. Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік. Мәдени мұра. Ұлттық ояну // «Қоғам және дәуір», 2007, № 3. 20-24 бб.

1.4. Түркілік рухани-құндылықтардың қазақ мәдениетін дамытудағы маңызы (Қоңырбаева К.М.)

Елімізде жаңа қазақстандық қоғамды құру және оның тұрақты дамуын нығайтуда халқымыздың философиялық мұраларына оралу, олардың дүниетанымдық негіздерін санада жаңғыртудың атқарар рөлі зор. Қазіргі кезде рухани-адамгершілік өлшемдерді ығыстырған пайдагерлік-тұтынушылық қатынас өрісін жайып отырған өркениет кеңістігінде қазақ мәдениетінің рухани бастауларын жаңғырту ең басты да өзекті мәселе. Қоғамды және ондағы адамдардың салт-санасын өзгертуде мәдениет әлеуетінің рөлі зор.

Ұлттық мәдениет мәйегін сақтап келген қазіргі қазақтардың рухани-мәдени өміріне бүкіл әлемге жаппай жайылып келе жатқан құндылықтар дағдарысы да елеулі әсер етуде. Дағдарыс рухани құндылықтар аясын шарпуда. Алайда әлемдік өркениеттер кеңістігінде осындай келеңсіз үрдіс барысында, қазақ халқы өзіндік ұлттық келбетін сақтап қалуға ұмтылуда. Тарихи деректерге зер салсақ, бүгінгі таңда көтеріліп отырған мәселенің ұлттың рухани даму жолында әрдайым өзекті болғандығын анықтаймыз. Қазіргі кезеңнің рухани дағдарыстарынан пайда болған рухани кеңістіктің ойсыраған тұстарын түркі ойшылдарының адамгершілікті-моральдік, философиялық-этикалық даналық ойлармен толықтыру қажеттілігін туындатуда.

Сондықтан қазақтың рухани мәдениетінің қайнары болған түркі ойшылдарының мұраларына оралу, оларды жаңаша көзқарастар тұрғысынан зерделеу, қазіргі қазақстандық қоғамның рухани жаңаруына ықпал етері сөзсіз. Қазіргі кезеңде түркі халықтары арасында өзара мәдени сұхбаттастықты қайта жаңғыртудың да қажеттілігі сезілуде. Жаһанданған әлемдегі адамзаттың рухани құлдырауы барысында, түркілік этикалық адамгершілік қалыптарының әлеуеті артуда. Рухани қайнар бастаулары түркі философиялық ой-толғауларынан нәр алып, сабақтастықпен жалғасқан қазақ рухани мәдениетінің болашақ бағытын айқындап, мәдени дамудың дербестігін қамтамасыз ету қажет деп ойлаймыз. Еуразияның шексіз даласында өзінің өнегеге толы адамгершілікті мәдени мұраларын қалдырған асқақ рухты, өр мінезді түркі бабалар үні санада жаңғырып болашаққа бағдар алары сөзсіз.

Түркілердің ғажайып фольклоры, поэзиясы, музыкасы өз кезеңінің тарихи оқиғалары мен қоғамдық өмірінің барлық қырсырын бейнелей алады. Болашақтағы рухани дамудың оңтайлы үлгілерін іздестіруде түркі ойшылдарының мұралары қайта байыпталып, жаңа көзқарастар тұрғысынан зерттелу нәтижесінде ұлттық өзіндік сананы, әлеуметте жаңа типтегі адами қатынастарды орнықтырудың тұғырлары ұсынылуы тиіс. Осыған орай Жоба авторлары түркілік философиялық ой-толғауларды зерделеуде жаңаша дүниетанымдық-әдіснамалық негіздемелерді ғылыми айналымға қосуға талпыныстар жасады. Жетілген өркениетті қоғамның ең басты көрсеткіші сапалы адамды қалыптастыруда түркі ойшылдарының адамды рухани жетілдіруге бағыттаған ойтұжырымдарынан аларымыз мол. Ал түркілік кезең философиялық ой-толғаулары адамының адамгершілік сапасын арттыруға өз үлесін қосатындығы зерттеу барысында дәйектелді.

Түркілердің ең негізгі ұғым концептерінің бірі – адам өмірінің өнегелі мазмұнының категориялық императиві ретіндегі «адамгершілік» ұғымы. Адамгершілік - адамдардың арасында ғана емес, әлеммен, табиғатпен және өзімен-өзі қатынас жасағанда да басшылыққа алынуы тиіс. Ұлы Дала кеңістігін ерекше құрмет тұту, табиғат аясымен үйлесімділікте болу түркілік діни сенімдерде жатыр. Әуелгіде «Қара Жер – Көк Аспан» болып құрылған әлемнің

тұтас бейнесі, құдайыланып «Ұмай Ана – Көк Тәңірі» деп рухтан-дырылды. Түркілердің табиғатты құрметтеуін білдіретін жердің тәңір иесі «Ұмай Ана» ұғымы, қазіргі кездегі «Табиғат Ана» деп аталатын этикалық-экологиялық үлгіге айналды. Тәңіршіл наным-сенімдегі түркілер Тәңірі, Ұмай, қасиетті жер-су жеңіс беріп тұрса ғана олардың қағандары таққа отыратынына сенімді болды. Ал қағанды Тәңірі жарылқап, қаған дәрежесіне көтеруі үшін оның «құты» болу керек деп түсінді.

Түркілер апайтөс Ұлы Далада мәдениет мәйегінен жеміс көріп, өркениет ошағын құрған төлтума қасиетін сақтап қалған бірден-бір ұлт. Батыс пен Шығыс елдері арасындағы адам аралық қарым-қатынастың, тауар алмасудың, капиталдың, көлік және қонақжайлылық пен қызмет көрсету мәдениетінің ырғақты қозғалысының ережесін жасады. Өздерінің еркін, ашық, қонақжай, жомарт қатарлы оңды да оңтайлы қасиеттері арқылы Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда мәдениеті тетіктерін жетілдіруге зор үлесін қосты. Түркілердің этномәдениетін мұқият зерделеген Л.Н. Гумилевтің: «түріктердің қоғамдық тұрмысы мен әлеуметтік институттарының маңызы зор: ел, елшілік-тәсіпхтық жүйе, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоятын мұқият әзірленген дүниетанымның болғаны таң қалдырмай қоймайды», – деген пайымдаулары ұлы Қағанаттар құрған түркілердің ұлттық сана мен мәңгілік ел болудың іргетасы сонау түркілік кезеңнен де ертеректе қалыптасқандығының айғағы [1, 86 б.]. Осындай мызғымастай берік те бекем орныққан түркілік дәстүрлердің діңгегі теңселсе де, қазіргі кезге дейін өзінің түпқазығынан ажырамай сақталып келді. Ғалымдар осы өміршендіктің сырын, олардың шаруашылық тәсілі мен өркениет түрінің өзгеріссіз калуында деген ойға тоқталады. Бұл пікір мақұлдауға тұрарлық.

Түріктердің VI–VIII ғасырлардағы тарихы мен тағдыры «Күлтегін» (Үлкен жазу) тас ескерткішінде баяндалған. Жырда Иоллығ-тегін: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған, адам баласы үстіне ата тегім Бумын Қаған, Істеми қаған отырған, отырып, түрік халқының ел жұртын қалыптастырған, иелік еткен. ... Басы барды

идірдiк, тiзесi барды бiктiрдiк» [2, 43,46 бб.], – деген салтанатты мiлiмдемелерi қазiргi Қытай қорғанынан бастап Жерорта теңiзiне дейiнгi аралықтағы, бiр-бiрiмен аудармашысыз-ақ тiсiнiсе алатын қырыққа тарта тiркi тiлдес ұлт өкiлдерiнiң рухын көтерiп, мақтаныш сезiмдерiн тудырды. Күлтегiн жырының негiзгi мақсаты мен идеясы: тiркiлердi ел мен жердi қорғауда, сыртқы жауларымен шайқаста ауызбiршiлiкте болып, ата-баба дәстiрлерiнен айрылып қалмауға үндейдi. Ең бастысы тiркiлер қытайлардың тәттi сөздерi мен алтын, күмiс, iшiмдiк пен астық, жiбектерiне қызығып кетiп өздерiнiң тәуелсiздiктерiнен айрылып қалмауын басты қару ретiнде ұстанды. Н.Л. Гумилевтiң пайымдауынша, мұнда тек мемлекеттердiң күресi ғана емес, сонымен бiрге мәдениеттердiң де күресi, екi дүниетаным мен дүние тiсiнiктердiң күресi бар. Ұлы Дала өз манифесiмен қытай болмау, ол тек өзiнше болу құқын мiлiмдедi. Мұндай күрес тiптi хундық Модэ-шанью уақытынан берi қарай созылып келедi, бiрақ мұнда ол құжатта қисынды мазмұндалып жазылып қойылған. Қытайдың ырқына берiлмеу үшiн орасан зор күш-жiгер жұмсау керек болды, әне соны Құлтұғ, Тоныкөк, Күлтегiн және Иолығ-тегiн сықылды көк тiрiктер жүзеге асырды [1, 339 б.]. Тiркi елiнiң өсiп-өркендеуiне зор үлес қосқан, тiркiлер жайында мәңгiлiк мұра қалдырған Тоныкөк тұлғасынан өнеге аларлық тұстар аз емес. Тоныкөктiң қытайлардың көршi тiркiлермен қандай саясат ұстанатыны жөнiнде жақсы хабары болды. Тоныкөк ақыл-парасаты мен бiлiмдiлiгiнiң арқасында тiрiк жұртын бiрiктiру, дербес ел болуы жолында аянбай тер төктi.

Екiншi Шығыс Тiркi қағанаты әскерiнiң бас қолбасшысы «көк тiркiнiң көк семсерi» атанған Күлтегiн 731 жылы қайтыс болғанда төрткүл дүниенiң елшiлерi келiп тағзым еттi. Бұл оқиға VIII ғасырдағы тiркiлердiң көршi мемлекеттермен халықаралық қатынастары деңгейiнiң жоғары болғандығын көрсетедi. Күлтегiнге орнатылған ескерткiш тас адамгершiлiкке негiзделген тiркiлiк мәдениеттiң құндылығын және тiркiлiк философиялық-этикалық ойдың шындалуын паш еттi. Тiркiлердiң дәстiрлi этикалық ой парасаттылығынан хабар беретiн ескерткiштiң ғылыми көшiрмесi қазiргi Қазақстанның Астанасында Еуразия университетiнiң бас ғимаратының төрiнен орын алды. Тiркiлердiң рухани мәдениетi

терең дәстүрлі, алуан қырлы, көп деңгейлі құбылыс екендігін, «борыш», «жауапкершілік», «ізет», «тағзым» қатарлы қағидаттардың қатаң сақталуын талап ететін императивтерді ұстанғаны анық байқалады. Түркілерде туған жер, ата-баба бейіт-қорымдары, ел-жұрт қасиетті ұғым-түсініктер. Түркілер қайтыс болған бабалары рухын қатты құрметтеген. Оларда қайтыс болған алғы тектерінің рухтары ұрпақтарын үнемі желеп-жебеп отырады деген ұғым қалыптасқан. Тіптен қайтыс болған адамнан қалған киім-кешек, қару-жарақтары көздің қарашығындай сақталған. Кеңістік пен уақыттан тәуелсіз ата-баба аруағы өз ұрпақтарын қайғы-қасіреттен сақтап, алапат соғыстарда жеңіске жетуіне көмектесетіндігіне сенімдері күшті болды.

Бүкіл түркі халықтарына ортақ, аты аңызға айналған Қорқыт – VIII-IX ғасырларда оғыз-қыпшақ тайпаларының бірлігін нығайтушы қайраткер, ойшыл, жырау, сазгер, болашақты болжайтын сәуегей, бақсысы болды. Қорқытты толғандырған мәселелер – адам өмірінің мәні, мақсаты мен мұраты болды. Қорқыт туралы ел аузындағы аңыз-әфсаналарға зер салсақ, көріпкел-әулиенің айтқан нақыл сөздері әлі күнге халық жадында сақталуының сырына қанығамыз. Қорқыт ата өсиеті бізге дейінгілерге жол көрсетсе, қазіргі біздің замандастарымыз үшін маңызы одан да зор болып отыр, ал болашақ ұрпақтың мәңгі есте ұстар шамшырағы деуге болады. Ойшылдың: «Ат жемейтін ащы шөптің шыққаннан шықпағаны игі, адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі, атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың – туғанынан тумағаны игі. Көп қорқытады, терең батырады. Бас аман болса, бөрік табылады», – деген тұжырымдары мақалға айналған [3]. Жақсы мен жаман парығын заттың жаман қасиеті мен адамның кесірлі қылықтарын оралымды тілімен сипаттаған данагөйдің түйінді сөзі мақалға айналған. Тәлімдік-тәрбиелік мағынаға тола ойларда жастарға жігер беріп, отаншылдыққа тәрбиелеуде рухтандыратын үн жатыр. Қорқыттың этикалық ілімі, өлім мен мәңгілік, ізгілік пен зұлымдық, жарық пен қараңғылық күресетін болмыс дуализмі жайындағы философиялық ой-толғаулары қазақ дәстүрлі этикасының негізгі тақырыбына айналды. Белгілі философ М.С. Орынбеков: «Қорқыттың рухани мұрасында табиғатпен ете-

нелесу, өмір сүйгіштік пен тәкаппарлық бейнеленген», – деп сипаттайды [4].

Қорқыт туған елі мен жерін сыртқы жаулардан қорғаған батырлардың ерлігі мен адамгершілік қасиеттерін өз шығармашылығы арқылы өрнектеді. Онда зұлымдық пен ізгіліктің күресі барысында әділдікпен әділетсіздік, жақсылықпен жамандық, опасыздық пен уәдеде тұру сияқты қарама қарсы мағынадағы этикалық категориялар зерделенді. Қорқыттың түркілер арасындағы өнегелі өмірді қалыптастыратын өсиетнамасы: «Қара есектің басына жүген таққанмен – тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанмен – бәйбіше болмас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Сайдың шөбін жекен білер, түздің шөбін бөкен білер» [3 б.]. Он ғасыр бұрын айтылған Қорқыт ата өсиеті бүгінгі ұрпақ үшін де өзектілігін жойған жоқ. Мәңгілік елмен бірге жасай беретіндігінің айғағы. Түркілердің қастерлі қасиеттерінің сақталуын Б. Өгел: «Түрік тарихы түрік қауымдары мен түрік ұлтының біртұтас өмір хикаясы болып табылады. Мемлекеттер құлап, жаңасы құрылып жата береді. Ал мызғымай жалғаса берері түрік ұлты мен түрік қауымдары және олардың санасында сақталар қастерлі ұғым-түсініктері болса керек. Түрік мемлекетінің ұйытқысы «отбасы – шаңырақ», шаңырақ шайқалып бұзылмаса, бұл ұғым-түсінікте одан әрі жалғасып отырады», – деп жазды [5]. Адам бойындағы этикалық бастаулар жанұяда қалыптасады. Дүниеге әкелген ата-ананы сыйлау. Ата-ананың баласына деген мейірбандығы. Жанұя мүшелерінің өзара махаббатына негізделген адамгершілікті қарым-қатынастар ру арасындағы сыйластыққа ұласады.

Халықтың дүниетанымы әрдайым оның адамгершіліктік идеалдарында көрініс тауып отырған. Қорқыттың шығармашыл әлемі – оның ойшыл даналығымен, көш бастаушы көсемдігімен, бақсылығымен шектелген жоқ. Оның жасампаз әлеуеті алғашқы қобызды жасап, күй шалу дәстүрін орнықтырды. Қорқыттың жасампаз да шығармашыл болмысының өзі, бүкіл ежелгі түркілік мәдениеттің өзіндік төлтумалығын айқындайды. Қорқыттың әмбебап шығармашылығы батырлық пен әсемдік, нәзіктік, сұлулық

қобыздың сарынымен үндестік тапқан. Қазақтар арасында Қорқыт күйлерін күні бүгінге дейін қобызда «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Кілем жайған», «Тәңір күйі», «Көк бұқа», «Қорқыттың елмен қоштасуы» «Башпай» байырғы сарынымен тартылып жүр. Қорқыт күйлерінің қазіргі қазақтардың рухани игілігіне айналуының өзі ұрпақтар арасындағы желісі үзілмеген сабақтастықтың айғағы. Заманалар көшінің әуен-саздарымен қоса бағзыдан тартқан бақсы сарындары қобыз күйлері эстетикалық талғамды тыңдаушысын ғасырлар қойнауындағы ғажайып әлемге жетелері сөзсіз.

Енді осы Қорқыт бабамыз есімімен қатар жүретін, ежелгі түркілердің музыкалық мәдениетінің жұрнағы болған қобыз аспабының қазіргі қазақ музыка әлеміндегі орны қалай сақталуда? «Қобыз үніне құлақ түрсек» атты мақалада С. Ақатайдың ғасырлар тоғысындағы көне мәдени мұралар қатарында қобыз тарту да бір кездері тоқырауға ұшырап, қобыз үні өзінің табиғи қалпынан ауытқуда деген алаңдаушылығы, Қорқыт атадан қалған мұра қобызға деген зор ықыластан туындаса керек. Зерттеушінің пікірінше сахараға мұсылман дінінің қанат жаюы қобызды бақсылар тұтынатын аспаб дәрежесіне түсірген. Сол кезден бастап қобыз ақырындап көпшілік арасынан ығыстырыла да бастайды. Қобыз адамзат зәу-заты үшін өзінің «меншік» белгілерімен, қасиетімен, «боз інгеннің бүлкіліне» ұқсас үнімен қымбат [6]. Қазақ мәдениетін төлтумалығынан айырған осындай себептерді қазақ халқының поэзиясының өзгерістерге ұшырауы жайындағы Ш. Уәлиханов аңғарған себептермен астасып жатқандығын аңғаруға болады. «Едіге» жыры XIV ғасыр соңындағы оқиғаларға қатысты, бірақ XV ғасыр басында құрастырылған. Бұл жыр дастандағы ескі сөздер мен сөз тіркестері құбылысынан байқалады. Ондай сөздер мен сөз тіркестері қазіргі тілде жоқ. Ең бір таңқаларлық жай, бүкіл жырда бірде-бір парсы, араб сөзі кездеспейді. Мұсылман дінінің қанат жаюы салдарынан, қазіргі, күнделікті сөйлеу тіліміздің өзінде парсы, араб сөздері қаптап кетті. Соңғы кезде, менің дала кезген кезімде жыр поэзиясының қалыс қалып бара жатқанын байқауға болады. Жырдың бар болмысы, қобыздың өзі сияқты, тек бақсылар иелігіне айналды. ... Жыр болмысының негізі мен

кобыз тарту, өнердегі сәндік үлгіден, атакты Жанақ жырау өлгелі, шеттей бастағанын ашық айту керек [7]. Жұртшылық арасында қазақ халқының дәстүрлі жыр-дастандары айтылмай, оны білетіндердің де азайып бара жатқандығы жаңа діни сеніммен байланысты еді. Шоқандай талғампаз, ғұлама-ғалым қазақтардың дәстүрлі құндылықтары ығыстырылып бара жатқандығын, сонымен бірге жастарды патриотизм мен отансүйгіштікке тәрбиелеген поэтикалық жырларды сақтап қалуға талпыныс жасайды.

Түркі философиялық ой-толғаулары өзіне тән өзгеше үлгіде және мазмұны жағынан да өзіндік ерекшелікке ие. Өйткені түркі халықтарына ойдың негізгі түйінін поэтикалық түрде тұжырымдау тән болды. Осы негізде олар философиялық пайымдауларын, әдеби мұраларын жасады. Түркілер дүние түсінігінде *әдептілік, сыпайылық, ибалық, қырмызылық, бекзаттық* сияқты этикалық ұғым-түсініктер өзін берік бекіткен болатын.

Халықтың дүниетанымы әрдайым оның адамгершіліктік идеалдарында көрініс тауып отырады. Жетілген өркениетті қоғамның ең басты көрсеткіші сапалы адам. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда түркілік кезеңнің философиялық ой-толғаулары адамының адамгершілік сапасын арттыруға өз үлесін қосады деп толықтай айта аламыз.

Көтеріліп отырған мәселелердің бірегейі, қазақтың кісілік келбетінің қалыптасуына келіп тіреледі. Көшпелі өмір салты орныққан, өзіндік кісілік бітім-болмысы толысқан дала жұрты сырттан таңылған кез-келген жаңалықты қабылдай салмаған. Өте талғампаздықпен сүзгіден өткізіп отырған. Ш. Уәлиханов бұл үдерісті «Сахарадағы мұсылмандық туралы» еңбегінде мұсылмандық әлі де қазақтардың «сүйегі мен қанына» сіңбеген деп атап көрсетеді. Ислам таралуы барысындағы халықтың ежелден қалыптасқан сән-салтанатты өмір салтының кейбір элементтерінің ығыстырылуына, қазақтардың той-томалақ кезіндегі ойын-сауық құруын сайтандық деп тану, халықтық аңыз, ертегі, заң және сот әдет-ғұрыптарына ислам қағидаларын жөнсіз енгізуді де қаламағаны байқалады. Өз ұлтын өркениетті ұлттар қатарына қосуды көкसेген ағартушы-ғалым үкіметтен кез-келген білімге қастандықпен қарайтын дінге қамқорлық жаса-

мауын, сондай-ақ құдайға сиынуды үрей мен таяққа негізделген заңдарды сахараға енгізбеуін талап еткен [8, 198 б.]. Бұл пікірлер діни сенім бостандығына деген көзқарастардан туындаған еді. Ал қазіргі кезде әлемде мұсылмандарының басым бөлігі ұстанатын дәстүрлі Ханафи мазхабының іргесін қалаған имам Ағзам Әбу Ханифа ілімінде ислам дінін қабылдаған жергілікті халықтардың салт-дәстүріне баса мән берілді. Құран үкімдерінде, хадистерде, ислам ғұламаларының пәтуасында қарастырылмаған қандай да бір жағдайға қатысты жергілікті халықтың әдет-ғұрпы арқылы шешім берілген болса, сол әдет пәтуа ретінде қабылданады. Кең байтақ қазақ даласына өз діндерін таратуға ұмтылған кез-келген миссионерлік іс-әрекет оларды қабылдаушы ортаның самарқаулығына тап болғаны белгілі.

Орта ғасырларда түркілік рухани әлем өздеріне дейінгі мәдени мұраның қордаланған бай тәжірибесін байыптап, философиялық ой-кешудің алғашқы тұжырымдамаларын шығармашылықпен жүзеге асыра бастады. Түркі әлемінің дәстүрлі дүниетанымдық негізде қалыптасқан жыр-дастандары басқаша реңде түрленіп, сопылық ағымдағы философиялық еңбектер пайда болды. Түркілік философияда терең дүниетанымдық түсініктер қалыптасып, ислам діні адамгершілік тұғырлардың биіктей түсуіне, мәдени жетілдірулерге ықпал етті. Араб, парсы классикалық туындылары түркі халықтарының рухани кеңістігінде сенім мен білім көкжиегін кеңейтуге жол ашып, ислам діні сахара жұртшылығының араб жазуын игеруіне де игі әсерін тигізді. Адам тіршілігінің философиясы, этика мен эстетикасы жаңғыртылған түрге енді, түрік тілінде этикалық-дидактикалық, ғылыми-танымдық, философиялық еңбектер жазылды. Ислам мәдениеті жайылған Ұлы Дала елінің сәулеті, әдебиеті, ғылымы, музыкасы мен қала құрылысы өнері қайта құрулар нәтижесінде басқаша реңкте қайта жаңғырды. Ислам діні тарала бастаған кездері көне түркі жазуларының орнын араб жазулары алмастырды. Араб және парсы әдебиеті қазақтың лингвистикалық кеңістігінде жиырма пайыздан асып барады деген тіл білімі ғалымдарының көрсеткішіне назар салсақ, қазақтар ол сөздерді талғамсыз қабылдай бермеген. Жаңадан енген сөздердің дені категориялық ұғымдар болып табылады. Мәселен адам –

араб сөзі. Түркілерде ол – кісі деп аталады. Саясат, мәдениет, кемел, шапағат, мұғалім – деген сөздер де ислам арқылы еніп сөз қорымызды толықтырған ұғым-түсініктер.

Ислам дінін түркілер арасында таратуда ерекше тәсілдер қолданылды. Ұлы Дала тұрғындарының ежелгі әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, халықтың табиғи-ұлттық ерекшелігіне нұсқан келтірген жоқ. Ислам ілімі өзі тараған аймақтарында игі істерді жүзеге асыруының нәтижесінде нығая түсті. Оны орта ғасырлардағы Қазақстан жерінде сәулет өнерінің тамаша ескерткіштерінің бой түзеуінен көруге болады. Фараб, Отырар, Испиджаб, Алмалық, Тараз, Бұхара, Шаш, Сығанақ, Баласағұн, Қашғар сияқты жүзден аса қала сылаңдап сайын дала көркіне айналды. Қарахан мемлекетінде қалалық мәдениет өркен жайды. Қазіргі кезге дейін жеткен Айша биі, Алаша хан Күмбезі, Әулие Ата Мазары сәулет өнерінің тамаша ескерткіші. Рухани өмірде мұсылмандық дін арқылы ислам құндылықтары да орныға түскендігі байқалады. Қазақстан аумағында мешіттер мен медреселер, мектептер салынып, мұсылмандардың игілігі үшін қызмет ете бастады. Ғылым, білімді игерген жастар өнегелі тұлғаға айналды. Түркілердің дүниетанымы, дүние түсінігі, таным көкжиегі кеңейді. Діни сананың жаңғыруы арқасында бірте-бірте мұсылмандық дүниетанымның негізгі ұғымдары мен қағидаттары мойындалып, рухани өмір мазмұны жағынан кемелдене бастады. Ислам діні адамдардың діни санасы мен ақыл-ойына зор әсерін тигізді. Мұсылман адамның жаңа бейнесі халықтың көңілінен шықты. Мұсылман адам өзінің өнегелі өмірі мен адамгершілікті қасиеті арқылы нағыз қоғамды біріктіруші күшке айналды.

Түркілік кезеңдегі ойшылдардың шығармашылығының дені этикалық-моральдік, адамгершілік мәселелеріне арналған. Түркі ғұламалары адамзатты ізгілікке баулыды. XI ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын, аса ірі мемлекет қайраткері, философ Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атта шығармасы түркі халықтарының тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық еңбек. Зерттеушілер бұл туындыны Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарды деп ұйғарды. Онда жетілген қоғам орнатудың әлеуметтік мәселелерін дүниетанымдық тұрғыдан шешуге тал-

пыныс жасалған. Өйткені бұл еңбекте мемлекеттегі жоғарыдан бастап төменге дейінгі әлеуметтік топтардың мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқығы мен міндеті қандай болуы қажет екендігі баяндалады. Алдымен ел басқарушысының бойынан табылар қасиеттерге: ұшан-теңіз ақыл-парасат, түзу ниет, білімді, өнерлі, шешен, жомарт, кең пейілділік, жарқын жүзділік, кекшіл болмауды жатқызады. Ел билеушіге барынша жоғары талаптар қояды.

Ал мемлекеттің елшісі бойынан: көріктілік, зеректік, жат-жұрттықтардың тілдерін меңгерген шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы, түс жорып білетін, музыкаға бейімділікті талап етеді. Адамдардың мейірімділігі мен зұлымдығының табиғаты туа бітетіндігі және қалыптасатындығы жайлы Ж. Баласағұнның ой-толғауларында, шығыс перипатетиктерінің қоғамдық орта мен тәрбиенің адам мінезін өзгертетіні туралы әлеуметтік тұрғыдағы дәлелдері мен алдын-ала анықталады дейтін діни идея жатқандығы байқалады. Алайда Жүсіп Хас Хиджабтың адамгершілік тұжырымдамасының философиялық мәні мен мағынасы: жақсы адамның аты – мәңгі өлмей артында қалдырған шапағаты, оған деген құрмет деген даналықпен астасып жатыр. Түркілік кезеңдегі әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі адамгершілікті парадигмаларды үнемі жаңғыртып отыру қажеттілігі бүгінгі таңдағы ұлттық келбетті, ұлттық болмыс пен мәдени төлтумалықты сақтаудың кепілі. Қоғамдағы кесірлі, теріс пиғылдардың өрбуіне әр адам өзін жетілдіруі арқылы, ізгілікті қасиеттерді бойына сіңіру арқылы қарсы тұра алады.

Қарахан әулеті билік құрған кезеңінде өзінің мемлекеттік ел басқару жүйесін нығайта бастайды. Елдің билік басында Қара-Бограхан отырды. Ол өзінің әділдігі, тазалығы, батырлығына қоса адамгершілікті қасиетімен және білімділігімен халық арасында зор беделге ие болған хан. Қарахан мемлекетінің осындай соғыссыз, бейбіт өмір сүрген кезеңінде рухани дербес шақтарында Ж. Баласағұн өзінің атақты шығармасын Қара-Бограханға тарту еткен. Еңбекті жоғары бағалаған хан Жүсіпті «Ұлы Хас Хажыб» – хан сарайының бас кеңесшісі, бас уәзірі етіп тағайындайды. Бұл лауазымның атқаруына – мемлекет заңдары мен елдің әдет-

ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалау, сонымен қатар сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан әмір беру қатарлы қызметтер жатқызылды. Шетелдік елшілерді қабылдап, шығарып салу, ресми түрдегі жиындардың өтуін қадағалау. Кедей адамдар мен жетім-жесірлердің арызын ханға жеткізумен айналысу. Зерттеушілер бұл шығарманың Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарғандығына тоқталады. Шығармада жетілген қоғам орнатудың әлеуметтік-этикалық мәселелерін дүниетанымдық тұрғыдан шешуге талпыныс жасалған. Өйткені бұл еңбекте мемлекеттегі жоғарыдан бастап төменге дейінгі әлеуметтік топтардың мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқығы мен міндеті қандай болуы қажет екендігі баяндалады. Алдымен ел басқарушысының бойынан табылар қасиеттерге: ұшан-теңіз ақыл-парасат, түзу ниет, білімді, өнерлі, шешен, жомарт, кең пейілділік, жарқын жүзділік, кекшіл болмауды жатқызады. Ел билеушіге барынша жоғары талаптар қояды. Мемлекеттің гүлденуі мен халқының бақытқа кенелуі ел билеушінің өте зеректігі мен іскерлігіне байланысты деп топшылайды. Дастанда ел билеушінің бойынан табылуы тиіс қасиеттерді:

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,
Бектің аты бар жаһанға тараса,
Күн-күн сайын құты артса тамаша.
Бектік үшін туған олар анадан,
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған
Бектің ісі, тек бектердің еншісі –
Бектер ісін ұғар бекке тең кісі.
Бек халықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер.
Бек дегенің білікпенен берік тұр
Білік кетсе, бек қалады – желік құр [9, 215 б.].

Ел билеушінің этикалық-адамгершілікті тұғырлары: парасаттылық, ізгілік, қайырымдылық болуға тиіс. Ал мемлекеттің елшісі бойынан: көріктілік, зеректік, жат-жұрттықтардың тілдерін меңгерген шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы, түс жорып білетін, музыкаға бейімділікті талап етеді. Түркілік этикалық

ойдың негізгі қарастырған мәселелерінің бірі «бақыт» туралы ұғым. Жүсіп пікірінше, «Кім бақытты? Жомарт бақытты, Мәрт бақытты, Басқаларға бақыт берген адамның өзіне де бақыт тиесі. Құлқы пәк, қылығы ізгі бектердің көрген күні де сүйінішті, рахымды. Жаратушы кімге ізгі құлық берсе, сол құлқымен жөн-жосық келер, сол құлқымен көгеріп, көктер. Бақ адамның құлқына бұйыра» [10, 180 б.]. Жүсіп пайымдауында адамға бақ, дәулет, құт оны қадірлей алмаса тұрақтамайды. Бақытты болсам, дәулетті болсам, құт қонса екен үйіме деп армандамайтын адам жоқ. Бірақ бұл игіліктер ойшылдың топшылауында қасиетті адамға қонады. «кісіге екі дүниедегі пайдалы [нәрсе], ізгі іс немесе мінезі түзулік, екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік, бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады, үшеуі біріксе сүйініш болды [де] ... » [10, 107 б.].

Сондықтан жан тазалығы, ар тазалығы алдыңғы орынға шығуы тиіс. Ойшыл адамзаттың мәңгілік философиялық мәселелері болып табылатын қанағат, ынсап, дүниеқұмарлық, ашкөздік, тойымсыздық қатарлы ұғым түсініктерге тоқталады. Ашкөзден бе, ұятты ойла, адал бол, Ашық айтып, әділ іске жарар бол! Мешкей тынып, сұғанақ көз, тояр ма? Ашкөзділер жаһанды жеп, тояр ма? Мемлекет қызметіндегі шенеуніктерді парақорлықтан ада болуға шақырады. Бүгінгі ашкөздік жайлаған қоғамда осы парақорлық өршіп, өз шегіне жеткендігін «қасіретті қаңтар оқиғасы көрсетіп отыр.

Адамдардың мейірімділігі мен зұлымдығының табиғаты туа бітетіндігі және қалыптасатындығы жайлы Ж. Баласағұнның ой-толғауларында, шығыс перипатетиктерінің қоғамдық орта мен тәрбиенің адам мінезін өзгертетіні туралы әлеуметтік тұрғыдағы дәлелдері мен алдын-ала анықталады дейтін діни идея жатқандығы байқалады. Алайда Жүсіп Хас Хиджабтың этикалық тұжырымдамасының философиялық мәні мен мағынасы: жақсы адамның аты – мәңгі өлмей артында қалдырған шапағаты, оған деген құрмет деген даналықпен астасып жатыр. Түркі ойшылының қазір де ұрпақтарының рухани жетілуіне атсалысып жатқандығының айғағы.

XI ғасырдағы түркілік әдебиеттің үлгісін жасаған ірі ғалым, лингвист, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, географ

М. Қашқари түркі халықтарының рухани мұрасының ұлы ескерткішін жасады. Махмут Қашқаридің «Диуан-и лұғат-ат-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты энциклопедиялық еңбегі ана тіліне деген зор махаббаттан туындаған. Түркі халықтарының бағзы замандардан көрген-білгендерін баяндайтын бәйіт-жырлары мен қайғылы және қуанышты күндерінде айтатын терең мағыналы мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірді. М. Қашғари түркілер санасына ислам құндылықтарын сіңіру арқылы өмір салтын бір үлгіге салуды көздейді. XI ғасырдың ұлы түркітанушысы өзінің өмір сүрген тұсында Шығыс Түркістан мен Орта Азияда түркі және иран тілдері қатар өмір сүргендігін, қос тілді орта орныққанын баян етеді. Бұл еңбекте түркілердің дүниетанымы, дүние түсінігі, өмірлік қағидаттары мен адамгершілік-этикалық құндылықтары жөнінде кеңінен мағлұматтар берілген. Түркілік кезеңінде жазылған туындыда діни ұғым түсініктер көбінесе түрікше терминдермен беріледі. Алла – Тәңір, Алланың сипатын «уған», «Байан» («күдіретті») деген мағынада қолданады. Философияның мәңгілік мәселесінің бірі адам табиғаты, мәні неде деген сұраққа, адамның рухани кемелденуі деп жауап береді.

Ол өзінің атақты еңбегін келесідей сөздермен бастаған: «Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды «түрік» деп атады. Әрі оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді эзіз қылды, әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады. ... Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие» [10, 30 б.]. Бұл ойлардан атақты ғұлама ғалымның халқына деген шексіз махаббаты, әрі өзі көз жеткізіп, ұзақ зерттеп, зерделеген ақиқат деп білеміз.

«Диуани лұғат ат-түрк» XI ғасырдағы түрік тайпаларының өмірі, олардың мәдениеті, тұрмысы, этнонимі мен топонимі, руға бөлінуі, туыстық терминдері, түрлі қызмет дәрежесіне сай атта-

ры, ас ішу мәзірі, қалалар мен ауылдар жайлы, әскери, спорттық және әкімшілік терминологиясы, діни және этикалық ұғымдары, балалар ойындары және т.б. жайында ақпарат беретін маңызды дереккөз болып табылады [11]. Сөздікте сондай-ақ ежелгі түркілердің философиялық-этикалық ой-пікірлері ашылған. Сол кездегі қоғамның моральдық бет-бейнесі қарастырылып, этикалық ұғымдар жүйесі талданған. Әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік жайлы ғалымның жан-жақты ой-түйіндері жақсылық, қайырымдылық, теңдік, достық, әділеттілік, бауырмашылық, құрметтеушілік ұғымдары арқылы дәйектелген. Махмұт Қашқаридің ойынша ең жоғарға құндылық – адамның өзі. Сондықтан да адам аралық қатынастарда қатыгездікке жол бермей, ізгілікті қатынастарға үндейді. Өзара келісім мен мәмледе болуды қалаған ізгі ниетті зерттеуші-ғалым қоғамдағы кез-келген түйткілді мәселелерді бейбіт жолмен, қантөгіссіз шешуге ұсыныстар жасаған. Ал өмір жайлы толғаныстарында адал еңбек пен жоғары адамгершілік мұраттар өмірді мәнді етеді деп түсінеді. Осы дүниедегі үлгілі істері арқылы адам өз атын мәңгіге қалдырады деген ойлары, түркі ойшылдары пікірлерімен астасып жатыр.

Түркі тілінің сөздігін жасаған энциклопедист-ғалымның ойды жинақы сөзбен жеткізеді. Әрқашан адам жақсы сөйлеуге әдеттенгені жақсы, өйткені жылы сөз жүрекке тез ұялайды. Сөз саптаудан адамның сыпайлығы, білімділігі көрінеді. Қазақтың «Таспен атқанды, аспен ат» деген сөзін, түркі ойшылы сөздігіндегі «Су бермегенге, сүт бер» [12, 49 б.] – деген мақалмен үндестігі көрсеткендей, жамандыққа да жақсылықпен жауап беруге үндейді

Махмұт Қашқари білім бақытты болудың шарты, бірақ оны игеру жолының қиын да ұзақ екендігін баса көрсетеді.

Парасатпен жалықпастан үйренсең зор білімді,
Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырынды.
Білімдінің қасына бар күнде, балам, ерінбей,
Төмен тұрып үйрен толық тәкаппар боп көрінбей...
Махаббаттың мейіріне нәзік жаның иеді,
Оның ыстық теңізіне бойың балқып күйеді.
Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді [12, 43, 55 бб.]

Халықтың төл әдеби-мәдени туындыларының адамға жоғары деңгейде әсер ету күші арқылы тарих қойнауынан үн қатуы, оның қазіргі және болашақ ұрпақтың рухын оятарлық әлеуетін дәйектейді. Қазақ философиясының аясы көне рухани мұраларды зерттеп-зерделеу нәтижесінде әлі де қарқынды түрде кеңі түсері сөзсіз. Ұлттық ділдің арқауы түркілік рухани құндылықтардың дүниетанымдық қырларын зерделеу, қазіргі жаңа Қазақстанның рухани кеңістігін қалыптастыруда өзінің өзектілігімен алға шығуда. Сонымен қатар тарихи сананың үнемі жаңғырып отыруының көрінісі. Сондықтан еліміздің мәдениеті мен руханиятының барлық салаларында рухтандырушы екпінге айналуы тиіс.

Ал түркілік рухани құндылықтар қазіргі қоғамның жаңаруы жағдайында ұлттық код пен ментальдылыққа негізделген іргетасы болып табылады. Өйткені түркілік ой-толғаулардың идеялық негізін құрайтын: адалдық, әділдік, уәдеге беріктік, намысшылдық қатарлы рухани-мәдени философиялық құндылықтар солғын тартқан қазақтың өзіндік санасының архетиптерін оятуға әсер етері сөзсіз. Сондықтан түркілік ой жауһарларын философиялық тұрғыдан талдау, оның этикалық, эстетикалық қырларын ашу – бұл ұлттық түп тамырдан тарқатылған рухани әлемді танып қана қоймай, болашаққа бағдар ретінде тиянақ болатын негіз деп білеміз. Түркілік рухани құндылықтарды жаңғыртудың мақсаты ұлттық өзіндік санасы мен намысын ояту.

Әдебиеттер

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы. 1990. – 328 б.
3. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / орыс тілінен аударған Ө. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.
4. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Арқаим», 2001. – 368 с.
5. Өгел Б. Ұлы Хұн империясының тарихы. 1. Т.– Алматы: ТОО «ХАНТ», 1996. – 368 б.
6. Ақатай С.Н. Сырты күміс, іші алты: мәдени-этникалық мақалалар. Қайта басылған. – Алматы, 2011. – 404 б., 12 ж.б.

7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
8. Ш.Ш. Уәлиханов Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1961, I том, 777 б.
9. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
10. Егеубаев А. Жүсіп Баласағұн. – Алматы: Арда, 2005. – 311 б.
11. Кононов А.Н. Махмуд Кашгари и его «Диван лугат ат-тюрк» // Советская тюркология. – ку. – 1972. – № 1. – С.12.
12. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ат түрік). – Алматы, 1993. – 345 б.

1.5. Түркі-қазақ философиялық ойының контекстіндегі рухани құндылықтар (Кельдинова А.Б.)

Қазақ философиясы – түркі философиясының бір құрамдас бөлігі бола отырып, бүгінгі күнге дейін өзекті болып келе жатқан бірқатар рухани құндылықтарды, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды бойына сіңірді. Түркі халықтардың мәдениеті өзінің жеке басын жоғалтпай, үнемі өзгерістер мен қайта құру жағдайында болды. Көшпенділер тұрақты қозғалыста бола отырып, өмірді оның өзгермелілігі мен тұрақсыздығында сезінді, бұл тұрмыста, сенім, сана, дәстүр, нанымда көрініс тапты. Көшпенділер материалдық құндылықтарға аса мән бермеген. Олар үшін адамгершілік құндылықтар мен рухани әлем маңызды екенін атап өткен маңызды. Кең мағынада, «құндылық – бұл өркениет жағдайында қалыптасқан және адамдар тікелей бастан кешіретін, олардың мәдениеттің әмбебап үлгілеріне және әр адамның болашақты жобалау, басқаша бағалау және өткенді есте сақтау қабілетіне байланысты болатын шекті мүмкіндіктерге деген көзқарасының формасы» [1].

Қазақ философиясының өз бастауын түркі философиядан алатыны сөзсіз. Бұл ретте түркі-қазақ философиясы гуманистік мазмұнға толы болды, адамның басқа адамға құрметпен, қонақжайлылықпен қарым-қатынасына негізделген, өзімшіл индивидуализмнен және әлем мен адамға тұтынушылық көзқарастан айырылған тұрақты рухани-адамгершілік ұғымдар да осыдан сақталған. Онда әлем мен адамның бірлігі, оның табиғи әлеммен

және басқа адамдармен толерантты және адамгершілік қатар өмір сүруі, табиғи ғаламды мейірімді қабылдау идеялары қазіргі заманға сай әр түрлі формада көрініс тапты.

Өз кезегінде, заманауи түркі-қазақ философиясы – бұл қоғамдық сананың ұлттық түрі, өмір мен ғылымның ортақ қағидаттары, адам мен әлем арасындағы өзара қарым-қатынас доктринасы, табиғаттың, қоғам мен дүниетанымның жалпы тәртібінің заңдары туралы ғылым саласы. Қазақ халқының даналығы саласында ол әлем мен адамның дүниетанымын дамытудың тарихи қалыптасқан жүйесін қамтиды.

Қазақ халқы жоғары құндылықтарға ұмтылған түркі халқы. Түркі халықтары үшін дәстүр – өмір мәдениетінің ажырамас бөлігі. Түркі халықтардың құндылықтары уақыт өте келе сөзсіз өзгеріске ұшырайды, ғалымдар оны әлеуметтік қайта құру деп атайды. Сонымен қатар, көптеген ғасырлар бойы сақталған құндылықтар да бар. Заман талабына сай, бастысы XIX ғасырға сәйкес келетін түркі-қазақ мәдениетіне ортақ кейбір салт-дәстүрлер, құндылықтар туралы сөз қозғайтын болсақ:

Қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлері бар, олар түркі бауырларынан беріліп, әлі де өз әлеуетін жоғалтпаған. Қазақстан аумағы-түркі халықтарының бесігі, сондықтан қазіргі қазақтарда түркі дәстүрлері белсенді қолданылады. Бұл үдерістің айқын бейнесі ретінде келесі мысалдарды келтіре аламыз: Біріншіден, бала шашты тәжге өсіріп, моншақтарды тоқып жатқанда, бұл жаман көзден және бүлінуден қорғайтын әдет ретінде саналған. Тарихта Наурызбай батырдың ұзын шаш өрімі болғандығы жазылған. Тағы да «ақ құйып шығару» дәстүрі бар. Қазақтар «ақ» деген сөзді сүт өнімдерін атайды, бұл дәстүр ежелгі көшпеліліктен бастау алып, қазақ халқының достығын көрсетеді. Алтыбақан ұлттық ойыны мен «төр», яғни сыйлы қонақты жоғары отырғызу салты бізге түріктерден жеткен.

Қазіргі кезеңдегі түркі дәстүрлерін қазақтың менталитетінде сақталуы өзекті феномен. Түркі мәдениеті құндылықтарының ерекшелігі – руханилыққа бет бұруы, ал мыңжылдық тарихтың арқасында орныққан дін, Құдай, ақиқат, Отанға деген сүйіспеншілік пен қызмет, әділдік, бостандық және басқа да рухани құндылықтар

біздің қазіргі қоғамымыз үшін де дәстүрлі болып қалған. Сонымен қатар, барлық түркі халықтарын ұлттық мәдениетті сақтауға деген ұмтылыс біріктіреді. Алайда қазақтар басқа түркі халықтарына қарағанда көшпелі өмір салтын ұзағырақ жалғастырған. Бұл қазіргі қазақ халқында қалыптасқан менталитетке әсер етті. Әрбір қазақ құрметті қонаққа дастархан жайуға әрдайым дайын екені бұның айқын көрінісі деп есептеуге болады.

Қазіргі қазақтар «ұят» сөзін жиі қолданады. Әрбір отбасы балалардың қадір-қасиетіне қамқорлық жасайды, ұстамдылық пен қарапайымдылықты сіңіреді. Мұндай тәрбие үлгісі балаларды ересек өмірге дайындап, нағыз «батырларды» өсіргісі келетін көптеген түркі халықтарға тән.

Қазақтар түркі халықтарымен туыстық байланысты сезінеді, сол себептен қазақтар мен түркі халықтарының басқа да өкілдері арасындағы некелер жиі кездеседі. Осыған түрткі болған – ортақ дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен діл. Көптеген әдет-ғұрыптар қазіргі заманға сай өзгерсе де, өз мәнін өзгерткен емес. Осы күнге дейін жеткен негізгі түркі-қазақ халқының рухани құндылықтары ретінде келесілерді көрсете аламыз:

Бостандық құндылығы. Ежелгі дәуірде кез келген қазақ отбасы көшпелі өмір салтын ұстанған. Бір күннің ішінде олар өз киіз үйлерін жинап, басқа ауылға немесе шексіз далаға аттанды. Бұл бостандық құндылықтарының бастау алған алғышарты деп түсінеміз.

Өзара көмек көрсету құндылығы. Егер біреуге көмек керек болса, бүкіл ауыл көмекке жүгінді. Қандай көмек болмасын – үй салу, тамақтандыру немесе жұттан кейін жаңа мал өсіру. Олар бәріне және әрқашан қол ұшын соза білген.

Қонақжайлылық құндылығы. Қазақ-түрік дәстүрлері мен салттарына сай, кез келген саяхатшы түнде келіп, жылы қарсы алынған.

Үлкендерге құрмет көрсету құндылығы. Оны ұрпақты байланыстыруға мүмкіндік беретін оң сапа деп айқындаймыз. Үлкендерге деген құрмет әрқашан қазақ халқында бірінші орында болды. Қазақтар әрдайым аға буынмен ақылдасып, дана сөзбен көмек сұрайды.

Сонымен қатар, қазақтарда рухани құндылықтар жүйесінде әрқашан отбасы мен туыстық маңызды орын алады. Барлық аталған құндылықтар бүгінгі күнге дейін сақталып, заманауи шындыққа бейімделді. Қазіргі Қазақстан – бірегей тарихы мен мәдениеті бар табысты көпұлтты мемлекет, тәуелсіздік алғаннан бері ол орнықты саяси жүйеге, қоғамдық тұрақтылыққа және этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімді жай-күйіне ие болды.

Дини құндылықтар тақырыбына келетін болсақ, түркі-қазақ ойшылдарының аксиологиялық мәселелері исламмен, оның Құдайдың абсолюттігі және тұлғаны жетілдіру идеясымен тығыз байланысты болды. Кейбір дәстүрлер мен құндылықтар қазақ жеріне исламмен бірге келді. Мысалы, мұқтаж адамдарға көмек көрсетуді білдіретін «асар» деп аталатын дәстүр. Сондай-ақ, исламнан бастау алған және отбасылық құндылықтармен тығыз байланысты болып келетін – жерлеу дәстүрі. Жерлеу дәстүрі туралы айтқанда, қазақтар үлкен аумақтарды білдіретін көшпелі мал шаруашылығымен айналысқанын атап өту керек. Осыған байланысты ауылдар арасында едәуір үлкен қашықтық болды, жерлеу алдында үш күн күтті: бұл уақыт, оның ішінде алыс ауылдарда тұратын туыстардың уақытында келуі үшін қажет болды. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпаған.

Бейбітшілік құндылығын ислам да уағыздайды. Қазақ хандарын еске алатын болсақ, олар әрқашан бейбітшілік сүйгіш саясатын қолдаған. Тарихқа көз жүгіртсек, барлық қақтығыстар мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешілді. Әскерлер мәселенің басқа шешімі болмаған кезде ғана енгізілді. Бейбіт өмір сүру идеясы Қазақстанның сыртқы саясатында әлі күнге дейін көрініс табады. Оның айқын дәлелі – біз үлкен арсеналға ие болсақ та, ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан елміз.

Отандық философтар атап өткендей, Қазақстан жататын түркі мәдениетінің ой парадигмасы өз тарихының барысында ойлаудың табиғилығы және табиғатқа деген сүйіспеншілік, дәстүрлілік және әлеуметтік әдептілік, синкретизм, діндарлық сияқты сипатты қасиеттерімен ерекшеленді [2].

X ғасырдан бастап ислам түркі әлемінің дүниетанымдық қағидаттарының шешуші жүйесіне айналды. Оның бірден-бір

себебі – ислам өмірінің дүниетанымының қазақ халқының мәдени және құндылық діліне жақындығында деп түсіндіреміз. Мәселен, ақындар, жыраулар, билер тұлғасында қалыптасқан рухани-интеллектуалдық қасиеттерінің барлығы дерлік исламмен байланысты болды. Әдетте, дін білгірлері, ислам өркениетінің даласында білімді және толық құқықты өкілдері болып табылды. Яссауи мен Асан Қайғыдан бастап Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіпке дейін қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдері ислам руханиятының өкілдері болған [3].

Екінші жағынан, ислам келгенге дейін де қазақ ділінде табиғи жолмен қалыптасқан құндылық бейімділігі Пайғамбардың ілімімен діни нормалар ретінде «бекітілген» деп айтуға болады. Ислам әдебиетіндегі мұндай «табиғи құндылықтар» әдетте «фитрат» деп аталады. Ой қорыта келе, әр дін өз тілінде адамдарға жалпыадамзаттық құндылықтарды жеткізеді, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын бекітеді, халықтардың ғасырлар бойғы рухани құндылықтарының қамқоршысы ретінде әрекет етеді. Онда ғасырлар бойы білім мен ағартушылықтың негізі болған идеалды бейнелер орын алады.

Көптеген философтар мен мәдениеттанушылардың пікірінше, ХХІ ғасыр көптеген факторларға байланысты түркі мәдениеті мен өркениетінің ғасырына айналуы мүмкін. Оған түрткі болатын үш негізді айқындасақ:

Біріншіден, жаһандану жағдайында қазіргі әлемдік өркениеттердің байланыс аймақтары ерекше мәнге ие болады. Түркі әлемі ислам, православие, Қытай және Батыс өркениеттерінің тоғысында орналасқан; ол қандай да бір жолмен олардың мәдениеттерінің ықпалында болады, бұл өз кезегінде айтарлықтай әсер етеді.

Екіншіден, жаңа тәуелсіз түркі мемлекеттерінде мәдени тамырларды жандандыру және әлемдік қауымдастыққа кіру қажеттілігіне байланысты құмарлықтың күшті заряды пайда болады. Ия, және Түркияда бұл заряд таусылған жоқ.

Үшіншіден, түркі философиясының дәстүрлі құндылықтары мен идеялары (толеранттылық, сөздің қасиеттілігі, ашықтық, дәстүрді құрметтеу, инновацияларға бейімділік, этикалық

бағдарлану, табиғатқа жақындық, экологиялық сана және басқалары) қазіргі әлемдік өркениеттің сұранысына ие болып отыр [4].

Түркі философиясы философиялық дәстүрде өмір сүруге толық құқылы және әлемдік тарихи-философиялық процесте ерекше орын алады. Оның дамуын белгілі бір кезеңділікті бөліп көрсетуге болады: ежелгі, ортағасырлық және қазіргі кезеңдегі түркі философиясы.

Қазақстандағы түркі руханияты мен философиясының зерттеу саласының айрықша ерекшелігі оның деректанулық базасының кеңеюі болды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының арқасында шет елдерде және Қазақстан елдерімен іргелес жатқан елдерде – Қытайда, Иранда, Монғолияда, Ресейде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жөнінде жаңа деректер іздеу жүзеге асырылды. Бағдарлама міндеттерін іске асыру барысында бұрын белгісіз дереккөздердің аудармалары жүзеге асырылды және бұрынғы еңбектердің ғылыми объективтілік және жанартылған дүниетанымдық парадигма тұрғысынан жаңа аудармалары жасалды, өткеннің мәдени құбылыстарын зерттеу ауқымы мен көлемі кеңейді. Біздің еліміздің ғалымдары түркі дәуірі мен тарихы туралы қазіргі заманғы білімді, түркілердің рухани тәжірибесін, сондай-ақ осы тұрғыдағы қазақ халқының мәдениетін байытатын жаңа дәлелдер мен себептерге ие болды. Олардың түркі халықтарының рухани байлығы туралы білімдерін арттыруға жаңа мүмкіндіктері пайда болды.

Қорытындылайтын болсақ, қазақ философиясы – табиғаты жағынан түркі, сипаты жағынан Еуразиялық болса керек. Сонымен бірге, ол әрқашан шындықты іздеу үдерісі, яғни өмірді оның тұтастығында ақылмен қамту сияқты сөздің тура мағынасында даналыққа ұмтыла береді. Қазақ философиясының ерекшелігі, ол адамдардың бойында Отанға, ата-бабалар жеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға ұмтылып, халықты патриотизм, табиғатқа, сыртқы әлемге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеген. Ал жоғары азаматтық және моральдық, сондай-ақ жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттері, философиялық рефлексия оның объектісі болды. Қазақ философиясына тән белгілер философиялық ойларды білдірудің ерекше формасы болып табылады. Оның негізгі

мәселелері: адамның, мораль мен адамгершіліктің, әлеуметтік әділеттілік пен идеалды қоғамның проблемалары, қазақ халқының болашағының мәселелері. Қазіргі жағдайда тарихтың әлі зерттелмеген беттерін ашып, философиялық дүниетанымды, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Сүлеймен Бақырғани сияқты ұлы ойшылдардың құнды мұраларын, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы философиялық ойларды, ағартушылық философиясын тереңірек зерттеу қажет деп ой қорыта аламыз.

Қазақтардың рухани әлемі

Қазіргі заман талабына сай тұлғаның рухани әлемінің қалыптасуы алдыңғы ұрпақтардың даму нәтижелеріне негізделген. Адамзат тарихы – бұл білім тарихы ғана емес, ол сонымен қатар бүкіл өмірлік процесі, ең алдымен адамның өзін-өзі қалыптастыру процесін қамтиды. Бұл процесс таныммен қатар тұлғаның моральдық тұрғыдан дамуын да қажет етеді. Бұл ретте Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы, олардың құндылықтар әлемін қалыптастыруға қосқан үлесі зор.

Қазақтың көрнекті ойшылдары Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында адамгершілік құндылықтарының рөлі, олардың ислам руханияты мен құндылықтарымен байланысы көрініс тапқан. Абайдан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлы исламның діни ілімін, ағартушылықты және жасампаз еңбекке деген ұмтылысты адамның адамгершілікке қайта өрлеу құралы ретінде қарастырды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзін діни философ ретінде орнықтыра отырып, сопылықтың негізгі құндылықтық идеяларын келешек ұрпаққа даналық етті.

Абай Құнанбайұлының моральдық философиясының басты мәселесі -адамның рухани жаңаруы және адамгершілік-этикалық мәселелер. Абай Құнанбайұлы адамды Құдайдың шығармашылық қызметінің, оның даналығы мен адамға деген сүйіспеншілігінің нәтижесі ретінде қарастырады. Абай Құнанбайұлы адамды, ең алдымен, адамгершілік табиғатпен емес, сеніммен анықталатын

рухани болмыс ретінде сипаттап, оны адам Құдайдан шыққан тіршілік иесі деп түсіндіреді.

Егер Абай Құнанбайұлы ақиқат пен жақсылыққа қызмет етуді шынайы сенім деп түсінсе, онда философ адамның ақыл-ойы мен практикалық іс-әрекетін рухани құндылықтарға басымдық беру деп санайды. Сондықтан ойшылдың пікірінше, адам өміріндегі ең бастысы – жан мен жанашыр жүрек екенін, олардың адамды жетелейтін нағыз рухани қасиеттер екенін толық сеніммен айтады.

Абай Құнанбайұлы шығармашылығының танымал зерттеушісі М.С. Орынбековтың пікірінше, қазақ ойшылының руханият құрылымы үш элементтен тұрады: «Руханияттың үш элементінің бірінші орнында исламға деген сенім, содан кейін ғана махаббат пен ақыл орналасады» [5]. Мәселен, ойшылдың дүниетанымына сай, тек дін арқылы адам өз өмірінің жоғарғы мағынасына жақындайды, дәл осы жерде ар-ождан, ар-намыс және қадір-қасиет сияқты руханияттың атрибуттары да пайда болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық-этикалық ой-толғауларының мазмұнында Жаратушының және жанның өлмейтіндігінің идеялары қарастырылады. Философ бұл проблемаларды жеке адамның да, жалпы адамзаттың да тағдырында шешуші деп санайды, өйткені олар адам өмірінің рухани-адамгершілік мағынасын қалыптастырады, адам мен қоғамның рухани құндылықтары әлемін анықтайды. Философтың пікірінше, бұл сұрақтың жауабы адамды әділ мінез-құлыққа, оның өміріндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың басшылығына бағыттауы керек.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ар-ождан тұжырымдамасын құндылықтар категориясымен байланыстырады. Сонымен қатар, оның шығармашылығында ар-ұждан этикалық ұғым ретінде емес, философиялық категория ретінде айқындалады. Философтың пікірінше, ар-ождан – адам өмірінің, ғылымның және философияның мәселелерін шеше алады, ең бастысы, адамның руханиятын жандандырады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ар-ұжданды адам қарапайымдылығының, әділдігінің және мейірімділігінің бірлігі ретінде анықтайды, яғни ар-ождан адамның ең жақсы қасиеттерінің

бірлігін білдіреді. Ар-ождан адамға адамгершілік пен жеке басының қадір-қасиетін сақтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, философ ар-ұждан – бұл жанның ең үлкен тілегі мен қажеттілігі деген қорытындыға келеді.

Ар-ождан сонымен бірге адамның моральдық өлшемі болып табылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы мейірімділік пен ар-ұжданның негізгі адами құндылықтарын қамтитын, адамның моральдық жаңғыруы туралы өзінің тұжырымдамасын ұсынады. Философ адамның ізгілену сипатын, оның моральдық мәнін сақтайтын үш адамгершілік қасиетті алға қояды, атап айтқанда «Адал еңбек, ар-ожданды, шын жүрек» [6]. Ол адам өмірі, адамдың бақыты мен адамдар арасындағы келісім олардың негізінде құрылады деген сенімде болды.

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ойшылы, публицист, этнограф және ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиялық-діни идеяларына жүгінетін болсақ, келесі көзқарастарын келтіре аламыз: «Мен Құдайдың бір екенін, оның құдіретті екенін білемін. Оған сенемін. Құдай деген не, ол кім екенін – мен білмеймін: мендегі ақыл бұны түсіндіруге жеткіліксіз... Бірақ бәрібір, ол жасаған нәрсеге қарап, оның әрекеттеріне қарап, мен оған, оның ұлылығы мен күшіне сенемін...» [7].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектерінде дін исламның ақиқаттылығы, құндылығы, қадір-қасиеті, адамзат өміріндегі пайдалары уағыздалған. Оның тақырыптарының басты нысанасы дін, өз кезегінде ақын сол дін тақырыптарын жеңіл, түсінікті, өз еліне қолайлы поэзия тілімен мүмкіндігінше жеткізуге тырысқан. Мұхаммед Пайғамбарымыздың хадистерін өзінің мысалдары арқылы бейнелеген.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымының негізгі тақырыбы дін тақырыбы болып табылатындықтан, оның әрбір шығармасында ислам дініне деген құрмет-өнеге, Алла Тағалаға деген сүйіспеншілік еркін сезіледі. Ол бұл идеяны дінмен байланыстырады: оның пікірінше, Құдайды білу адамзатқа, әділеттілікке әкеледі. Сондықтан оның дүниетанымында Құдайға деген сенім ерекше орын алады.

Біз оны Алланың шексіз екенін, ал біздің ойымыздың шекаралары бар екенін атап өткен Абай Құнанбайұлының көзқарасымен

ұқсастықтарды деп атап өтуге болады. Шекарасы бар нәрсе шексіздігін біле алмайды. «Біз Құдай бір, ол бар деп айтамыз: бұл сөздер біздің санамызда үнемі болуы үшін айтылған» [8].

Исламның бес парызына қатысты туындылар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында көптеп кездеседі, соның бірі «Бес парыз» деген өлеңі. Мұнда ойшылдың құндылықтық идеялары айқын байқалады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінде қиянат пен зұлымдық жасаған адамдардың соңғы барар жері – тозақ екені, сан қайталанып көрсетіледі. Тозаққа сегіз түрлі адам кірмейді деп «Жер мен Көк» дастанында жырланады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да ғылымның адам үшін парыз екенін шегелеген. Ақынның ойынша, егер Құдайға құлшылық еткің келсе, әуелі ілім-білімді үйренуің керек. Дінді тану тек ғылым арқылы ғана жүзеге асады деген сенімде болған.

Осылайша, біз көріп отырғанымыздай, исламның моральдық-этикалық ұстанымдары, кез келген басқа дін сияқты, жалпыадамзаттық мұраттармен, рухани құндылықтардың басымдығын жариялаумен тығыз байланысты. Қазақ философиясының көрнекті ойшылдарының пікірінше, Құдайды түсіне отырып, адам шынайы адами қасиеттерге ие болады және діни-адамгершілік нұсқаулар адамның бойында жоғары адамгершілік құндылықтардың тамырлануына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, адамның ішкі әлемінің маңызды белгілерінің бірі – оның руханилығы, құндылық бағдарларының болуы екенін мойындай аламыз. Құндылықтар – бұл адам үшін маңыздылықтың көрінісі. Оларды объектілердің өздері анықтай алмайды, себебі адамдардың септігінсіз құндылықтар дамымайды, таралмайды, тек адам баласының қатысуы нәтижесінде қалыптасады. Құндылықтар әлемі өзгермелі, ол адаммен бірге өзгереді. Құндылықтар – бұл адамдардың өмірлік бағытының бастысы деп айтуға болады. Сол сияқты, дін – бұл адамның әлемге деген қарым-қатынасы дамиды, көптеген саяси, моральдық, эстетикалық идеялар жетілетін жалпы формасы. Мораль мен дін өмірге әртүрлі әлеуметтік қажеттіліктерден туындаған, әртүрлі әлеуметтік функцияларды орындауға арналған. Діни құндылықтар,

олардың этикалық категориялары үнемі жаңарып отырады, қазіргі заманғы пішінге ие болады. Діни құндылықтар адамның қажеттіліктері, ұмтылыстары мен мақсаттарына сәйкес бағыт-бағдар алады.

Қазіргі заман аясындағы рухани құндылықтар

Бұл тараудың ауқымында қазақ философиялық ойының мүмкіндіктерінің кең спектрі басшылыққа алына отырылып, қазіргі заман контекстіндегі рухани құндылықтардың рөлі мен орны қарастырылды.

Гуманизм мен әділеттілік заманауи қоғам құндылықтары ретінде. Барлық уақытта гуманизм, әділеттілік, ортақ игілік, руханият идеялары моральдық прогрестің қозғаушы күші болды. Гуманизм мен әділеттілік идеялары әр дәуірде жаңа мазмұнға толы күрделі тарихи жолдан өтті. Бұл дамып келе жатқан мәдени, күрделі және көп қырлы әлеуметтік құбылыс, қазіргі жағдайда бұл ұғымдардың шекаралары едәуір кеңейтті. Гуманизм – бұл адамның жеке тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркін даму құқығын және оның қабілеттерінің көрінісін тану деп түсіндіруге болады. Гуманизм сенімге балама болып табылатын қазіргі қоғамның жоғарғы құндылықтарының бірі. Қоғамда құндылық ретінде және әлемнің көптеген елдерінің конституцияларында принцип ретінде қалыптаспас бұрын, гуманизм өзінің негізгі идеяларын жобалаудың тараптарынан өтті.

Отандық әлеуметтік ойдың гуманизм мәселесіне қосқан үлесін атап өту қажет. Қазақстандық ғалымдар гуманизмнің тарихын, мәнін қарастыра отырып, гуманистік мінез-құлықтың өзіндік үлгілерін ұсына отырып, гуманизмді жан-жақты түсіндіреді. Айта кету керек, гуманизм қазақстандық қоғам үшін жаңа құбылыс емес. Қазақ гуманизмінің тамыры халық шығармашылығына, нақтыласақ, түркі кезеңінің ойшылдарының шығармашылығынан бастау алады. Қорқыт туралы халық аңыздары-гуманизмнің құрамдас бөлігі, оның мұрасы синкретикалық мәдениет ретінде дала жағдайында әртүрлі ілімдермен араласқан синкретикалық көрініс пен гуманизмге толы. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Яссауидің

шығармашылығында орын алатын гуманистік ұстанымдар бар, олар «қанағат» сөзімен түсіндіріліп, қазақ халқын ұстамдылыққа, сабырлыққа мен ризашылық танытуға тәрбиелеген.

Отандық философиялық ойда авторлардың көпшілігі әлеуметтік-экономикалық жоспардағы өзгерістер құндылықтарды, демек гуманизмді жаңа түсіну қажеттілігін тудырады деген қорытындыға келіп отыр. Заман талабына сай, гуманизм қағидаты да трансформацияға ұшырады. Осының айқын көрінісі ретінде, ХХІ ғасырдың дамыған, әрі көптеген дамып келе жатқан мемлекеттерінде өлім жазасынан бас тарту, яғни Қазақстан Республикасында 2003 жылдан бастап өлім жазасын қолдануға мараторий жарияланған, екіншіден – мемлекет тарапынан амнистия қағидаларын қолдануды көрсете аламыз.

Осылайша, қазіргі заман аясында гуманизм – бұл тек адам табиғатынан ләззат алу және мейірімділікке шақыру құндылығы ғана емес, мемлекеттің прогрессивті дамуындағы міндетті қозғаушы құралы деп ой түйеміз.

Бүгінгі таңда әділеттілік барлық саяси және әлеуметтік дискурстардың негізгі түйіні болып табылады. Соңғы бірнеше жылда әлеуметтік әділеттіліктің қоғамның негізгі құндылығы ретіндегі рөлі туралы пікірталас шиеленісе түсті. Бұл құндылық, қоғамдық өмірдің ақылға қонымды құрылымын, идеалды әлеуметтік қатынастар туралы идеялардың жиынтығын білдіре отырып, мемлекет пен қоғам әл-ауқатының негізгі аспектілерінің бірі болып саналады. Мүмкін, қазіргі әлемде олардың әділеттілігі немесе әділетсіздігі туралы мәселе туындамайтын адами қатынастардың саласы жоқ шығар, ал әділеттіліктің қазіргі келбеті – бұл құқықтар мен міндеттердің, еңбек пен сыйақының, қылмыс пен жазаның бір-бірімен сәйкестігінде жатыр деп тұжырымдауға болады.

Саяси құндылықтар. Бостандық пен демократия, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет, дінаралық диалог және түрлі мәдени және діни дәстүрлерді құрметтеу сияқты саяси құндылықтар да қазіргі заманның ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

Ұрпақтар сабақтастығы құндылық ретінде. Ұрпақтардың өзара әрекеттесуінің құндылық аспектілерін талдау әсіресе қоғамдағы қарқынды өзгерістер жағдайында өте маңызды, өйткені

ұрпақтар арасындағы қатынастардың сипаты уақыт келе өзгерді. Ұрпақтар сабақтастығы, әлеуметтену жағдайларына және белгілі бір қоғам мен мәдениетте қабылданған құндылық нормаларының әрекет ету дәрежесіне байланысты.

Ұрпақтардың өзгеруі кең және терең әлеуметтік өзгерістердің маңызды факторларының бірі болып табылады. Ұрпақтар арасындағы өзара іс-қимылдың негізінде құндылықтар жүйесінде көрініс тапқан мәдени-тарихи тәжірибенің сабақтастығы жатыр. Құндылық бағдарларын ұрпақтан-ұрпаққа беру механизмі бірқатар кезеңдерден тұрады: аға ұрпақтардың мәдени белгілерді мысал арқылы – іс-әрекет үлгісін қолдана отырып жеткізу. Екіншіден, жас ұрпақтың аға ұрпақтардың нормалары мен ережелерін игеруіне. Үшіншіден, аға ұрпақтардың игерілген құндылықтарын трансформациялау арқылы осы құндылықтарды таңдау және түсіндіру арқылы жаңа тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәйкес келетін жаңа идеалдар мен қағидаттарды дамытуға көшу орын алады. Бұл ұрпақтар сабақтастығын сақтау біздің мемлекетіміздің маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Алдағы уақытта мемлекет құрылысында, саясатта күтіліп отырған өзгерістерде, халық үніне құлақ асатын мемлекет үшін саяси құндылықтарды ұстану басты мәселе болып отыр. Осыған сәйкес, келесі ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды белгілеуге болады:

- Жаңа Қазақстанды құру жолында, құндылықтардың ішінде, ең алдымен гуманизм мен әділеттілік тенденцияларына сүйене отырылып, жалпыадамзаттық құндылықтар призмасы арқылы мәселелердің қазіргі әлеуметтік-саяси контекстіндегі құндылықтарға ерекше назар аудару қажет. БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы медиа кеңістікте осы құндылықтарды таратуға, әрі ағартуға ерекше назар аудару керек.

- Мемлекет пен халықтың диалог алаңдарын өткізу қазіргі заманғы құндылықтарды нығайтуға қызмет етеді, бұдан басқа саяси мәдениетті қалыптастыру мүмкіндігі пайда болады.

- Рухани құндылықтарды өмірде және өмірлік жағдайларға бейімдеу және қолдану білім беру үдерісіне енгізу. Бүгінгі таңда

білім алу дамып келе жатқан адам мен қоғамның құндылығы ретінде өзекті болып келеді. Сол себептен де, мектеп табалдырығынан бастап, жоғарғы оқу орындарында арнайы курстар мен семинарлар өткізу арқылы оны жүзеге асыруға болады.

Әдебиеттер

1. Кемерова В.Е. Современный философский словарь. – М.: Академический проект, 2004. – 864 с.
2. Аюпов Н.Г. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы: Институт философии и политологии и университет «Кайнар», 2006, с. 8-16; 15-52.
3. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Фараб, 2000, с. 284-5; с. 7-8; с. 116.
4. Электрондық ресурс - https://ca-c.org.ru/journal/2013/journal_rus/cac-02/13.shtml#:~:text
5. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы, 2001. – С. 170.
6. Кудайбердиев Ш. Записки Забытого. – Алматы, 1991. – С. 100.
7. Мәшһүр -Жүсіп Көпеев. – Павлодар, 2003 ж. – 107-108 бет.
8. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986.

1.6. Ұлттық мәдени мұраның рәміздік мәні және эстетикалық қырлары (*Мейрманов А.Д.*)

Қазақ рухани-мәдени мұрасын көркемдік-эстетикалық және семиотикалық тұрғыдан пайымдау тұрғысында ең алдымен рухани-мәдени мұралардың рәміздік мазмұнына назар аударған абзал. Рәміздер әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде адамзат тарихында маңызды орын алып, оның рухани мәдениетінде терең таңбаланған. Оның көркемдік-эстетикалық қырларын бағамдау арқылы мәдениеттің, рухани мұрамыздың мән-мазмұнын тануға мүмкіндік туады. Эстетика – адамның дүниеге түйсіктік немесе шығармашылық қатынасын зерттейтін ғылым десек, осы танымдық үдерісте адам сезінеді, түйсінеді, рухани-сезімдік толқынысты күйге енеді, рухани шаттыққа, катарсистік хәлге бөленеді, өзінің ғаламмен тұтастығын пайымдайды, көп жағыдайда сенім иесі

болған адам өзінің түпкі бастаумен – жаратушымен бірлігін түйсінеді.

Эстетика (грек. *aisthetikos* – сезіну, сезімдік) – адамның көркем-бейнелі таным-түйсігіне негізделген, ақиқаттың сұлулығын, пәктігін, ұлықтығын жаратылыс дүниесінің көркемдік сипаттарын айқындайтын ғылым. Ол – өнер туындыларының тылсымдық, ақиқи мән-мазмұнына бойлап, тұрмыстық, ғұрыптық, т.б. заттарға рәміздік мән-мағына дарыту арқылы танытатын, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы мәдениеттанушылық ғылым. Ал, Платонға сәйкес, сұлулық дегеніміз абсолютті, мәңгілік және өзгермейтін, сезімнен тыс идея, өнер туғызатын сезім иірімдері осы идеяның көрінісі болып табылады. Рәмізге сиғызылған рәміздік мән бұл рухани тәжірибеге сүйенетін метафизикалық шындық, оны көркем-эстетикалық кеңістікте вербалдық сипаттауға келмейтін көркем рәміздеу арқылы ғана тануға болады. Оның тылсым сыры шебердің шығармашылығы барысында және реципиенттің шығарманы эстетикалық қабылдау актысында көрініс беріп, осы тәжірибемен таныс адамға нәсіп болады. Эстетикалық қабылдау бұл жерде рәміздің тұлғалық өзектендірілуі ретінде көрініс беріп, шығармашылық сипатты иеленеді. Жалпы алғанда рәміздеу «шығармашылық – түйсіну – ілеспелі шығармашылық» түріндегі диалектикалық-сұхбаттық үдеріс деп түсініледі. Оның орталығында көркем рәміз (символ), өзегінде көркем рәмізде ғана көкейкестілікке ие болатын рәмізделуші терең мән-мазмұн сыйғызылған. Рәміздеуді тарихи типтеген жағыдайда көркем рәміздің діни-мифологиялық рәмізден айырмашылығы көрінеді. У. Шпенглер «Еуропаның құлдырауы» шығармасында мәдениеттің және оның кезеңдерінің басты мәнді сипаттарының бірі ретінде стильге баса назар аударды. Ол үшін стиль – сол дәуірдің рухани ахуалымен анықталатын «форманы метафизикалық сезіну». Ол жеке тұлғаға, өнер түрлеріне тәуелді емес метафизикалық құбылыс ретінде сол дәуірдің шеберін де өнер туындыларын да бағыттарын да дүниеге әкеледі. Ол үшін стиль – әр дәуірге тән руханилықпен анықталатын форманың метафизикалық түйсінілуі. Мәдениеттің сол кезеңінің метафизикалық стихиясы ретінде «ұлы

стиль» өнердегі тұлғаны, бағытты, кезенді өзі қалыптастырады. Ол тұлғаға, өнердің материялы мен түріне, тіптен өнердің бағытына да тәуелді емес. Шпенглер стильді көркем-эстетикалық мағынасынан да кеңірек түсінеді [1, 289 б.].

Рәміз бен мәдениет арасында астасып жатқан байланыстар бар екендігін өз концепциясын 1928–1929 жылдар аралығында жарық көрген «Рәміздік формалар философиясы» атты еңбегінде жан-жақты негіздеген Э.Кассирер шығармаларынан көруге болады. Ол «адамзат тек физикалық қана емес, сонымен қатар рәміздік универсумда өмір сүреді. Тіл, миф, өнер, дін – осы универсумның бөліктері. Адамды *animal rational* деп айтудың орнына, оны *animal simbolicum*» [2, 52 б.] деп анықтау қажет деген болатын. Символ – рәміз (*symbolon*) ұғымы алғаш ежелгі грек тілінде пайда болып, одан латын тіліне еніп, XVI ғасырдың басында неміс тілінің сөздік қорында қолданылды. Гректің «*symballein*» сөзі қазақша қосылу, бірігу, жинақтау мағынасын береді. Ал, символ терминінің қазақша баламасы «рәміз» ұғымы бүгінде «танымдық белгі, таңба, аллегория» сияқты түрлі мағыналарды қамти тұра, олардан мәнісінің ауқымды болуымен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда бұл ұғым терең мағыналық күшке ие болып, анықталған мағыналық образ, терең таңбаланған шынайы сезімдік ұғымды білдіруге қолданатын маңызды белгі болып танылған. Рәміз адам санасының даму тарихына сәйкес қалыптасқан көне категорияның бірі. Символданған бейне көбінесе нақты мағынасынан айырылып, астарланған, терең мәнді сиғызатыны, тылсым құпиялы әлемге меңзейтін жаңа мәнді, көркем-эстетикалық мазмұнды иеленуімен маңызды. Адамзаттың қиялы ұшқыр, ойы алғыр ертедегі кезеңдеріндегі мифтік-эпсаналық түсініктерде, наным-сенімдерде рәміздің пайда болуы мен қалыптасу барысын көруге болады. Мәдениеттің асыл тінін көркем эстетикалық таным-талғаммен айшықталған құндылықтар жүйесінің күрделі түзілімі құрайды. Ал адамзат мәдениетінің кез келген элементі құндылық ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонда біздің мәдениет аясындағы құндылықтарды түсіндірудегі ортақ ұғымымыз «мәнмағынаға толы рәміздер» болып табылады.

Мәдениет пен рәмізге қатысты А.Я. Гуревич «мәдениеттің универсалды категориялары өзінің жаратылысында барлық

құбылысты қамтиды. Бұл, сонымен қатар адам санасын анықтайтын категориялар. Біз мұнда кеңістік, уақыт, өзгеріс пен себептілік, тағдыр, сана сезімнің жоғары сезімге қатынасы, жеке мен жалпыға қатысы секілді шындықтың ұғымы мен формасын қабылдауы туралы айтып отырмыз» – деп айтады. Мұнда автор категорияларды мәдениеттің маңызды семантикалық «инвентарь» бөлігін құрушы дейді. Мәдениеттің универсалды категорияларын А.Я. Гуревич «ғарыштық категориялар» деп атайды. Ол мәдени рәміздерге қатысты былай ой тұжырымдайды: «рәміз субъективті тұрғыда емес, объективті жалпы мағыналы болып келеді. Әлемді танудың бірден-бір жолы рәміздер мен оның терең мағынасында жатыр» [3, 266 б.]. Демек, мәдениеттің сан алуан ақпараттар жиынтығын бойына сақтайтын рәміздік жүйелерді элеуметтік-мәдени құбылыстардағы тарихи үрдістердің мәнін ашудың «кілті», заттың субстанциялық негізі болатын танымдық категория ретінде анықтаймыз. Рәміз ұғымы дамуының жаңа кезеңін ортағасырлық христиан, мұсылман діндерімен байланыстырамыз. Ортағасырлық мәдениет барлық жағынан рәміздік нышанда болды. Олар рәмізді қарастыруда антикалық неоплатонизмнің гносеологиялық категориясы мен тіршіліктің субстанционалдық негізі ретіндегі екі маңызды идеясын соңына дейін жалғастырды. Онда болмыс абсолюттің шексіз рәмізі болып табылады. Ғарыш, табиғат, жанды, жансыз әлемдер, заттар болсын, тіпті адамның іс-әрекеті мен ойы нақты әлемдегі Абсолют қуатының рәміздік бейнесі.

Түрік топырағында мұсылман әлеміне ортақ идеялар дәнін себу өз өскіндерін берді. Мәселен, Қожа Ахмет Ясауидің сопылық мектебі жалпы мұсылмандық шығыстағы сопылық идеясын терең игере тұра, исламды жергілікті рухани мәдени жағыдайға сай насихатады. Ғұламаның түрік қиялына қанат бітірер, жүрегіне жол табар өз тілінде сөйлеуімен қатар, сопылық таным ұстанымдарын олардың образдар әлеміне, солардың бейнелі ой ерекшеліктеріне сай енгізгенін, эстетикалық талғам мен танымды басты орынға қойғанын аңғарамыз. Барлық Шығыс сопылығындағыдай ғұлама үшін Ақиқатқа бойлаудың және оны жеткізудің жалғыз әдісі бұл – рәміздер (символдар) мен белгілер тілі еді. Осы нышандар тілінің бір символы бұл – Арыстанбаб берген құрма. Құрманың сыртқы

қабығы, дәмді жемісін иелену – адамның дін иманды табу арқылы бұл дүниелік бақытқа, сый-құрмет, бақ-дәулетке жетуін ишаралады. Ал, ішкі дәнін иелену – иманның негізгі мәні – ақиқатқа жету, құпия сырлы ғылымын игеру. Сопылар дене сезім мүшелерін шектеп, ой-санасын ақиқатқа бағыттау арқылы, әуестіктен тиылады, ішкі ру- хани мәнін іздейді. Сондықтан да сопылар әдебиетінде меңзеу, бернелеу, бейнелеу, ұлғайту т. б. көркем-эстетикалық әдістер кең қолданылады. Яғни, сопы үлкен өнер – сөз өнерін меңгереді. Бұл құрманың сыртқы сыры ғана. Бұл Арыстанбабтың, сондай-ақ, пірдің – Қызыр пайғамбардың оның әр сырын бүркеп жапқандығы тылсым сырлы пердесі ғана. Осы сыртқы қабығынан өте алған адам ғана Ақиқаттың ішкі мәніне жете алады (құрманың дәнине ие болады). Сопылық мектептің шәкірттері үшін олардың өздеріне тән араб тілінде атау терминдері өзіндік мән-маңызымен, иерархиясымен (мысалы, Шарифат – Тарифат – Мағрифат – Ақиқат) белгілі болды. Бұл негізінен сол ортаның, Ұйымның мүшелеріне түсінікті сөз болды. Күнделікті өмірде жиі қолданылмады. Бірақ сопылар халық діліне мейлінше жақын күнделікті қолданыстағы ауызекі сөйлеу тілінің сөздерінің өзін тылсым сыр бере қолданып, символдық дәрежеге көтеріп, ерекше мән береді. Мысалы: «Сөзін – шырақ, халың – пілте, майы – жасың». [4, 69 б.]. Бұл жолдар шығармашылықпен айналысқан адамның күйінен хабар бергендей. Айтқан сөзі шамшырақ болып, оқушы жүрегіне жағылу үшін әрбір жазушы жан шабақтар қиналысты басынан өткізеді. Бұл – шығармашылыққа май болар жан қиналысын, ықыласты ғибадатты көз жасымен бейнелесе. Халық тілінде халық ділінен шыққан сөз деп айтудың қиындығын сезіне отырып дәнекер қызметін атқаратын – жауапкершілікті түйсіну хәлін пілтеге балайды. Яғни, оқырман көңіліне шырақ болып жағылу үшін, көз жасыңды – ықыласты ғибадатыңды – жауапкершілігіңді ұмытпай халық тілінде халық ділінен шыққан сөз деп айта алсаң, сенің халың – пілте, яғни шәкірт пен халық рухын және ғалам рухын жалғастырушы ғана қызмет атқарасың. Ал айтылған сөз оқырман жүрегінде шамшырақ болып жағылып, эстетикалық ләззәт сыйлауы, ақиқат, ізгілік жолына бастауы басты мақсат.

Рәміз белгілі бір заттың сыртқы сипаты мен көзге көрінетін қасиеттеріне нұсқай отыра, басқа тылсым, терең мазмұнды, ақиқат

құбылыстың астарлы мазмұнына меңзейді. Мұндай контексте ол сакральдылық мәнге ие. Рәміздердің тылсымдық түпнегізінде діни танымның ақиқатты тікелей бас көзімен көрмей, көкейкөзбен ғана бағамдауға болатындығы жайлы түсінік орын алған. Қоршаған орта, жаратылыс дүниесі хақты тануға арналған кітап деген қағида исламдық негізгі танымдық ұстаным. Рене Генонның «Шындықтың деңгейлері сан алуан түрлі, олар кез келген табиғи құбылыстардан бастап, бірін-бірі жалғастыра абсолютке дейін жетеді. Рәміздің шынайы болмысы да осы түрлі деңгейлерді біріктіретін сәйкестік болып саналады. Содан барып барлық табиғаттың өзі қарапайым рәміз болып шығады. Табиғаттың ақиқат мәнін сол табиғатқа өзімізді метафизикалық ақиқатты түйсінуге итермелейтін көрсеткіш деп қарағанда ғана оның сырына қанық бола аламыз» [5, 8 б.] деген тұжырымдамасы осы қағидамен үндесіп жатыр. Ислам діни тәфсирлерінде Алла тағала алдымен лаух қаламды жаратып, бүкіл жаратылыс тағдырын жазды. Яғни, мақсатсыз ештеңе жоқ – идея бірінші. Демек, адамның тағдырға мойынсұнуы өзіне берілген ерік бостандығынан бас тарту емес, болашақтан үміт күтуі. Әр қиындықты сынақ деп сабырмен қарау, түпкі ақиқат межеден жақсылық күтуі. Тілдің әу бастағы табиғи жаратылысы – жазу. Дыбыстар мен дауыстар оның атауы үні. Қасиетті төрт кітаптың түсуі туралы аңыз негізсіз емес. Ақиқат сөзі кітапта түзілген. Жазу табиғаттың нышандары, белгілері. Бүгінгі күнге дейін сақталған дәстүрдің бірі дұғалық немесе тұмар жаздырып алып, оның киесінен жанға шапағат, қорғаныш, денге шипа, дауа тілегенде де жазудың тылсымдық сыры байқалады.

Халықтың мәдениет деңгейін оның жазуды «ойлап табумен» өлшейміз дейтін ұғым да бар. Бірақ, шындығында, дүниенің, жаратылыстың нышаны, белгілері болып табылатын жазу о бастан бар деп санасақ, адамдардың жазу өнерінен ажырап, қайта табысып отыруы, оған үн бітіріп сөйлеуі, оны болашақ ұрпаққа мұралауы халықтың мәдениеттілігінің әр кезеңдегі құлдырау немесе гүлдену деңгейінен хабар берсе керек. Кейбір сөздердің туыстас емес тілдер арасында да үндес болуы немесе мәдениет алмасуы кезінде өзара ауысып, зардапсыз оңай сіңіп кетуі де бекер емес. Қазақ ру тайпаларының атауларын алып қарасақ, бірталайы таңба

атауынан шығады екен. Мәселен: Балталы, Бағаналы, Тарақты т. б. Қыпшақ-ікі-пычақ.

Таңбаны қасиеттеудің тағы бір мысалы халық арасында «Нысаналы адам» деген сөз «қасиетті киелі» деген сөзбен мағыналас қолданылуы. Таңба мен дүние ғалам арасында жанды рухани байланыс бар. Оның нышанын сезіне білу, түйсіну, пайымдау адам көкейкөзінің ісі. Ал оны ой елегіне салу, байыптау, түсінікке, сөзге айналдыру адам ақылының ісі. Тіптен табиғатта өскелең нұрлы ақыл қасиетінен ада жан-жануарлар да табиғат нышанын инстинктивті деңгейде түйсініп, тән ауруына ем болатын шөпті тауып жейді екен. Ал, емдік қасиеті бар шөптердің де жануарлардың ағзаларына ұқсас жапырақ формасы, гүл дестесі, бояу түсі тағы басқа нысандары болады деседі. Бұл ақпараттың нышан күйінде көрініс табуының табиғи қалыптағы бір мысалы. Әр кезеңде таңбаның нышанын көкейкөзбен түйсіну, тану басым ба, әлде таңбаны әріп қылып, сөз қылып ой көзімен түсіну басым ба? Әрине біз қазір түйсінуден түсінуге жетікпіз. Ал енді өткеннен қалған таңбалар тілінің ғаламмен байланысын және бүгіндегі ой-жемісі ғылымның ғаламмен байланысын әр заман пенделері өз мұқтажын өтейтін деңгейде түйсінгені немесе түсінгені аян.

Ұлттық мәдениетіміздің ортағасырлық жазба ескерткіші «Кодекс-куманикус қолжазбасы» жазылған уақытта салт атты көшпенділердің тарихындағы қыпшақ мемлекеттік бірлестігінің дәуірлеу кезеңі басталған еді. XII–XIII ғасырларда қыпшақ тілі осы мемлекеттің негізгі тілі болып, іргелес елдер үшін де ортақ халықаралық тіл дәрежесінде қолданылды. Сол кездегі еуропалықтар үшін латын тілінің рөлі қандай болса, Азия халықтары үшін куман тілінің рөлі осындай еді. Сондықтан, шығыс елдеріне сапарға шыққан еуропалықтар қыпшақ тілін білудің маңыздылығын жақсы түсінген. Осыған байланысты В.В. Бартольд былай деп жазды: «Кодекс Куманикус» имеет перво-степенное значение не только для турецкой филологии, но и для истории культуры как памятник практического востоковедения средневековых европейских торговцев и миссионеров» [6, 393 б.]. Шыңғысханнан жеңіліске ұшырап қол астына қараған түркі тілдес тайпалар қыпшақ деген жалпы атаумен Алтын Орданың негізгі

халқын құрады және Шыңғысхан жорықтарында батысқа аттанған қалың қолдың көпшілігі осылар болды.

Дүние жүзіндегі ең үлкен Еуразия материгінде орналасқан далалық өлкені мекендеген көшпелі салт аттылар мәдениетінің негізгі тілі сол кезде Мысыр мен Шамнан Сібірге дейін, Қытай қорғанынан Дунайға дейін ел аралық тіл деңгейінде еркін қолданылған тіл – ескі қыпшақ тілі еді. Яғни, сол кездегі күнделікті қолданылып жүрген қыпшақ тілінің зерттелуі – бүгінгі қазақ тілінің кешегі өткен өмір сүру қалпы мен даму жолдарын байыптап тексеру үшін ғылыми-тарихи маңызы өте зор. Орта ғасырдан бізге мирас болып қалған мұралардың ішіндегі белді де, беделдісі бүгінгі қыпшақ тілдерінің тарихи бастауы, өріс алар өзегі бола тұрып, өткенмен рухани жанды байланысын үзбеген аса құнды қазына «Дешт-и-қыпшақ» түріктерінің тілінде жазылған ескерткіш – «Кодекс Куманикус» (Кумандардың жазбасы) болып табылады. «Кодекс Куманикус» латын тілінен аударғанда «Кумандардың кітабы» деген сөз. Жазған автордың аты-жөні белгісіз. Қолжазба готикалық көне жазумен XIII ғасырдың аяғында жазылып біткен (жалпы көлемі 82 парақ, 164 бет) [7, 1–306 б.]. «Кодекс» жайлы кіріспе ойымызды түйіндесек, «Кодекс Куманикус» бүгінгі қыпшақ тілдерінің тұлғаланып даралануы қарсаңындағы олардың қалыптасу мекені, бастау алар өзегі жайлы құнды мағлұмат береді. Бүгінде аудармашысыз түсінісетін отызға тарта түркі тілдес ұлттардың, әсіресе қыпшақ тілдер тобына жататын халықтардың қоғамдық, этнографиялық, әдеби, мәдени, тарихи жағыдайын және саяси-әлеуметтік, тілдік, рухани, дүниетанымдық, философиялық, көркемдік-эстетикалық және этикалық құндылықтарын зерттеу үшін пайдасы мол жәдігерлік. Бұл еңбек түркілердің бел баласы, көшпенділер мәдениетінің шаңырақ иесі – қазақ халқының төл мұрасы. Таңба жазуға ауысқан сайын түйсіну түсінуге, пайымдау байыптауға, ойға ауысады. Сөз бен жазу еншілес. Жазу сөздің қас қақпас сақшысы, темір торы. Таңбаның мәні тарылып, әріпке айналса, әріптен сөз құралса, ал сөз белгілі бір заттың, қимылдың, заттың түр-түсі мен қасиетінің, мезгіл, мекенінің т. б. айнымас атауы. Ал сол сөздің сөйлем ішінде байлаулы, матаулы өзіндік қызметі бар. Сол сөйлем хатқа түссе сөз синонимдік то-

бынан ажырап, бейнелік басқа атауларды бейнелейтін қасиетінен айырылып, бір аяқталған мағынасымен, сөйлемдегі қызметін ғана атқарады. Куман сөздігіне сай Қыпшақ тілінде «біті» – жазу деген, «бітік» – жазба, «бітікші» – жазушы, бітікшілі – өнерлі деген мағына береді. «Біту» түбір етістігі бүгінде соңғы, аяқталған күй мағынасында қолданылады. «Бұлақтың көзі бітіп қалды» дегенде, тежеліп тығылып қалды, бітелу-тоқталу мағынасын, «бітік өскен егін» десек, тығыз тұтаса өскен дәнді дақыл мағынасын береді. Ал бітім десек, келісім-шарт, тоқтам деп түсінеміз. Сонда «біт» етістік түбірінің тығыздалу, тежелу, тоқталу, өзгермейтін бір келісімге келу деген мағыналық реңкі болғаны, сақталғанын көреміз. Яғни, бұл заттың соңғы, аяқталған жинақы күйінің атауы. Ал қыпшақ тіліндегі «біту» сөзінің бүгінгі баламасы – қазақ тіліндегі «жазу» сөзінің «жинақтауға» кері мағынасы бар екені белгілі. Жазу-жазылу, жайылу (тіптен сиреу) таралу, жазық, жайлау сөздері кеңдіктің сипатын береді. Осы жерде жоғарыдағы «жазмыштан озмыш жоқ» деген сөздің тағы бір мәні бар, Тәңірі ғаламның, уақыттың, кеңістіктің сенің шамаңа лайық жүгін ақиқатқа дейінгі жолда өзіңе жүктеген, яғни сен Ғаламдық уақытпен салыстырғанда қасқағым фәни өмірінде, адамзат өмірінің бүкіл бұрылыс-бұралаңын қайталап, әрбір жеке адам өз тәжірибесінде ғана ақиқат табады, демек, шынында да бұл жазмыш – жазылып жатқан ұзақ жол.

Шындығында да, «Кодекстің» ауызекі сөйлеу тілінің ескерткіші екендігі оның мән-маңызын арттыра түседі. Демек қазақ тілінің тарихын, даму үстіндегі халық дүниетанымының, ой-санасының, көркем-образдық танымының тілде, сөзде қалдырған сілемдерін аңғару үшін «Кодекс Куманикустің» өзіндік орны бар. Қазіргі қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің қорлануы, нәрленуі, сөз байлығының құнарланып, байып жетілуі халықтың дүниетанымымен пропорционалды дамыды. Олардың өзара байланысы болды десек, сөздік қордың тылсымына үңіліп, байып жетілу жолы мен әдісін қадағалап, әр сөз бен сөз тіркестерінің сырын ашудың, тарихи өсу, өзгеру, даму жолдарын айшықтаудың халық дүниетанымы мен философиясын, эстетикалық танымын зерттеу үшін маңыздылығы айқындала түседі. Сондықтан, ауызекі сөйлеу тілі мен көне түрік жазба әдеби тіліндегі (шағатай)

ескерткіштерді де осы мақсатқа өздеріне тән ерекшеліктеріне сай пайдалануға болады. Жазба әдеби тілді қолданған туындылар көркемдік-эстетикалық мақсатты көздейді.

Ал, орта ғасырлардағы жалпы сауаттылыққа, ғылым-білімнің дамуына қарамастан көшпенділік тұрмыс салтына сай дала дәстүрлерінде ауызша шығармашылық үстем дамыды. Кейінгі ғасырлардағы көшпелі мәдениеттің құлдырап, күйзелуі салдарынан, орта ғасырлардағы ғылыми-мәдени орталықтары, кітапханалары бар қалалардың шапқыншылық кездерінде күйреуі салдарынан жазба ескерткіштердің көпшілігі жойылды. Сақталған біраз бөлігі отырықшы мәдениеті бар елдердің кітапхана, мұражайларында сақталды. Бұл жазба рухани мұрасымен арақатынасы белгілі деңгейде алыстағанымен қазақ халқы өзінің көшпенді өмір салтын, осыған сай ауыз әдебиеті мен мәдениетін ХХ ғасырдың басына дейін сақтайды. Өмір салтына, тұрмыс жағдайына тығыз байланыста өзгертін, үнемі белсенді дамитын ауызекі сөйлеу тілінің өткені мен бүгінгісін салыстырудың маңызы да зор. Себебі, ол халықтың тұрмыс-салтындағы өзгерістің таразысы секілді. Халық діліне мейлінше жақын халық тілінің төлтумасы – ауызекі сөйлеу тілінен, түрік жазба әдеби тілінің ерекшелігі неде? Ауызекі сөйлеу тілі бұқараға ортақ (практикалық) күнделіктегі қолданыстағы тіл болса, жазба әдеби тілі жекелеген жазу шығармашылық өнерімен шұғылданған адамдардың, мектептердің үлесі. Олардың әрқайсысының көркемдік-эстетикалық сипатында да, даму белсенділігінде де, жалпы халық бұқарасының тұрмыс салтының, оның рухани даму жолының көрсеткіші ретінде өздеріне тән ерекшеліктері бар. Сонымен қатар, оларды өзара салыстыра зерттеудің де өзіндік маңызы бар.

Ауызекі сөйлеу тілін халықтың ой-санасына, ішкі үніне баласақ та болады. Ал, жазба әдеби мұраны қорытылып ауыздан шыққан сөзге балауға болады. Халық даналығында «айтылған сөз атылған оқпен тең» дейді, сондай-ақ бұл жазылған сөздің өзгермейтіндігіне де меңзейтіндей. Орта ғасырлардағы түрік әдеби жазба тілінің (шағатай) араб, парсы сөздерімен шұбарланғанын да айту абзал. Әдеби дәстүрді берік ұстанған шағатай тілінде жазушылар мәдени дамудың жолбасшысы бола отырып, түркі тілінде

жазғанымен, қаланың, отырықшы ортаның өкілдері еді. Олардың тілі ғылыми тіл болды. Көшпенділердің (көшпенділер ғана ма екен) бір ғажап қасиеті бірде таңбаларды бітістіріп, әріп қылып сөз құраса, «біті» деп атаса, бірде сол заттың атауы болған сөздерге нышандық (символдық) қызмет жүктеп, оларға бейнелік сипат беріп, жансызға жан бітіріп, жандыға рух беріп жазу жазған, яғни Меңзеу, Әсірелеу, Баламалау, ұлғайту т. б. көркемдік бейнелеу әдістер арқылы сөз мағынасын кеңейтіп, семантикалық мағынасын ұлғайтты – жазды. Таңба – нышанынан айрылып әріпке айналып, сөз бойында қатар түзеп бірде бітіссе, сөз атау мәнін алысымен жаңа нышан тауып басқа атауды бейнелеу арқылы жайыла түседі, жазылады. Бұл ұлғаю үлгісін өз кезегінде сөйлемде де, сөз тіркесі де қайталап, бастапқы мағынасын мақал-мәтелде, шешендік сөздерде ұлғайта түсу арқылы жаңа, тың, тұрақты форма қалыптастырады, тылсымдылығында ақиқат шұғыласы бар мәніне ұйытады. Ал қыпшақ тілінде «мәтел» сөзі бүгінгі жұмбақ мағынасында қолданылғаны да рас. Жазу адамның қолымен жасалған қару. Жазудың орта ғасырлардағы шағатай тіліндегі мұраларды бүгінге сол күйінде жеткізіп, ғасырлар тұңғығынан бүгінмен тілдестіретін құдіреті де бар. Ал жалпы тарих үшін, көшпенділер тарихы үшін жылнаманың жасаған қиянаты да ғылыми қауымға мәлім. Бұл пікір Олжас Сүлейменовтың кітабында жан-жақты ашылған, дәлелденген. «Жылнама беттерінен айқай мен шу, ойбай мен балағат естіледі. Мазмұны – үрей мен кек. Ал, миллиардтаған үлкенді-кішілі махаббат, адамзат Бақыты, Қуанышы мен үмітінің, мыңдаған жылдарға ұласқан бейбіт еңбектің, жер жаңартқан зәулім дәуірі жылнамаларда ізсіз кеткен. Даналардың игі істері жазылмады. Сондықтан ұмыт болды..., – деп жазды «Азия» кітабында О. Сүлейменов, – Еуропаның да, Азияның да жылнамаларында адамзаттың өткені сұрапыл соғыстар, қанды сарай төңкерістері арқылы ғана бейнеленеді. Ал мәдениет тарихы үзді-жұлды, жол-жөнекей ұшырайды» [8, 94 б.] дейді. «Өткеннің езгі дәуірі әлі де жалғасын тауып, адамның жан дүниесін батпаққа тартып, санасын уландыра түсуде. Тарихшылар бұрын өткен ата-бабасына олардың надандығын, сенгіштігі мен именшектігін кешіргісі келмейді» деген ақын «Азия» еңбегінде тарихи танымның көне соқпақтарының

сілемін адам санасының жады – сөзден, тілден іздеу қажеттігін айтады. «Осы жағдайдың өзінде де сөз тарихи мәліметтердің бірден-бір шынайы қайнар көзі екенін мойындауға тура келеді. Тіл жазба жадығаттарда таңбаланған әлем жылнамасын сақтайды» [8, 176 б.] дейді ақын.

«Межесі – ақиқат, алды – жөн, арты – соқпақ», ізденушінің, мәңгі жол үстіндегі салт аттының тыным алған сәтінде өткен соқпақ сорабына көз салуына мүмкіндік беруіміз керек. «Кодекстегі» етістікті тануға ұмтылсақ, тілдегі сөйлем мен ойдағы үзік ой үндес. Егер оны талдай, бөлшектей бастасак, дискурсиядан айырылып ыдыраған түрдегі бөлшектерге атауларға тап боламыз. Қандай сөйлемде болмасын үш нәрсеге назар аударуымыз керек. Бастауыш, баяндауыш және олардың байланысы. Алғашқы екеуі де ойды толқытып, тереңнен бір нәрсенің сұлбалық атауына қозғау салады. Сондықтан да «Кодексте» қыпшақ тіліндегі «болмыш» сөзінің бүгінгі қолданысындағы «болмыс» формасы орыс тіліндегі «бытие»-нің тікелей аудармасы емес «етістіктің ұғымдық қалпының атауы». Өйткені бол+мыш сөзінде барлықты растайтын «бол» және «мыш» растыққа күмәндәну және жоқтығын растау ұғымдары қатар орныққан. XVIII ғасыр батыс грамматиктерінің бірі тілді суретке балай отырып, былай түсіндірді. Зат есімді форма ретінде, сын есімді түрлі түсті бояуға, ал етістік болса таза тақтаға меңзейді. Етістік басқа сөздердің бояуы мен сұлбасының астында қалып тілге оның суретін сұлбалауға, туындысының бояуын ашып көрсетуге кеңістік береді дейді. Немесе «бол» деп, сонымен бірге «мыш» деп жоққа шығарып, баяндаушы етістік мөлдір бозалаң түске ие болады. Оның үстіне сурет салып, бояуға мүмкіндік туады. Етістіктің қызметі тілдің өне бойын жайлап өмір сүру әдісіне барабар. Етістік – атрибутивтілік: барлық қасиеттердің – түрі, қалпы мен негізі «болу» етістігі барлық сөйлемде бар. «Бол» сөзі баршаға ортақ және бәріне тән атрибут, нәрсенің бастауы мен негізі.

«Кодекс Куманикус» лингвистикалық сөздік қызметін атқарған көне қолжазба болумен қатар, бұл ескерткіште сол замандағы жұмбақтар жазылып қалдырылған. Жұмбақ жасыру ойыны қауымның әр мүшесіне тән бейнелі ой тізбегінің түйінді бір атауын жұмбақтап, қауым мүшелерінің ой жүйесінің

үйлесімділігіне, көпке ортақ шешімінің болуына есептелген. Сондықтан да, жұмбақтың қамтыған тақырыбы халықтың негізгі тұрмыс-салтынан, ой-бағдарынан хабар береді. Ал, бейнелі ойлар жүйесіне зейін салсақ, халықтың эстетикалық талғамы мен танымының тылсымынан сыр тартады. Бұл жинақта ел аузындағы үнемі қолданылған жұмбақтар жиналған. Сондықтан, жұмбақтың шарты жасыру болғанымен, халық жадында сақталып, өміршең болуы үшін ол көптің көкейіндегі танымал ортақ нәрсені сөз етуі, санасын сәулелендіріп, жарқ етер шешімімен есте қалуы болса керек. Сол себепті жұмбақтарда жасырған атаулар сол кездегі халық бұқарасының таным-түйсігінен хабар береді деп білеміз.

Орта ғасыр түрік әлемінің дүниетанымы орта ғасырлық космологиямен ұштасып жатыр. Бұл танымға ертеден келе жатқан көзге көрінбейтін о дүние жайлы және көрінетін бұ дүние жайлы түсінік өзек болған. Осы түсінікке сай «бұ дүниедегі әсемдік рухани әлем ғажаптығының сәулесі, оның айнымас көшірмесі» деген таным бар. Ал, екінші жағынан көзге көрінетін дүние – субъектінің жеңіп алар қамалы немесе ғажайыпты іздеуші, ақиқатқа ұмтылған адамның өтер көпірі. Орта ғасырдың алдыңғы қатарлы дүниетаным зерттеушісі ғұлама, суфизмнің өкілі әл-Ғазалидің ойынша көзге көрінер дүние – субъективті ұғым. Ғұлама «о дүние мен бұ дүние біздің ішкі жан-дүниеміздің екі жағы, оның мәнісі–біздің назарымыз бірде өткінші жалған дүниеге бағытталса, бірде барлығы беймағұлым болашаққа, мәңгілікке бағытталған деп біледі. Бірінші жолы, біздің іс-әрекетіміз біздің эмпирикалық өмірімізге тән түйсіктер мен қалыптарға құрылған, екінші жолы, мәңгі бар біздің фәни өмірімізден тыс, құндылықтар мен заңдар және ойлар игі істерге итермелейді. Кейбір адамдар үшін жер беті зұлымдыққа толады, енді біреулер үшін жақсылыққа бөленген баққа айналады. Бұл субъектінің өзіне байланысты оның өз танымы мен өмір жолын қайда бағыттауынан туындайды».

Орта ғасыр космологиясында неоплатонистік және креоционистік көзқарастар бірге қатар өмір сүреді. Екеуінде де жаратылыс жаратушының еркімен жүзеге асады. Біріншісінде Алла әлемді сәулесін түсіру, айнадан өз сұлулығын көру үшін жаратады. Бұл тұрғыдан әлем оның ғажаптығын аңдататын құрал. Ал екіншісінде

Құдай – суретші, мінсіз мүсін жасаушы. Көзге көрінетін әлем – эстетикалық сүйсіну объектісі, Құдай ғажайыбының сипаты. Дүние абсолюттік әдеміліктің сәулеленген шұғыласы. Қайда қарасаң да Құдай дидары нұрланып тұр. Адам сұлулықты көре біліп, тамсанып ғажаптануы, эстетикалық ләззәттана білуі керек. Орта ғасыр дүниетанымында бұл өмірдің сұлулығы о дүние ғажайыбының бейнесі мен көлеңкесі деген қағида басым болды. Идея мәңгі, ол өзендегі суға түскен жұлдыз сәулесі сипаттас тұрақты, ал су үнемі ағып, қозғалыс үстінде ауысып отырады. Өзендегі жұлдыздың өзгермейтін себебі, олардың негізі суда емес көкте. «Әлем – Құдай дидары, көзге көрінетін Құдай сипаты – логос» ретінде адам танымының объектісі болуға тиісті деп білді. Әлемді танудың да өзіндік әдісі бар. Жалған дүниедегі заттар құбылыстарды бейнелі тілмен образдармен сипаттасақ, адам назарына оның бұл дүниелік көзге көрінетін сипаты емес, рухани мәні, ақиқат сыры, астарлы мазмұны сәулеленеді. Сондықтан да, сопылық танымында болсын, тіптен жалпы шығармашылықта Ақиқат жайлы айтылар ойын бернелі оймен перделеп, символдар тілімен жеткізу тән болды.

Мысалы «Кодекс куманикуста» былай жұмбақ жасырады: «Там-там тамызық, Таматұғын тамызық, Көлбедеп жүріп, Күйетұғын тамызық» Жұмбақ шешімі – «көбелек» – сопылық танымдағы кең тараған образдық бейнені жасырады. Көбелектің іс-қимыл әрекетін сипаттау арқылы жұмбақ жасырудың өзі, оның сопылар танымындағы ғашықтық отына шарпылған ақиқат іздеушінің күйімен тікелей ұқсастығын көрсетеді. Ақиқатты отпен бернелеп, ғашық сопының күйін көбелекпен бейнелеген сопылық баяндаудың қимыл-әрекет сипатын осы жұмбақтан айқын көреміз. От айналып көлбедеген көбелектің от жалынына шарпылып лап етіп, тамып түсуінің өзі шындық, айнымас сурет болумен үлкен символдық жүк артуға мүмкіндік берген. Бұл сурет сопының Ақиқатқа деген махаббат отына шарпылуымен қатар, тамызықша лап еткен өзіндік мәнімен Оған ұласуына меңзейді. Махаббат мұхитына тамшы болып қосылып, жоғалады, мүлдем жоғалмайды сол мәнге айналады. Абсолют мәңгілікке өзін жоғалтып, сөйте тұра лап еткен жалынымен, Хақтыққа, өз жарық қызуымен, өз мәнділігін паш етіп барып қосылады. Алайда, жарқ

етіп барып өзін жоғалтуы өзінің сол Ақиқатқа сәйкес екендігінің Ақиқаттан шығып, қайта соған оралатынының айғағы. «Өмір жолы тар соқпақ бір иген жақ, Иілтіп екі басын ұстаған Хақ» деген Абай Құнанбаевтың шумақ жырында да адамның Хақтан шығып, Оған қайта оралатынына нұсқайды. Сопылық символдар әлемінде оттың үлкен символдық мәні бар екенін білеміз. Сондықтан да көбелекті тамызық деп атаудың өзі оның қимыл-әрекетінің мән-маңызын аша түседі. Тамызық сөзінің бүгінгі мәні, өзінен үлкен, отқа қозғау салу, тұтату мағынасына ие. Көбелектің «отқа күйер жынды көбелек» мағынасында жұмбақталмай, өзі күйсе де мәңгі жоғалмайтын мәнге балап, «тамызық» деп аталуы көбелек символының ең терең мәні – Хаққа деген махаббатты өзінің жоғалуымен, яғни мәңгілікке ұласуымен дәлелдей отырып, шәкірт жүрегінде махаббат отын тұтандыруды көздеушінің асыл мұраты. Бұл жұмбақта сопылықта үлкен символдық мәні бар «көбелек», «от», «тамшы» сөздері әрқайсысы өз символдық жүгін көтеріп тұр. Сонымен қатар, олардың өзара бір-біріне сәулесін шашып, әрекеттесуі жаңа образдық бейнелер туғызған.

Қазақ даласында мұсылман дінінің Ақиқат жайлы ілімін жайған Өзірет Сұлтан мәшайық Қожа Ахмет Ясауидің хикметінде «Көбелек болып отқа түстім, шоқ боп ұштым мінеки» деген сөздер бар. «Көбелек те отты алам деп, шоққа түсті боп құмар» деп Шәкәрім Құдайбердіұлы жырлайды. Жұмбақ халықтың ұжымдық ой санасына мейлінше жақын, бұқара көпшілікке түсінікті ұғымдарды қамтитынын ескерсек, жұмбақтардың сопылық танымдағы бейнелі образдарды мол қамтығанына қарап, рухани тұлғаларымыздың имандылық ғибраты халық арасында кеңінен тарағанына, адамдардың рухына азық болғанына көз жеткіземіз.

Сондай-ақ, сөздіктегі жан-жануарларға байланысты жұмбақтарға назар аударсақ жан-жануарларды сипаттауда оларды ерекше қастерлеудің белгісін, киелілік сипат беруді көреміз. Бұл жұмбақтарды жасырудың бір сыры осы күнге дейін халық арасындағы сақталған жан-жануарларды атымен атамау, яғни, эфемизм дәстүрімен ұштасып жатқанын байқаймыз. Халықтың наным-сенімімен тікелей байланысты: «Жұмыртқаны ақ үйге» балауы, «Тырананы шоқпардай алтын басты», «Балықты алтын

қабыршақтың баласы» деуі. Бұлардың бәрі адам баласының жан-жануарлармен өзара қарым-қатынасына мистикалық сыр бүркеп, табиғат әлемі және өзін одан өгейленбегенін және адамның жаратылысқа мән дарытар универсалдылығын түйсінуден туған сезімінен хабар береді. Шаруашылыққа байланысты жұмбаққа назар аударсақ: «Көкше лағым көгенде семіреді» (қауын)

Сол кездегі қауым адамдарының көңіл ұшқырлығына, бейнелі ойының тереңдігіне, ғалам тылсымына жақындығына есептелген бұл жұмбақтар негізінен көңілді селт еткізер сырлы суреттерді әдіс қылған. Сондықтан да, бұл жұмбақтардың шешімін қисындық ақылмен саралау қиын, сезімдік түйсіну арқылы аңдауға болады. Себебі, жұмбақтарға қисындық ой жүйесінің бір түйінін жасырмаған, керісінше әр заттың, құбылыстың бояуы қанық, суреті айнымас, көкейге сәуле түсірер, эстетикалық әсері мен этикалық ғибраты ұштаса жүретін бір сәтін жұмбақтаған. Мысалы: «Аузымды ашсам өкпем көрінеді». (есікті ашқанда оттың көрінуі) Сарайдағы сары айғыр,

Күлдір, күлдір кісінеді (сақырлап қайнап тұрған қазан) Мүлдем жоқ нәрсені жұмбаққа айналдыру мысалына қарасақ: Сенде, менде жоқ, Сеңгір тауда жоқ, Өте берік таста жоқ, Қыпшақта жоқ (құстың сүті).

Бұл жұмбақтан осы дүниеде жоқ, бірақ идея ретінде адамдар санасында өмір сүретін, аңыз әңгімелерде ғана кездесе де, адамдардың образдар әлемінде дерексіздіктің, жоқтың символын бейнелейтін атаулардың болғанын аңғарамыз. Жоқты дәлелдеу үшін сені мен менде жоқ дей келіп, ерекше қастерлі нәрсенің сақталуы мүмкін асқар шыңда, берік таста болмауымен бекітіп, тіптен «қыпшақта да жоқ» екендігімен оның мүлдем жоқтығын түйіндегені назар аудартады. Демек, осыдан қыпшақтар бұл дүниелік материалдық игіліктердің барлығын иеленген халық деген сеніммен ұштас мемлекетшілдік сана көрініс береді. «Құстың сүті» бұл дүниеде жоқ, яғни материалдық зат емес, алайда санада бар, рухани мөлдір әлемде өмір сүретін идея. Аспан әлеміне байланысты жұмбақтарға назар аударсақ, жұлдыздардың бағыт-бағдар анықтайтын орны баса айтылған. Көне замандардан бері ғарыш, аспан әлемі тылсым сыр бүккен, адам тағдырының тылсым

жұмбағын түйген сырлы қазыналы сандық сияқты тәмсілденген, сондықтан оған үңілу, оқу ғылымға ұмтылудың көрінісі:

«Оң мен солды айырған,

Отыз түмен он айдын» (Күн, Ай, жұлдыздар)

«Көзімді салып, көпке дейін оқыдым» (Көк пен жұлдыздар).

Жыл мезгілінің маусымдық өзгерістерін, ауа райын аспан элеміне қарап болжай білген көшпенділер адам, қоғам өміріндегі маңызды құбылыстарды да көк жүзіне қарап, бағамдаған. Көшпенділер мифологиясында жұлдыздар тоғысуына, жұлдыздар шоғырының қозғалысына байланысты, аңыз әңгімелер бар. Көкке қарап көші-қон бағдарын, уақытын белгілеген көшпенділер өмір тәжірибесін аңыз әңгімелерде қалдырып отырған. Қиял ғажайып ертегілерден де аспан денелерінің қозғалысына байланысты таным-түсініктер сұлбасын аңғарамыз. Күннен елші келеді, Күміс шашып келеді Айдан елші келеді, Алтын шашып келеді (Күн мен Айдың шашылған нұр сәулесі) Осы жұмбаққа қарап отырып, халық дәстүрінде берік сақталған «шашу» шашу салтының өзі ертеден келе жатқанын және игілікті, қуанышты іске Алланың нұры төгілсін, қолдасын деген игі тілектен туғанын аңғарамыз. «Жазда жаңа келін иіліп тұрады» (қамыстың басы, үлпілдегі) деп бір ауыз сөзбен, қамыстың самал желге майда шұлғып, толқып, иілуін – ибалы келінге балай бейнелеу, аса шебер сурет. Негізінен батыста кеңінен таралған түсінікте оттың символы – қораз болса, дала мәдениетінде өрттің жалын тілінің сұмандауын кесірткеге балаған. Мына жұмбаққа назар аударсақ: «Кесіртке сияқты, қаны тамып (немесе: кесірткедей сары алтын) қара Ұлысқа жайылады» (от, өрт). Бұл жұмбақтан өрттің алдындағы қорқыныш, үреймен қатар, оны алтынға балап қастерлеуді байқаймыз.

Қортындылай келе, Дешті-Қыпшақ түркілерінің халықтық тілінің негізінде түзілген бұл лингвистикалық сөздіктің аса зор маңызы – бұл бірден бір халықтық сөздік қордан алынып, жазылып қалдырылған ескерткіш. Бұл жазбаны зерттеуде тілдің даму құбылыстарын пайымдаумен қатар, халық дүниетанымының сөздегі таңбасын мейлінше таза, мөлдір күйінде көру арқылы оның эстетикалық таным талғамының мәдени мұраның рухани негіздерін және ұлттық мәдениеттің тұмса табиғатын аңғаруға

болады. Мәселен, «көр» және «бақ» деген синонимдес сөздік түбірді салыстыра зерттеудің өзінен-ақ халық танымындағы бұл дүниедегі жаратынды заттар және метафизикалық жазықтықтағы құбылыстармен қатар абсолюттік рухани әлемдегі таным түсініктердің дербес әрі қатар өмір сүретінін аңғарамыз. «Кодекс Куманикус» халық сөздік қорының ескерткіші екені ескеріле отырып, қыпшақ тіліндегі ұғымдар мен түсініктерге лингво-философиялық талдау жасалынып, оның көркемдік эстетикалық, рәміздік қырларына назар аудару арқылы ұлттық мәдениеттің рәміздік мәні мен эстетикалық қырын аңғаруға болады.

Халық дүниетанымы, оған діннің әсері, осылардың тілдік қорда сәулеленіп көрініс табуын мысалдар арқылы дәлелдеп, тілді жанды құбылыс ретінде танып қастерлеудің маңызы мен ұлттық сананы лингвофилософиялық тұрғыда зерттеудің өзектілігін көреміз. Діннің имандылық ұстыны, бақи мен фәни, өмір мәні жайлы білімнің тілдегі ұғымдардың қалыптасуы мен мән-мазмұн иеленіп, семантикалық жүйесінің баюына негіз болғаны тұжырымдалды. Ежелгі түркі мәдениетіндегі сөздердің, ұғымдар мен түсініктердің адам санасының, оның дүниетанымы мен философиясының жанды куәсі ретіндегі ескерткіштік ғылыми құндылығы, мәдени құбылыс ретіндегі эстетикалық сипаты жан-жақты ашылды. Немістің көрнекті философы К. Ясперс өзінің рәміздің маңыздылығы туралы ойын былай айтады: «Адамзаттың ықылым заманнан бері рәміздер әлемінде өмір сүретінін түсінеміз. Осы рәміздер оның өмірінің мәнін анықтайтын шындыққа айналады. Осы рәміздердегі өмір адамның негіздемелік өмірмәндік құрылымына жататынын түсінеміз. Сондықтан да бұл рәміздердің ерекшеліктерін түсінгіміз келеді, олардың осынау саналуандығын жинақтап, шолып, жүйелегіміз келеді. Рәміздердің мазмұнын ашу адамның өзімен-өзі, өз мәнділігімен, өз субстанциясымен бола алатын кеңістігін ашу деген сөз. Рәміздерсіз ол тұлдырсыз қалғандай жалаңаш, күйкі жанға айналады, бос қалған дүниеде жалаң ақыл-ойымен шарасыздықтың күйін кешеді» [9, 270 б.].

Рәмізді мәдениеттің семиотикасы тұрғысында сараптаған Ю.М. Лотман: «Мәдениет тарихының барлық материалдары элеуметтік кодтар жүйесі мен ауқымды ақпараттар тұрғысынан

талдануы мүмкін, яғни бұл рәміз ақпараттарды белгілерде бейнелеп, ұжымға жеткізуге мүмкіндік береді» дейді [10, 31 б.]. Олай болса, Ю.М. Лотманның пікірінше «рәміз әлеуметтік кодтың маңызды факторы», «рәміз мәдениеттің жадысы» бола отырып, әлеуметтік-мәдени мұраларды жинақтаушы, сақтаушы және жеткізуші болып табылады. Рәмізге адамзаттың көпғасырлық тәжірибесі шоғырланғандықтан көбінесе діни салт-жораларда, әдет-ғұрыптарда орын алып, санада жаңғырып отыратын архетиптік формалар бүгінгі таңға дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. Архаикалық қоғамда ұжымдық тәжірибенің мәліметін сақтап қалуда қатынастың жалғыз тәсілі салт-жоралар мен сөз, миф болды. Мифті рәміз ретінде қарастырған отандық зерттеуші-ғалым С. Қондыбайдың пікірінше «біз мынау жалған дүниені тек рәміздер арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оны қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмаймыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы рәміз арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де – рәміздер» [11, 34 б.] – деп түйіндейді.

Қазақ философиясы тарихының зерттеу нысаны ретінде анықтағанда жүгінеріміз рухани мәнге ие мифологиялық, діни, рәміздік мазмұндағы әдеби және мәдени жәдігерлер. Бұл мұраларды көркем-эстетикалық және танымдық қырлары тұрғысынан қарастыра келіп, сырлы мазмұнның астарынан философиялық мағыналар мен түсініктерді тұжырымдаймыз. Осы мақсатта қолдануға оңтайлы негізгі әдістердің бірі герменевтикалық әдіс және дәстүрлі ұғымдар мен түсініктерді семиотикалық тұрғыда талдау. Қазақ дүниетанымының сопылық іліммен ұштас негізгі ұстанымы бойынша Құдай – Халық деген сипатына сай мәңгі жаратушы. Оның ұлықтығы мен қалауынан (ирадасынан) көзге көрінер дүние сан алуан көптігімен, құлшырған бояуымен, түрленген көркемдігімен жаралып, жасанып, жаңғырып жатыр. Жаратушылық әктісі өзінің мақсатты себебіне ие. Жаратылыстың мақсатты телеологиялық себебі болғандықтан адам осы жаратылыс дүниесінің сырларына бойлау арқылы Хақты – Құдайды та-

нып және сүйе алады. Рухани мұраларда осы адам және Құдай қарым-қатынасын пайымдауда көзге көрінбейтін рухани дүние және періштелер әлемі кеңінен баяндалады, сонымен қатар, көзге көрінер материалдық әлем мен ғарыш та ескерусіз қалмайды.

Өзінің онтологиялық барлығы тұрғысына «жалған дүние» ретінде шәк-күмәнға мүмкіндік беретіндігімен қатар, бұл дүниенің эмприкалық ой мен қабылдау үшін барлығы шүбәсіз шындық. Ғалам мен дүниеге байланысты адамның абсолютті хақиқатты тануына бөгет болуы немесе жәрдем беруі жайлы қарама-қайшы екі түрлі ұғым белгілі. Біріншіден, бас көзімен көретін бұл дүние көптіктің негізі ретінде жалғандығымен белгілі. Бұл дүние – таухид талаптан адасуға себеп болып, өзінің қызыл-жасыл бояуымен, баянсыздығымен адам көңілінде көптеген мақсат тілек тудырушы. Хақ дидарын қалаған талаптанушы мен екі ортадағы перде. Ал, екінші жағынан, дүние-ғалам Құдайдың ғажап кемел сұлулығы сәулеленетін айна, құдайлық ақиқат әлемдегі идеялардың жүзеге асқан формасы. Бұл дүниедегі заттар мен құбылыстарды тану, сұлулығына ғажаптанып эстетикалық ләззәт алу арқылы адам олардың астарынан ақиқатты бағамдайды. Бұл дүниелік заттар талапкерге ақиқат әлемдегі идеялардың формалары ретінде адамның түпкі отанын еске салады. Сондықтан, қазақ дүниетанымында бұл дүниелік заттар адамды ақыреттен бөтен қылатын бөгет ретінде де, оған жақындататын саты ретінде де пайымдалады. Рәміздің мәдени қызметіне тоқталатын болсақ, ақпараттық қатынаста ол өзінің мәнді идеялық-құнды бағдары мен әлемге қатынасы тұрғысынан қарағанда, мәдениет жадысының ерекше конденсаторы іспеттес. Бұл адамның ұжымдық жадысының әмбебап және ықпалды тетігі ғана емес, мәдениет бірлігін синтездеуші принцип.

Рәміздер адамзаттың рухани жасампаздығы мен шығармашылығының барлық сатысын қамтиды. Рәміздің көмегімен адамдар арасындағы ақпараттық қарым-қатынас алмасу жүзеге асады. Рәміздер адамзаттың сан ғасырлық мәдени-тарихи мұраларын және рухани құндылықтарын бейнелеп, дәстүр сабақтастығын сақтайды. Ол рухани құндылықтар мен мәдени жәдігерлердің терең сырлы мән-мағыналарын шоғырландырып, маңыздылығын жоймастан бейнелі көрінісінің формасы ретінде, көркемдік-

эстетикалық мазмұнмен байып, рухани мүмкіндіктерін жаңғыртып, үнемі жүзеге асырады. Рәміз мәдениеттегі таңбалық көрініс ретінде анықтауыш сипатын иеленіп, барлық мәдени құбылыстар мен туындыларды бернелейді. Фәнилік арқылы бақилықты, шектеулі арқылы шексізді, нақтылық арқылы абстрактілікті, материалдықпен идеалдықты бернелеп ұсыну нәтижесінде көзбен көріп қолмен ұстамайтын әлемді санада бейнелеп, осы аралықтарға көпір болып, адам болмысының микрокосмдық әмбебаптық қалпын, танымдық мүмкіндігін анықтайды. Құндылықпен мән-мағына – адам санасының әлеуметтік-мәдени үлгідегі негізгі мазмұнын құрайды. Әр халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын, дүниетанымы мен рухани тәжірибесін, эстетикалық құндылықтарын, тарихы мен мәдениетін һәм әлеуметтік, саяси, қоғамдық тіршілігінің факторларын ескеріп, назарға ала отырып, сол халыққа тиесілі рәміздердің табиғатын ашуға болады. Адамзат тіршілігі барысындағы мәдениеттің қызметі мен дамуына себепші болатын жоғары құндылықтар мен мән-мағыналар, идеялар мен мұраттар көркем айшықты рәміздер арқылы көрініс тауып, рәміз мәдениеттің терең рухани қабатын өз бойынан өткізіп, таңбалық тілдік көріністің барлық жиынтығының орталық анықтауыш құрылымы болып қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Шпенглер О. Закат Европы: Очерки морфологии мировой истории. Образ и действительность. В 2-х т. – Минск: Поппури, 1998. Т. 1. – 688 с.
2. Кассирер Э. Философия символических форм. В 3-х т. – М.: Университетская книга, 2001. Т. 2. – 280 с.
3. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. – М.: Искусство, 1972. – 363 с.
4. Йасауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: «Жалын», 1998. – 656 б.
5. Генон Р. Символы священной науки. – М.: Беловодье. 2002.
6. Бартольд В.В. Новый труд о половцах // Соч. Т. 5. 1968. – С. 393. 160.
7. Құрышжанов А.Қ, Жұбанов А.Қ, Белботаев А.Б. Құманша-қазақша жиілік сөздік. – Алматы. – 1978. – 306 б.

8. Сүлейменов О. «Азия». – Алматы, 1992.
9. Лейнер Х. Символдрама. – Минск: Европейский гуманитарный университет, 2001. – 416 с.
10. Лотман Ю.М. К проблеме типологии культуры // Труды по знаковым системам. – Тарту: Тартуский университет, 1978. – 166 с.
11. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.

1.7. Культурно-ценностная парадигма Казахстана в контексте устойчивого развития общества (на материалах социологического исследования) (Курмангалиева Г.К., Коянбаева Г.Р.)

Современное казахстанское общество включено в общемировой процесс поиска ориентиров дальнейшего духовного развития в связи с осознанием острого конфликта между процессами глобализационного характера, с попыткой создания общечеловеческого социума с единой политической, экономической и духовной составляющими и нарастающей интенцией к суверенизации, как в политико-экономическом, так и в духовном пространстве. В этом процессе определяющую роль могут сыграть идеологические концепции, формирующиеся в контексте решения проблемы «традиция – инновация». Особенно остро это проблема стоит в тех странах, где традиционализм всегда был определяющим базисом в общественных отношениях. Казахстан относится именно к таким странам и для казахстанского общества модернизация общественных процессов через эту дихотомию жизненно необходимое явление, поскольку вне этого процесса невозможно формировать конкурентоспособное сообщество и поддерживать его устойчивое развитие.

Концепция устойчивого развития сформулирована как фундаментальная задача, стоящая перед мировым сообществом, и она положена в основу масштабной программы ООН и ЮНЕСКО – «Преобразование нашего мира: повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года», принятая Генеральной ассамблеей ООН в 2015 году в качестве плана лучшего будущего для всех [1]. В данной Повестке дня сформулировано 17 глобальных целей, которые уточняются в конкретных 169 задачах. Обращаясь

к истории, можно напомнить, что определение устойчивого развития было дано Брундтландской комиссией в 1987 г. [2], и в его основание закладывались две важные идеи: с одной стороны, это развитие, соответствующее и удовлетворяющее требованиям настоящего времени, с другой стороны, это такое развитие, которое не подвергает риску возможность будущим поколениям развиваться и удовлетворять свои потребности в соответствии с запросами своего времени.

Устойчивое развитие в современном рассмотрении означает не только экономическую стабильность, оно включает в себя достижение взаимосвязанных друг с другом и взаимозависимых целей – экономического благосостояния, качества окружающей среды и социального равенства [1]. Триединство цели устойчивого развития обеспечивается механизмами, лежащими в основе функционирования и развития культуры, образования, воспитания, заложенными в них императивами нравственности. В контексте задач устойчивого развития важное значение приобретает современная модернизация культурного пространства Казахстана, которое закономерно связано с культурой прошлого, с решением уже обозначенной проблемы «традиция – инновация». В данном тренде культурное наследие прошлого играет иную, чем это было в прежние времена казахстанского общества, роль. Оно становится неотъемлемой частью настоящего, его органической частью, позволяющей конструировать не только ценности настоящего, но и проецировать их в будущее, задавая новые направления развития классических ценностных ориентиров.

Культурное наследие, включающее в себя как материальное, так и нематериальное наследие, в особенности последнее, в контексте задач модернизации общественного сознания казахстанского общества, его устойчивого развития представляет особый исследовательский интерес, так как позволяет решать проблемы идентичности, межпоколенческой преемственности, развития и др. В Конвенция об охране нематериального культурного наследия от 17 октября 2003 г. утверждается, что нематериальное культурное наследие «означает обычаи, формы представления и выражения, знания и навыки, – а также связанные с ними инструменты, пред-

меты, артефакты и культурные пространства, – признанные сообществами, группами и, в некоторых случаях, отдельными лицами в качестве части их культурного наследия. Такое нематериальное культурное наследие, передаваемое от поколения к поколению, постоянно воссоздается сообществами и группами в зависимости от окружающей их среды, их взаимодействия с природой и их истории и формирует у них чувство самобытности и преемственности, содействуя тем самым уважению культурного разнообразия и творчеству человека.

«Нематериальное культурное наследие», как оно определено выше, проявляется, в частности, в следующих областях: *a)* устные традиции и формы выражения, включая язык в качестве носителя нематериального культурного наследия; *b)* исполнительские искусства; *c)* обычаи, обряды, празднества; *d)* знания и обычаи, относящиеся к природе и вселенной; *e)* знания и навыки, связанные с традиционными ремеслами» [3]. Поэтому для философского осмысления значения нематериального культурного наследия особенно важно, что оно является гарантом устойчивого развития.

Стратегия устойчивого развития настоятельно ставит проблему сохранения нематериального культурного наследия, обогащения им современной культуры, поскольку в общем и целом культурное наследие является фактором обеспечения культурного разнообразия, гарантом устойчивого развития и воспитания молодого поколения, средством формирования идентичности, фактором и инструментом поддержания мира и стабильности, формирования социального капитала и общественного согласия. На базе культурного наследия можно выстраивать эффективные социальные стратегии развития общества в современных условиях, что в определенной мере констатируется общественным мнением казахстанцев.

На вопрос: ***Что, на Ваш взгляд, помогает казахстанскому обществу устойчиво развиваться?*** участниками массового анкетного социологического опроса, проведенного Центром бизнес-информации, социологических и маркетинговых исследований BISAM Central Asia по заказу Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК в августе-сентябре 2021 года, были

получены ответы, подтверждающие основополагающую характеристику казахстанского общества как традиционного общества, в котором респондентами признаются в качестве факторов успешного устойчивого развития *сохранение общечеловеческих ценностей* (любовь, доброта, забота о ближнем и т.д. (55,3%) и *сохранение культурной памяти и ценностей материальной культуры прошлого* (44%). Формирование социального государства (22%) и гражданского общества (21%) видят в качестве данного фактора менее четверти респондентов.

В апреле 1994 г. Казахстан присоединился к Конвенции ЮНЕСКО «Об охране всемирного культурного и природного наследия», Законом от 21 декабря 2011 г. № 514-IV он ратифицировал Конвенцию ЮНЕСКО «Об охране нематериального культурного наследия». В стратегических документах нашего государства, прежде всего в Стратегии «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства», статьях Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», «Семь граней Великой степи», в Послании Президента нашей страны К.К. Токаева «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» содержатся важнейшие положения, отражающие дух стратегии устойчивого развития, выраженной в документах ООН и ЮНЕСКО. Президент К.К. Токаев подчеркивает, что Казахстан, входя в новую эпоху, время глобальной нестабильности и вызовов должен сохранять свои ценностные ориентиры, четко видеть образ будущего.

Сохраняя жизненный принцип «единства в многообразии» и делая его незыблемым, Казахстан следует в этом отношении основополагающим принципам, провозглашенным мировым сообществом о сохранении своего культурного многообразия, как в отношении материальной культуры, так и нематериальной культуры, и следует повестке дня в области устойчивого развития. Это подтверждается и данными проведенного социологического опроса. Чуть более половины казахстанцев (56,2%) вне зависимости от национальной, гендерной и демографической принадлежности видят в качестве модернизационного потенциала культуры Казахстана культурное многообразие, присущее казахстанскому обществу, что

вполне ожидаемо, так как этот ресурс действительно своеобразная визитная карточка полиэтнического и многоконфессионального Казахстана.

В ходе данного исследования была сделана попытка выявить отношение казахстанцев к проблеме «традиция – новация» сквозь призму оценки традиционных форматов жизнедеятельности, осознания ценностного контента исторического прошлого, понимания культурных процессов и культурного наследия в обществе, перспектив их развития под влиянием внутренних и внешних факторов. Задаваясь целью изучения общественного мнения казахстанцев по проблеме роли и значения культуры в устойчивом развитии Казахстана, экспертам в области культуры – представителям организаций управления культурой, ученым-культурологам, деятелям культуры, художникам, актерам и др. – был задан следующий вопрос: *На Ваш взгляд, современное духовно-культурное пространство Казахстана характеризуется устойчивостью, гармоничным взаимодействием всех составляющих его элементов или же оно не устойчиво, а возможно, аморфно?* Каковы его перспективы с точки зрения стратегии устойчивого развития? Мнения респондентов разделились, так как было отмечено, что вопрос сложный, требующий детальной разработки, как в теоретическом, так эмпирическом плане. Одни из них считают, что духовно-культурное пространство Казахстана развивается в сторону устойчивости и возрастания духовности, другие возражают или сомневаются в его устойчивости, признавая в настоящее время его неустойчивость. В отношении перспектив дальнейшего развития в контексте стратегии устойчивости экспертов в большей степени волнует и вызывает опасения вопрос радикализации, в частности ислама, на территории Казахстана.

В массовом анкетном опросе в ответах на вопрос: *С Вашей точки зрения, чего не хватает казахстанскому обществу для успешного, позитивного развития?* для 39,7% и 38,5% респондентов, важнейшими факторами, препятствующими успешному развитию казахстанского общества, являются, соответственно, *образованность и уважения прав и свобод личности*. Высок запрос и на *социальную справедливость* (31,5%). Примерно четверть опро-

шенных (25,6%) полагают, что казахстанцам не хватает патриотизма, это процент выше у представителей коренного этноса (30,9%) и ниже у представителей других этносов (17,6%).

К ценностям, способным обеспечить стабильное развитие общества, респонденты относят ценности общего традиционного плана: *позитивное отношение к традициям* – 33,3%, *уважение к старшим, принятие авторитета старших* – 48,5%, (47% молодежь от 18-25, 55% респонденты старше 55 лет). Менее пятой части опрошенных полагают таким фактором *восприимчивость к инновациям и готовность меняться* (17,5%), а также *стремление к знаниям, профессионализм* (19,2%), что в очередной раз подчеркивает приверженность казахстанского общества традиционным форматам жизни. В качестве стабилизирующего фактора *положительное отношение к религии* полагают 8,4% респондентов, самый высокий показатель демонстрируют жители Алматинской области (20,3%), а самый низкий Западно-Казахстанской области (1,9%).

В контексте устойчивого развития казахстанского общества респонденты подчеркнули следующие **особенности национальной культуры казахов**, которые важны для перспектив его дальнейшего упрочения: *миролюбивость и открытость национальной культуры казахов и их положительное отношение к традициям и культуре других народов* видят в качестве фактора устойчивого развития 48,9% и 44% опрошенных. Этот показатель совпадает у представителей разных этносов, проживающих в Казахстане. *Положительное отношение к религии, религиозным верованиям и ценностям* полагают в качестве данного фактора лишь 20% респондентов. Лишь треть опрошенных (29,5%) *выделяют стремление к знаниям, преодоление неграмотности*, что подтверждает существующее мнение о потере интереса к получению образования у молодежи.

Ценностное значение и роль культуры тонкими нитями связаны с экономическими, политическими, социальными проблемами развития общества. Культура позволяет осознать во всей полноте бытие человека и общества, посредством исторической памяти в культуре выделяется самое ценное и значимое, культура воспитывает новые поколения в преемственной связи с национальной

и общемировой историей. Важным шагом и исторически значимым событием современной казахстанской истории стала государственная программа «Культурное наследие» (2004-2011), выполнение которой было нацелено на «создание целостной системы изучения культурного наследия народа; воссоздание значительных историко-культурных и архитектурных памятников; обобщение многовекового опыта национальной литературы и письменности и создание развернутых художественных, научных, биографических серий; создание на государственном языке полноценного фонда гуманитарного образования на базе лучших достижений мировой научной мысли, культуры и литературы» [4].

Эта программа выполнила свою первоначальную функцию, но она не должна остаться разовым актом, а должна быть продолжена в силу востребованности в настоящих условиях новых переводов для фонда гуманитарного образования и открытости поставленных ею проблем и задач, характера и силы ответов на вызовы времени, непрерывности культурно-исторического процесса и целостностной представленности культуры. Культура – исторична. Категория исторического наполняет сознание человеческого существа, делая его личностью в обществе, а некоторых выдающимися и великими личностями. Осмысление исторического происходит в хронологической структуре из трех стадий – прошлого, настоящего и будущего.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің барлығында дерлік діни құндылықтардың арасында сенім мен иман, үміт пен сүйіспеншілік, ихсан мен ықылас, шынайылық пен тақуалық, ерік еркіндігі мен жауапкершілік, ар-ұят пен парыз және т.б. маңызды орын алады. Осы құндылықтарға сүйеніп, тұлғаның психологиялық тұрғыда салауатты және рухани тұрғыда жетілдіруі бүгінгі күні практикалық маңызға ие болып отыр. Адамның өмірлік қиыншылықтарды жеңуінде, ішкі және сыртқы қайшылықтарын шешуінде, өзінің адами абыройын сақтай отырып, өзгелерге қайырымдылық, ізеттілік, мейірімділік көрсетуінде адамның руханилығы негізгі «ресурс» болып табылады. Әсіресе, өтпелі кезеңдердегі құндылықтар қақтығысы орын алып, бұрынғы әлеуметтік тәртіптер шайқалып, бей-берекетсіздік белең алған тұста өмірдің мәні мен сүйенішін беретін құндылықтар қатарына, ресейлік зерттеуші Котенева «сенім, үміт және махаббат тәрізді христиандық діни құндылықтардың маңызын, олардың тұлғаның рухани атап көрсетеді [6]. Соңғы кездері осы іргелі құндылықтардың қатарына дінішілік және дінаралық сұхбат құндылығы алдыңғы орынға көтеріле бастады. Бүгінгі геосаяси ахуалдарға діннің ықпалы қандай болмақ деген сұрақ саясаткерлермен қатар, дін қайраткерлерін де толғандырып келеді.

Жер бетін мекен еткен адамзат баласы әрқилы антропогендік, әлеуметтік және экологиялық сипаттағы апаттар мен сілкіністерді тудырған ХХ ғасырды артқа тастап, жаңа ғасырдың, жаңа мыңжылдықтың табалдырығынан аттағалы да біраз болды. Дүниежүзілік және жергілікті соғыстар мен қақтығыстар, небір зобалаң мен зұлматтарды бастан өткізген адам баласы жаңа ғасырдан бейбітшілік пен өзара түсіністік күтетіні рас. Алайда лаңкестік әрекеттермен басталған жаңа ғасыр бұл үмітті ақтай қоймай тұр. Бір ата, бір анадан тараған адам баласының татқаны бір, тағдыры бөлек болып мынау тұрлауы жоқ жалған дүниенің сан

қырынан бақыт іздеп сандалғанымен тұрақтар жері, дамуы мен өсіп өркендеуіне себеп болар ең негізгі нәрсе бейбітшілік екенін әркім біле бермейтін секілді.

Осы себепті бүгінгі таңда қозғалып жатқан діндер арасындағы сұхбаттық дискурс мейлінше маңызды болып отыр. 2001 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы «Өркениеттер арасындағы сұхбаттың жаһандық күн тәртібі» атты қарар қабылдады. Онда барлық өркениеттердің адамзат келбетінің бірлігі мен әр алуандығын мойындай отырып, олардың өзара сұхбат арқылы одан ары дамыту, сондықтан жалпы адамзат алдындағы барлық кешенді мәселені шешу үшін осы өркениеттердің ортақ тұстарына бет бұру қажеттілігі айтылады.

Бұл сұхбат пен серіктестік дискурсының қажеттілігін Қазақстан Республикасының бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаев та өзінің «Өркениеттер серіктестігі мен жаһандық қауымдастықтарды түбегейлі жаңартудың стратегиясы» атты еңбегінде ерекше атап өтеді: «Табалдырықты аттаған ХХІ ғасыр – бұл адамзаттың бетпе-бет келген жаңа жаһандық мәселелерін шешудегі өркениеттер бірігуінің, олардың сұхбаты мен серіктестігінің дәуірі. ХХІ ғасырдың басындағы қазіргі әлем – бұл адамзаттың тарихи мұрасы мен қазіргі болмысының кеңістіктегі әр алуандығын көрсететін жергілікті өркениеттердің әлемі екендігін баса айту қажет. Бұл әр алуандылықты серіктестік ұстындарында сақтау мен дамыту ғана осы өркениеттердің болашақ гүлденуіне кепілдік береді, олардың арасындағы қақтығыс пен қару қолдану қаупінен құтылуға көмектеседі» [7, 13 б.].

Бұл тұрғыдан алғанда, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өркениетаралық және дінаралық сұхбатты сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де іске асырып жүрген әлемдік деңгейде көрнекті қайраткер екендігін атап өткеніміз жөн. Елімізде тәуелсіздік жылдары барысында жүргізілген ұлтаралық татулық пен рухани келісім идеологиясы ұлтаралық және дінаралық татулықтың өзіндік қазақстандық үлгісін қалыптастырды. Оған қоса, қоғамдық өмірдегі діннің барған сайын өсе түскен рөлін толықтай ұғынған Нұрсұлтан Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер форумын Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астанада өткізу идеясын ұсынды.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары дін саласындағы мемлекеттік саясат елеулі жетістіктерге жетті. Сонау 1980-жылдардың аяғында мемлекет мәжбүрлік атеизмнен, дін қайраткерлері мен қарапайым діндарларды қудалаудан бас тартты. Осының арқасында, Қазақстан азаматтары дін ұстану бостандықтары, діни ұйымдар мен бірлестіктерді құру, діни әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді орындау мүмкіндігіне ие болды. Осы саясаттың арқасында қазіргі кезге дейін ұлтаралық және конфессияаралық жағдай қалыпты қалпын сақтап келеді. Десек те, сыртқы ықпалдың күшеюі салдарынан мемлекет әртүрлі тетіктер арқылы бұрынғыдан да белсендірек төзімділікті тәрбиелеуі, этносаралық және дінаралық қатынастардың одан әрі жарасымдылығын сақтауға күш салуы қажет. Әсіресе, жат жерлік теріс пиғылды діни ағымдардан қорғану үшін діни сауаттылықтың сапасын арттыру қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, діни дүниетанымдық негізде оқыту Республикалық ислами діни бірлестік «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» (ҚМДБ) қатысуы арқасында негізі қаланып, жүзеге асырылады. «Бұл ел тұрғындарының дінді дұрыс қабылдап, жүйелі түрде меңгеруінен, оларды рухани-танымдық құндылықтарға, мінез-құлық нормаларына баулудан, рухани-танымдық тәрбие беруден, рухани жан-жақты жетіліп, тұлғасын қалыптастырудан, оларды діни дүниетанымдық, мәдени, рухани өзіндік айқындалуынан көрініс табады» [8, 5 б.].

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдардан бастап рухани келісім мен дінаралық татулық саясатын берік ұстанып келеді, сол себепті де кейінгі кеңестік елдердің біршамасында орын алған қарулы қақтығыстар біздің елімізде орын алған жоқ. Президенттің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында және Қазақстан Республикасының басқа да стратегиялық құжаттарында «сұхбат» пен «сұхбаттық ойлау» тұжырымдамалары демократиялық Қазақстанның мемлекет құраушы құндылықтары болып табылады. Өйткені сұхбат – ол мәдениеттер мен діндер әралуандығының сұхбаттық дискурсы дамуын табатын болмыстық негіз. Мәдениеттер мен діндердің сұхбаты – ол қазіргі Қазақстанның тренді, оның өз дамуының келешегі бар. Алайда, қазіргі жағдайда бұл тренді тұрақты ұстап қана қоймай, оны барлық бағыттарда

кеңейтіп, тереңдетудің қажеттілігін де айта кету жөн, бұның бәрі қазақстандықтардың «бейбіт өмір сүруі» үшін маңызды. Оған қол жеткізу ойлаудың сұхбаттық құндылықтық парадигмасымен байланысты.

«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2013 жылғы Жолдауы аясында дамыған отыз елдің қатарына кіру шарттарының бірі дәстүрлер, мәдениеттер мен діндердің теңдестірілген үйлесімін қабылдауды, мәдени алмасумен байытуды қажет ететін ойлаудың сұхбаттық парадигмасын қалыптастыру болып табылады. Қазақстан халқының рухани бірлігін нығайтуды көздейтін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы да дәстүр мен қазіргі заман арасындағы ұлы сұхбаттың тұжырымдамасын алға тартады.

Ұлтаралық татулық пен дінаралық сұхбат елімізде ауадай қажет болғандықтан өкіметіміз бұл салада бірқатар маңызды бағдарламалар қабылдады. Айталық, этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіру бағдарламасы. Бұл бағдарламаның аясында «республикадағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімділігі үшін жағдай туғызылады; ұлтаралық және дінаралық толеранттылықтың ұстындары мен қалыптарын бекітіледі, көпэтносты және көп-конфессионалды қазақстандық қоғамдағы азаматтық келісімнің әлеуметтік-психологиялық негізі ретіндегі этномәдени алуантүрлілік құрметтеледі, қабылданады және түсініледі; республиканың діни бірлестіктері арасында өзара түсіністік пен төзімділік бекітіледі; қоғамдық келісім мен азаматтық татулықты қамтамасыз ету мақсатында сұхбат мәдениеті мен рухани құндылықтарды дамыту ісінде мемлекеттік органдардың, ұлттық, мәдени, діни және өкіметтік емес ұйымдардың ынтымақтастығы күшейеді; этномәдени түзілімнің жүйесі қалыптастырылады деп күтілді» [9].

Дінаралық және этносаралық татулықты дамыту қазіргі қазақстандық қоғам тұрақтылығының басты факторларының бірі болып қана қоймай, мемлекеттік ұлттық қауіпсіздіктің негізгі бөлігі болып табылады. Біздің қоғамның дамуы – еліміздің кез келген азаматының көзқарастары мен нанымдарына төзімділік және

құрметпен қарауға негізделген. Осылайша Қазақстан хошкөрушілік пен дінаралық татулықтың өзіндік қайталанбас үлгісін қабылдаған. Н.Ә. Назарбаев: «Біздің ұлтаралық және дінаралық татулық моделіміз – Қазақстанның әртүрлі конфессиялардың әрекеттестігінің жалпы дүниежүзілік үдерісіне қосқан үлесі. Бізді халықаралық аренада тап осылай қабылдағанын тілейміз» деген.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Қазақстан – дүние жүзіндегі мұсылмандар, православиеліктер, католиктер, протестанттар, буддистер, яһудилер тату тұрып жатқан жалғыз орын. Бәрі бірге жиналып, өздерінің барлық проблемалары туралы айта алатын жалғыз жер» [10]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары аймақтағы және әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа бағытталған бірқатар бастама ұсынды. Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының съезі Қазақстанның аса маңызды бастамасы болды. Бұл – діндер және өркениеттер арасындағы шиеленістерді сабасына түсіруге себепші болатын дуалы ауыз дін басшыларын біріктіретін бірегей форум. Қоғамдағы діннің барған сайын өсе түскен рөлін толықтай ұғынған Президент Н. Назарбаев әлемдік және дәстүрлі діндер форумын Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астанада өткізу идеясын ұсынды. Қазақстан Елбасының ниеті бойынша, ортақ мәселелер негізінде құрылған дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының арасындағы диалог өзара ынтымақтастықтың келешегін кеңінен ашып, қазіргі заманның зорлық, фанатизм, экстремизм және лаңкестік тәрізді жағымсыз көріністерін еңсеруге түрткі болады.

2003, 2006, 2009, 2012, 2015 және 2018 жылдары Астанада өткен Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының съездері тәуелсіз Қазақстан тарихында ғана емес, әлемдегі аса ірі халықаралық іс-шаралардың бірі болды. Форумдардың сәтті өтуі Қазақстанға үлкен саяси дивидендтер әкелді, қазіргі заманның аса өзекті проблемаларына барабар жауап беретін кемелденген мемлекет ретінде халықаралық аренадағы беделінің артуына себепші болды. Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының съезі Қазақстанның дінаралық сұхбат үдерісіне қосқан қомақты үлесі болды және төзімділік, өзара түсіністік пен ынтымақтастық қағидаттарын нығайтуда әлемдік қауымдастықтың алдында айрықша орын алды.

Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Бірінші съезі 2003 жылдың 23 қыркүйегінде болып өтті. Бұл ұлағатты жиынды өткізу идеясын ұсынған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болса, бұл идеяны Әлемдік ислам лигасы, Әлемдік еврей конгресі, Ватикан, Орыс православие шіркеуі және тағы басқа толып жатқан діни бірлестіктер мен топтар, БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық қауымдастықтар құптап, қатысуға келісім берді. Сөйтіп, аталған съезге Азия, Африка, Таяу және Орта Шығыс, Америка, Канада, Еуропа елдерінен 18 делегация келді.

Бірінші съездің басты басымдылықтары болып мыналар белгіленді: адам тіршілігінің мызғымас қағидаттары ретінде бейбітшілікті, келісім мен төзімділікті қабылдау; діндер, конфессиялар, ұлттар мен этностар арасындағы өзара сыйластық пен төзімділікке қол жеткізу; адамдардың діни сезімін кикілжіңдер мен әскери іс-әрекеттерді ушықтыру үшін пайдалану талпыныстарына қарсы тұру. Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Бірінші съезінің қорытындылары бойынша «Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Бірінші съезінің Декларациясы» қабылданды.

Съезге қатысушылар:

«...Әр адамның өз дінін еркін таңдауына, танытуына және ұстануына деген өз құқығын мойындай отырып,

Дінаралық үнқатысуды халықтар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді орнықтырудың аса маңызды құралдарының бірі деп санай отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да мүдделі халықаралық және өңірлік ұйымдардың, сондай-ақ үкіметтердің, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өркениеттер арасындағы үнқатысуды өрістету жөніндегі күш-жігеріне қолдау білдіре отырып,

Діннің бүкіл адамзаттың игілігі үшін маңызын қуаттай отырып,

Дінді дұрыс түсінбеушілікті және діндер арасындағы айырмашылықты менменшіл, бүлдіруші және зорлықшыл мақсаттарға қол жеткізудің құралы ретінде дұрыс пайдаланбаушылықты айыптай отырып,

Адам өмірінің қасиетпен сыйлануына және әр адамның артықшылығына деген құрмет дәрежесінің кеміп бара жатқандығын,

Кедейлік, аштық, сауатсыздық, аурулар, имансыздық, сондай-ақ таза су мен денсаулық сақтауға қол жеткізудің шектеулілігі туғызатын жаһандық тұрақтылыққа төнген елеулі сынақтарды,

Дауларды шешудің негізгі құралдары ретінде қанауды, қатыгездік пен зорлықты пайдалануды,

Дүние кұрсауында қалған, қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін қатерлі салдары бар экологиялық дағдарысты түйсіне отырып» [11, 137 б.], былай деп Мәлімдеме жариялады:

«Төзімділік, ақиқат, әділдік және сүйіспеншілік секілді құндылықтарды өрістету кез келген діни уағыздың мақсаты болуы тиіс,

Экстремизмнің, лаңкестіктің және дін жолында делінетін зорлықтыңбасқа формаларының діннің шынайы түсінігімен ешқандай ортақтығы жоқ, олар адам өмірі үшін қатер болып табылады және, тиісінше, қабылданбауы тиіс,

Діни нанымдар мен ұстанушылықтың сан алуандығы өзара күдіктенушілікке, кемсітушілік пен қорлаушылыққа емес, әр дін мен мәдениеттің бірегейлігін көрсететін өзара қабылдаушылық пен үйлесімділікке жеткізуі тиіс,

Дін төзімділік пен өзара қабылдаушылықты барлық халықтардың бейбіт қатар өмір сүруінің елеулі құралы ретінде мойындай отырып, ынтымақтастыққа көбірек ұмтылуы тиіс,

Ағартушылық бағдарламалар мен әлеуметтік қатынас құралдары дін мен мәдениеттерге деген оң көзқарасты өрістету жөніндегі маңызды аспаптар болуы тиіс,

Дінаралық үнқатысу қоғамдық даму мен барлық халықтардың әл-ауқатын жақсартудың, түрлі мәдениеттер мен діндер арасындағы төзімділікті, өзара түсінушілік пен үйлесімді ынталандырудың шешуші бір әдісі болып табылады, сондай-ақ жанжалдар мен зорлықты еңсеруге жәрдемдеседі,

Барлық адамдар қауымдастығы жеккөрушілікті, өшпенділікті, төзбеушілік пен дәріптеушілікті еңсеруге ынталандыруы тиіс. Біз жаңа мыңжылдықтабейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатымен рухани құндылықтар мен үнқатысу мәдениетін өрістету ісінде ынтымақтастықты күшейтуге тиіспіз. Біз діни айырмашылықтарды жеккөрушілік пен дұдараздықтың құралы ретінде пайдалануға

жол бермеу және адамзатты діндер мен мәдениеттердің Жаһандық жанжалынан қорғау үшін барлық күш-жігерімізді жұмылдыруға әзірміз,

Біз адамзат үшін бейбітшілік пен прогресті қамтамасыз ету жөніндегі және болашақтағы үйлесімді дүниенің негізі ретінде қоғамдарда тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бірлескен іс-қимыл күтеміз,

Біз Қазақстан Республикасына және Жоғары мәртебелі Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа осы съезге бастамашы болып өткізгені үшін алғыс айтамыз,

Біздің міндеттемелеріміз шапағатты болсын және барлық халықтарға әділдік, бейбітшілік және өркендеу сый болсын» [11, 137-138 бб.]. Сондай-ақ съезге қатысушылар жер шарында бейбітшілік пен келісімді орнықтыру ісіндегі діннің рөлі туралы сұхбаттасудың жемісті сипатын назарға ала отырып және бүкіл әлем діндері өкілдерінің арасындағы сындарлы үнқатысудың қажеттілігі туралы ортақ түсінікті білдіре отырып, Съездің атауын және тұрақты хатшылықты бекітіп, съезді кем дегенде әр үш жыл-сайын өткізіп тұру және келесі жиынды астанада өткізу туралы Шешім қабылдады.

Дүниежүзілік және дәстүрлі діндердің басшыларын бір үстелдің басына жинау айғағының өзі үлкен халықаралық деңгейдегі баға жетпес прецедент болды деуге болады. Тарихқа көз жүгіртсек, өткен замандарда діни айырмашылықтарға байланысты қырғын соғыстардың болғанын теріске шығаруға болмайды. Айқыш соғыстары соның бір дәлелі. Дегенмен, сұхбат пен келісімге келудің де үлгілері болды. Христиан дінінің әлемдік тарихында ерекше бір оқиға несториандық патриарх Тимофейдің понтификаты дәуірінде (780-819 жж.) орын алды.

Дүниежүзілік діндер съезіне ұқсас шараны XIII ғасырда Қаракорымда Шыңғыс-ханның өткізгені туралы дәл емес деректер тарихнамада кездеседі. Дегенмен, дінаралық сұхбат мәселесі соңғы жүзжылдықтарда өзекті түрде көтеріле бастады. Христиандар мен мұсылмандардың алғашқы ресми кездесуі 1970 жылы 20 желтоқсанда Ватиканда жүзеге асты. Конфессиялар арасындағы келесі бір маңызды шаралар 1972 жылдың 18 шілдесінде Ливанда-

ғы ислам-христиан кездеуінде, 1974 жылдың 9-15 қыркүйегінде Кордовадағы ислам-христиан конгресінде, 1974 жылдың 11-17 қарашасында Тунистегі христиан-ислам коллоквиумында, 1986 жылы Италияның Ассизи қаласында экумендік бата жасауға көптеген дін өкілдерінің жиналуы діндер арасындағы сұхбатқа жол ашты. Ал Әлемдік және дәстүрлі діни конфессиялардың Бүкілдүниежүзілік съездерінің Астанада өткізілуі осы дінаралық сұхбатты одан ары дамыта түсті және бұл үдеріске әртүрлі дін өкілдері мекен ететін біздің еліміз де белсене араласты [12, 102 б.].

Осындай халықаралық және жергілікті форумдарда дінаралық сұхбат мәселесінің көтеріліп, талқылануы қазіргі әлемде діннің өте маңызды рөл ойнайтынын, діннің ізгілік пен бейбітшілік негізінде адамдар мен қоғамды топтастыра алатынын, діннің заман талаптары мен қауіптеріне лайықты жауап бере алатынын, діннің адамгершілік мәдениетті көтеретінін, дінаралық келісімнің игілік екенін мойындауға әкеледі .

Дүниежүзілік және дәстүрлі дін лидерлерінің Екінші съезі 2006 жылдың 12-13 қыркүйегінде болды. Екінші съезге дүниенің түкпі-түкпірінен 29 делегация қатысты, жоғары деңгейдегі діни лидерлер мен қоғамдық қайраткерлер қатысып, әлемдік масс-медианың шоғыры көп болды. Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Екінші съезінің тақырыптамасы «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» деп аталды. Съездің қорытындылары бойынша бүгінгі әлемде діннің рөлі туралы олардың түсінігін бекіткен Декларацияда жаһандық бейбітшілікті орнату үдерісіндегі дүниежүзілік дінбасыларының рөлін нығайтуға бағытталған үш жылдық диалог пен бірлесіп істеген жұмыс кезінде қол жеткізілген уағдаластық өз көрінісін тапты. «Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Екінші съезінің Декларациясы» атты қорытынды құжатпен қатар «Дінаралық диалог қағидалары» қабылданды.

Съезге қатысушылар жер бетіндегі барлық діндердің ізгі адамдарына үндеу жариялады:

– оларды өзара жауласудан, ұрыс-керістен, жеккөрушіліктен бас тарутға және өзара құрмет, шынайылық және мәдени, діни және өркениеттік саналуандылықты тану ахуалында өмір сүруге шақырамыз;

– діндерді не бөлетініне емес, оларды не біріктіретініне назар аудара отырып, соқыр нанымды, басқа діни дәстүрлерді елемеушілік пен бұұрмалап түсіндірушілікті еңсеру үшін бірлескен күш-жігер қолдануға деген өз табандылығымызды жариялаймыз;

– барлық формадағы лаңкестікті айыптаймыз, өйткені, әділдікті қорқыныш пен адам қаны арқылы тұрғызуға болмайды, ал мұндай құралдарды дін мақсатында пайдалану ізгілік пен үнқатысуға шақыратын кез келген діннің қағидаларынан ауытқушылықты білдіреді;

– діннің агрессияшыл болмысы туралы барлық жалған ойлар мен қасаңдықтарды, сондай-ақ қандай да бір дінді лаңкесшілдікпен байланыстыру әрекетін қабылдамаймыз;

– бүкіл діндерді адамзаттың аман-саулығын, қадір-қасиеті мен бірлігін уағыздайотырып, лаңкесшілдіктің барлық себептерін жою жолында бірлесе еңбектенуге шақырамыз;

– бін діндіұстанушыларды екіншісі айналдыруға бағытталған қандай да бір қысым көрсету мен күштеу әрекеттерін өзіміздің қабылдамайтынымыз туралы мәлімдейміз;

– өзара түсіністікке, ынтымақтастық пен әлеуметтік үйлесімге қол жеткізу ісіндегі білім берудің, жастар саясаты мен ортақ мәдениетке тәрбиелеудің өзекті рөлін қуаттаймыз [11, 327 б.]. Бұл съезге қатысушылар келесі алқалы жиынды үш жылдан кейін Астанада өткізуді бірауыздан мақұлдап, Съездің бұдан былайғы қызметіне қолдау білдіруге БҰҰ Бас Ассамблеясының назарын аудару керек деп шешті.

Дүниежүзілік және дәстүрлі дін лидерлерінің Үшінші съезі Астана қаласында 2009 жылдың 1-2 шілдесінде болып өтті. Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Үшінші съездің тақырыбы *«Төзімділікке негізделген әлемді, өзара сыйластық пен ынтымақтастықты құрудағы дінбасыларының рөлі»* деп аталды. Үшінші съезд алдыңғы съездердің дінаралық үнқатысуды, өзара түсіністік пен бейбіт ынтымақтастықты дамытуға қокан үлесін мойындап, сондай-ақ хатшылықтың жұмысына ризашылық білдіре отырып, *«Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының III съезіне қатысушылардың үндеуі»* атты қорытынды құжатты қабылдады. Діни және саяси лидерлерге, қоғам қайраткерлеріне,

оқымыстыларға, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлем жұртшылығына арнап мынадай «шақыру жолданды:

1) шынайы дінаралық үнқатысуды орнату үшін діни лидерлер мен ұйымдардың күш-жігеріне тұрақты қолдау білдіруге және жәрдемдесуге, сондай-ақ адамзаттың өзекті мәселелерін, оларды шешудің лайықты жолдарын әзірлеу мақсатында қарастыруға, осы арқылы қоғамда дін атқара алатын және атқаруға тиіс оң рөлді мойындауға;

2) әрбір дін мен мәдениеттің бірегейсипатын түсінуге білім арқылы жәрдемдесуге, өзара түсіністік пен құрметті жақсартуға бағытталған діндер мен өркениеттердің үнқатысуына қолдау білдіруге;

3) жария өзгешеліктерді құрметтеу негізінде қоғамның бірлігін сақтау үшін саяси мақсаттарда дінді немесе діни айырмашылықтарды бүлдіре пайдалануға қарсы тұруға;

4) білім саласындағы мәдени айырбастар мен ынтымақтастық арқылы әлдеқайда терең түсінуге жәрдемдесуге, ар-ождан бостандығына және оны іске асыруға құқылықты бұрақты қорғауға;

5) жаһандық орын алып отырған экономикалық, қаржы, әлеуметтік және экономикалық проблемалардың әділ шешімдерін іздестіруде зор моральдық және рухани күш-қуат пен шынайы ынтымақтастық көрсетуге шақырамыз» [11, 435-б.]. Осылайша, съезге қатысушылар Қазақстан халқына және Оның Елбасына ризашылықтарын білдіріп, әлемнің әр адамына қауіпсіздік пен өркенділік тілеп тарасть.

Дүниежүзілік және дәстүрлі дін лидерлерінің IV съезі 2012 жылдың 30-31 мамырында Астана қаласында өтті. Әлемнің 40-тан астам елінен 90-ға жуық делегация келді. Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Төртінші съезінің басты тақырыптамасы ретінде *«Бейбітшілік пен татулық адамзат таңдауы ретінде»* атты тақырып белгіленді. Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының Төртінші съезі және оның секциялық мәжілістерінің тақырыптамасына ислам, христиандық, мультикультурализм, әйелдер мен жастар мәселесі, конфессияаралық келісім, төзімділік және дін саласындағы басқа да өзекті мәселелермен айналысатын беделді де жетекші тарихшылар, саясатта-

нушылар, исламтанушылар, дінтанушылар және басқа ғалымдар қызығушылық танытты.

IV съезге қатысушылар Жаратушының адам баласына бұйыртқан болмысын, оныңқадір-қасиеттері мен ажырағысыз құқықтарын мойындап, адамзаттың жарқын болашағы үшін оның бірден бір айнымас таңдауы ретіндегі бейбітшілік пен келісімге өз ұмтылыстарына адал екендіктерін білдірді. Осы жолдағы ізгі бастамасы үшін Қазақстан Республикасына ризашылықтарын білдіре отырып, қазіргі әлеуметтік мәселелерді шешудің және жалпыға бірдей бейбітшілік пен өркендеуге қол жеткізудің ықпалды құралдарының бірі дін екендігін түйіндеді.

Түрлі діндер мен рухани дәстүрлерді ұстанатын барша адамдардың атынан дінаралық диалог арқылы ілгерілейтін өзара құрметтеуді, түсіністік пен келісімді ортақ құндылықтар ретінде танытынын жеткізді. Бұлардың маңыздылығы ХХІ ғасырдың екінші онжылдығында адамзат қоғамдастығы сенімге, достыққа, ынтымаққа, әділеттілікке және жасампаздық қызметке деген ұмтылысты жоғалтпайды. Сондықтан әлемнің әртүрлі діндері мен мәдениеттерінің артықшылықтарын барынша толық пайдалану қажет.

Съезге қатысушылар қоғамның имани-рухани негіздерін нығайтуды және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қайта түлетуді ұсынды және бұлар әлемнің тұрлаулы дамуының шарты адам болмысының мәні мен мақсатын танудың кілті деп танылды. Соған сәйкес, әйел затының отбасындағы және қоғамдағы жасампаздық рөлі ер адамдар мен ұйымдар тарапынан терең құрметтелуі, қадірленуі және қолдау табуы тиіс.

Әлемнің болашағы жастардың қолында. Сондықтан жастардың өмірлік бағдарын қалыптастыру, олардың бойына имандылық негіздерін егу, олардың білім арқылы рухани дамуы мен өркендеуі өте маңызды. Қазіргі заман жастары өздерінің діни дәстүрлері туралы іргелі ілімдер алуға, өзінің ана тілі мен тарихын, мәдениетін терең білуге құқылы. Өз дінін терең білетін адам өзге дінге тәкаппарлық танытпайды.

Съезге қатысушы дінбасыларды әлемнің түрлі бөліктеріндегі зорлық-зомбылыққа жол ашып жатқан толассыз соғыстар,

этносаралық қақтығыстар, қылмыстың өсуі, діни төзімсіздік пен радикализмнің бой көрсетуі алаңдатады. Олар өз діни дәстүрлеріне сүйене отырып, үрейлендірудің немесе күш қолданудың кез келген түрін айыптайды және барлық мемлекеттерді бұл проблемаларды үнқатысу арқылы шешу үшін бірлесіп күш-жігер жұмсауға шақырады [11, 737-738 бб.].

Өзара құрмет пен түсіністік, жанашырлық пен кешірім, әділеттілік пен ынтымақ, бейбітшілік пен келісім қағидаттарына негізделген бұл үндеуді съезге қатысушылар бірауыздан қабылдады және әрбір адамға тыныш та шуақты ғұмыр, жақсылық пен береке тіледі. Алқалы жиынның соңында оған қатысушылар «АЛЖИР» мемориалдық-мұражай кешеніне барып, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына тағзым етіп, ғибадат жасады.

2015 жылдың 10-11 маусымында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезді өтті. Оған дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларымен қатар, БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун, ЕҚЫҰ Бас Хатшысы Ламберто Заньер басқа да әлемдік тұрғыда беделді қайраткерлер қатысты.

Форумның негізгі тақырыбы бейбітшілік пен даму жолындағы діни және саяси көшбасшылардың сұхбатын бекіту болды. Пленарлық және төрт секциялық мәжілістер мынадай тақырыптарда өтті: «Діни және саяси көшбасшылар: адамзат алдындағы жауапкершілік», «Діннің жастарға ықпалы: білім, ғылым және бұқаралық ақпарат құралдары», «Дін және саясат: жаңа үрдістер мен келешектер», «Бейбітшілік, қауіпсіздік және үйлесімділік мақсатында әлемдік және дәстүрлі дін лидерлері арасында өзара құрмет пен түсіністік негізіндегі диалог». Секциялық мәжілістерде дін мен саясаттың арақатынасы, діни және саяси көшбасшылардың бейбітшілік пен келісімді сақтаудағы жауапкершілігі, жастар санасының радикалдануының алдын алу сынды көкейтесті әрі маңызды мәселелер талқыланды. Съездің жұмысы экстремизм мен лаңкестікке қарсы күрес, діни білім мен ағартушылық деңгейін арттыру мәселелерін алдыңғы қатарға қойды.

V Съездің ерекшелігі азаматтық қоғамның ірі институттарының бірі ретіндегі діни ұйымдардың серіктестік бастаулары ретінде

мемлекетпен диалог орнату мәселесінде күш-жігерді бірлестірудің үлгісін танытумен сипатталады. Қоғамда барған сайын ықпалы арта түскен діни қауымдастықтар күрмеуі киын мәселелерді шешуде билік органдарымен бірлесе қимылдап, ортақ ұстанымға келе бастады. Съезд жұмысындағы талқылаулар барысында қазіргі халықаралық жағдайлардағы өркениетаралық диалогтың үлгісіне қатысты концептуалды ұсыныстар айтылды, бұл диалогтың мақсаты мен міндеттері айшықталып, оның субъектілері мен деңгейлері, диалогтың аймақтың негізгі сегменттері анықталды [11].

Форум жұмысының соңында қатысушылар қорытынды резолюция қабылдады, онда мына мәселелер түйінделген: адамзаттың болашағына деген алаңдаушылық; «дінді бұрмалап түсіндіретін» діни риториканы пайдаланушы экстремизм мен лаңкестікті кеңінен сынау, дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтардың ұмытылу қаупі мен бұрмалануына орай оларды қорғау, дінаралық қарым-қатынастарды орнықтыру мақсатында мемлекет пен діни ұйымдардың диалогы және т.б.

Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алты Съезінде діндер мен өркениеттер арасындағы қақтығысқа қарсы бағыттталып, діннің бейбіт сипатта болатынын және әртүрлі діндердің бейбіт қатар өмір сүре алатынын алдыға тартты. Ежелден Еуразияның ұлан-байтақ даласында әрқилы діндер мен мәдениеттердің тоғысында орналасып, дәстүрлі исламның жібінен ұстап, өзіндік мәдениет қалыптастырған қазақ халқының маңдайына осы әлемдік және дәстүрлі діндердің көшбасшыларын өз жеріне шақырып, мәмілеге келтірудің тарихи миссиясы жазылған сыңайлы. Қазақстан билігі әуел бастан өз елінде дінаралық келісім мен сұхбаттың негізінде қоғамның тұрақтылығын басты стратегиялық саясат ретінде ұстанып қана қоймай, бұл мәселенің әрі аймақтық әрі әлемдік деңгейдегі өзектілігі мен маңыздылығын ұғына білді. Нәтижесінде дінаралық сұхбаттың қазақстандық үлгісі халықаралық сахнада мойындалып, Қазақстанның жасампаз бастамалары Астанада үш жыл сайын өтіп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съездерінің қорытынды құжаттарында көрініс тапты.

Астана қаласында өтуі тиіс жетінші Съезд бүкіл әлемді жайлаған пандемияның салдарынан кейінге қалдырылды. Сол себепті кешіктіріліп, 2022-жылдың 14-15 қыркүйегінде Нұр-сұлтан қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезі «Пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің рөлі» деп аталды. Әлемнің елуден астам елінен жүзден аса делегация келген бұл ауқымды жиынға ислам, христиан, буддизм, яһуди, индуизм, синтоизм және басқа діни ұйымдардың жетекшілері мен өкілдері қатысады. Рим папасы мен Ватикан басшысы Франциск пен Жоғары мәртебелі имам, әл-Азхар шейхы Ахмет әт-Тайыптың қатысуы форумның мерейін арттыра түсті. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-жомарт Кемелұлы Тоқаев ашып берген келелі кеңеске БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гудериш бейнеүндеу жолдады.

Діни көшбасшылардың, халықаралық ұйымдар мен шетелдік делегациялардың қатысуымен бірнеше секциялар жұмыс атқарды, олардың талқылаған мәселелері мынадай өзекті тақырыптарды қамтыды: «Қазіргі әлемдегі рухани және моральдық құндылықтарды нығайтудағы діндердің рөлі», «Діндер мен мәдениеттердің, әділеттілік пен бейбітшіліктің құрметті қатар өмір сүруін нығайтудағы білім мен діни ағартудың рөлі», «Діни лидерлер мен саясаткерлердің жаһандық дінаралық диалог пен бейбітшілікті ілгерілетуге, экстремизмге, радикализмге және терроризмге, әсіресе діни негізде қарсы тұруға қосқан үлесі», «Әйелдің әл-ауқатқа және қоғамның тұрақты дамуына қосқан үлесі және әйелдің әлеуметтік мәртебесін қолдаудағы діни қоғамдастықтардың рөлі».

Съезд делегаттары аталмыш тақырыптар бойынша қызу пікір таластырып, түйінді тұжырымдар жасады. Олар ортақ ұстанымға келе отырып, жетінші съезд декларациясында мынадай мәселелерді мәлімдеді:

Біз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі бейбітшілік пен діндер, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалог игілігі үшін өзінің тұрақты қызметін жалғастыруына бар күш-жігерімізді саламыз.

Біз әлемнің пандемиядан кейінгі дамуы мен әлемдік процестердің жаһандануы және қауіпсіздікке төнетін қатерлер жағдайында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі бейбітшілік пен ынтымақтастық үшін диалогты нығайту, сондай-ақ рухани және адамгершілік құндылықтарды ілгерілету жөніндегі бірлескен күш-жігерді іске асыруда маңызды рөл атқаратынын мәлімдейміз.

Біз пандемияның жағымсыз салдарын тек бірлескен күш-жігермен, бірлесіп жұмыс жасау және бір-бірімізге көмек көрсету арқылы жеңуге болатындығын мойындаймыз.

Біз кез-келген әскери қақтығыстың басталуы, шиеленіс пен текетірестің ошақтарды қоздыру «домино әсеріне» ие болатынына және халықаралық қатынастар жүйесінің бұзылуына әкелетініне сенімдіміз.

Біз экстремизм, радикализм, терроризм және зорлық-зомбылық пен соғыстардың барлық басқа нысандары, қандай мақсаттар болса да, шынайы дінге ешқандай қатысы жоқ және оларды түбегейлі қабылдамау керек деп санаймыз.

Біз ұлттық үкіметтер мен уәкілетті халықаралық ұйымдардан соғыстар мен әскери жанжалдардың салдарынан экстремистер мен террористер тарапынан құқықтар мен зорлық-зомбылыққа ұшыраған барлық діни топтар мен этникалық қауымдастықтарға жан-жақты көмек көрсетуді өтініп сұраймыз.

Біз әлемдік лидерлерді әлемдегі жағдайды тұрақсыздандыруға әкелетін агрессивті және деструктивті риторикадан бас тартуға, біздің әлеміміздің барлық бұрышындағы қақтығыстар мен қантөгістерді тоқтатуға шақырамыз.

Біз әлемнің түкпір-түкпірінен келген дін лидерлері мен көрнекті саяси қайраткерлерді достық, ынтымақтастық және бейбіт қатар өмір сүру үшін диалогты үздіксіз дамытуға шақырамыз.

Біз әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері мен көрнекті саяси қайраткерлерді ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізу үшін шиеленістерді реттеу процесіне белсенді тартуды жақтаймыз.

Біз тері түсі, жынысы, нәсілдері, тілі мен мәдениетіндегі плюрализм және айырмашылықтар Жаратушы Алланың еркінің даналығының көрінісі екенін атап өтеміз. Құдай діни әртүрлілікке

жол береді, сондықтан қандай да бір дінге және діни ілімге мәжбүрлеудің кез-келгені қолайсыз.

Біз барлық халықтарға әлеуметтік әділеттілік пен ынтымақтастық орнату үшін дінаралық және конфессияаралық үнқатысуды іске асыру жөніндегі практикалық бастамаларды қолдауға шақырамыз.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа да халықаралық, үкіметтік және өңірлік институттар мен ұйымдардың өркениеттер мен діндер, мемлекеттер мен ұлттар арасындағы диалогқа жәрдемдесу жөніндегі күш-жігерімен ниеттеспіз.

Біз Қасиетті Тақ пен Әл-Азһар Әл-Шариф арасындағы (БҰҰ БА-ның 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Халықаралық адамзат бауырластығы күні») А/RES/75/200 қарарымен қабылданған) ортақ игілік үшін сенушілер арасында бейбітшілікке, диалогқа, өзара түсіністікке және өзара құрметке шақыратын «Бейбітшілік пен бейбіт қатар өмір сүрудің пайдасына адами бауырластық туралы» құжаттың және «Мекке декларациясының» (2019 жылы мамырда Меккеде қабылданған) маңыздылығы мен құндылығын мойындаймыз.

Біз әлемдік қоғамдастықтың ғылым, техника, медицина, өнеркәсіп және басқа да салаларда қол жеткізген прогресін қолдаймыз, бірақ бұл ретте оларды рухани, әлеуметтік және адами құндылықтармен үйлестірудің маңыздылығын атап өтеміз.

Біз әлеуметтік мәселелер көбінесе адамдарды шектен тыс көзқарастар мен істерге итермелейтінін түсінеміз және әлемнің барлық мемлекеттерін өз азаматтары үшін лайықты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге шақырамыз.

Біз рухани құндылықтар мен адамгершілік бағдарлардың маңыздылығын елемейтін адамдар мен қоғамдар өздерінің адамгершілігін және шығармашылығын жоғалтуға бейім екенін атап өтеміз.

Біз әлемдік саяси және бизнес көшбасшыларын қазіргі қоғамдардың дамуындағы сәйкессіздіктерді еңсеруге назар аударуға және халықтың түрлі топтары мен әлемнің түрлі елдерінің әл-ауқатындағы алшақтықты қысқартуға шақырамыз.

Біз әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері арасындағы диалогтың бейбітшілікті сақтауға ықпал ететін мемлекеттер мен қоғамдардағы әлеуметтік-саяси процестерге оң әсерін тигізетінін атап өтеміз.

Біз Аллаһ Тағалланың барлық адамдарды нәсілдік, діни, этностық немесе өзге де қатыстылығына немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан тең етіп жаратқандығын негізге аламыз, сондықтан бір-біріне деген құрмет пен өзара түсіністік бүкіл діни уағыздардың негізінде жатыр.

Біз саяси және қоғам қайраткерлерінің, журналистер мен блогерлердің сөз бостандығын мойындай отырып, оларды діни жалпылаудан сақ болуға және экстремизм мен терроризмді қандай да бір ұлтпен немесе дінмен теңестірмеуге, сондай-ақ дінді саяси мақсаттарда пайдаланбауға шақырамыз.

Біз діндер мен мәдениеттердің құрметпен қатар өмір сүруін нығайтуда және қауіпті жалған діни нанымдарды бұзуда білім беру мен діни ағартудың рөлін арттыруды жақтаймыз.

Біз отбасы институтын нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударамыз.

Біз әйелдердің қадір-қасиеті мен құқықтарын қорғауға, олардың отбасы мен қоғамның тең құқылы мүшесі ретіндегі әлеуметтік мәртебесін арттыруға, сондай-ақ олардың мәдени және діни салалардағы бейбіт процестерге қатысуын көтермелеуге атсалысамыз.

Біз әлемдік цифрлық дамудың сөзсіздігін, сондай-ақ діни және рухани лидерлердің цифрлық теңсіздік мәселелерін шешуде саяси қайраткерлермен өзара іс-қимыл жасаудағы рөлінің маңыздылығын атап өтеміз.

Біз ой-пікір білдіру бостандығын құрметтей отырып, діни білімнің, дінаралық толеранттылық пен азаматтық бейбітшіліктің ілгерілеуі үшін діни құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру, сондай-ақ діндерге жалпы төзімділікті қалыптастыруға БАҚ-пен және қоғамның басқа да институттарымен диалогты дамытуға ұмтыламыз.

Біз барлық сенім мен ізгі ниетті адамдарды осы қиын қыстау кезеңде бірігуге және біздің ортақ үйіміз – Жер планетасында

қауіпсіздік пен келісімді қамтамасыз етуге үлес қосуға шақырамыз.

Біз дұғаларымызды одан әрі гүлденген әлем үшін өркениетаралық, дінаралық және мемлекетаралық диалогты кеңейтуге елеулі үлес қосатын планетадағы барлық ізгі ниетті адамдарды қолдауға шақырамыз.

Біз әскери қақтығыстардан, табиғи және техногендік апаттардан зардап шеккен аймақтардағы мейірімділік пен жанашырлық әрекеттерін қолдауға шақырамыз.

Біз коронавирустық пандемияның салдарын жеңу үшін күш салуда халықаралық ұйымдар мен ұлттық үкіметтерге бірлесіп қолдау көрсетуге шақырамыз.

Біз Съездің және осы Декларацияның мақсаттары адамзаттың қазіргі және болашақ ұрпақтарын өзара құрмет пен бейбітшілік мәдениетін ілгерілетуге бағыттау болып табылатынын және әлемнің кез келген елінің, сондай-ақ БҰҰ институттарын қоса алғанда, халықаралық ұйымдардың мемлекеттік басқаруында пайдалануға қолжетімді екенін растаймыз.

Біз 2023-2033 жылдарға арналған жаһандық дінаралық диалог алаңы ретінде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін дамыту тұжырымдамасын әзірлеуді Съезд Хатшылығына тапсырамыз.

Біз Қазақстан Республикасының өркениетаралық, дінаралық және конфессияаралық диалогтың беделді және жаһандық орталығы ретіндегі рөлін растаймыз.

Біз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезін шақырғаны үшін, гуманистік бастамалар үшін, сондай-ақ жаңғырту мен прогреске, бейбітшілік пен келісімге қосқан үлесі үшін, Қазақстан Республикасына және Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтамыз.

Біз Қазақстан Республикасына Съезді тамаша ұйымдастырғаны үшін, ал Қазақстан халқына – мейірімділігі мен қонақжайлылығы үшін, алғысымызды білдіреміз.

Біз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қызметін жалғастыруға ұжымдық мүдделілігімізді және келесі VIII Съезді 2025 жылы Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласында өткізу ниетімізді растаймыз.

Осылайша, бұл Декларацияны Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі делегаттарының көпшілігі қабылдады, бүкіл әлемдегі билікке, саяси көшбасшыларға, дін қайраткерлеріне, тиісті өңірлік және халықаралық ұйымдарға, азаматтық қоғам институттарына, діни бірлестіктер мен жетекші сарапшыларға берілетін болды. Сондай-ақ ол БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясының ресми құжаты ретінде таратылатын болды. Бұл Декларациядағы қағидалар барлық мүдделі елдердегі саяси шешімдерде, заңнамалық нормаларда, білім беру бағдарламаларында және бұқаралық ақпарат құралдарында есепке алынуы үшін барлық өңірлік және халықаралық деңгейлерде таралуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Сатершинов Б., Жүзей М. Сакралды құндылықтарды талдаудың дінтанулық қырлары. / Адам әлемі. – № 2 (76). – 2018. – 110-122 бб.
2. Седанкина Т.Е. Аксиология религии: Учебное пособие. – Казань: Изд-во КФУ, 2012. – 291 с.
3. Қараңыз: Соколов В.В. Средневековая философия / В.В. Соколов. – М.: Высш. школа, 1979. – С. 24.
4. Бердяев Н. Русская религиозная философия и коммунистический атеизм / Н Бердяев. – Париж, 1931. – С. 38-39.
5. Абдигалиева Г.К. Религиозная этика и аксиология / Г.К. Абдигалиева. – Алматы, 2003. – С. 55.
6. Котенева А.В. Духовные ценности как фактор психологической защищенности личности / <https://cyberleninka.ru/article/n/duhovnyetsennosti-kak-faktor-psihologicheskoy-zaschischnosti-lichnosti>
7. Нурсултан Назарбаев. Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерства цивилизаций – Астана: ТОО АРКО, 2009.
8. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2020 жылға дейінгі діни білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана: ҚМДБ, 2015.
9. Сатершинов Б.М. Қазақстан халқы бірегейлігінің этноконфессионалды үрдістері / Журнал «Мирас». – № 4, 2016 г.
10. Назарбаев Н. (Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінің мәтінінен. 18.04.2011 ж.).
11. Дінтұтқа. 2003-2013 жылдар аралығында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақалалар, сараптамалар, сұхбаттар. Құрастырған

Әлісұлтан Құланбай. Жауапты редактор: Ғалым Шойкин. – Астана, 2013. – 832 б.

12 Джалилов З.Г. Роль Съездов лидеров мировых и традиционных религий в укреплении межцивилизационного диалога // Қазақстанның тарихи және рухани-мәдени дамуындағы діннің рөлі: дәстүр және қазіргі заман. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2016. – 236-258 бб.

3.5. Қазақстанның дәстүрлі діни-мәдени құндылықтарының қоғамның дүниетанымдық негіздерін қалыптастырудағы маңызы (әлеуметтанулық зерттеу негізінде) (Тоқтарбекова Л., Алтайқызы А.)

Мәдени және діни құндылықтар қоғаммен бірге өзгереді, сонымен бірге бір тарихи кезеңнен екіншісіне ауысып, сәйкесінше, адам мен қоғамның өміріне белсенді ықпал етіп, мәдениеттің дамуын бейнелейді. Дін арқылы адамға отбасылық, күнделікті өмірде, қоғамда мінез-құлық белсенділігінің нормаларын анықтайтын қарым-қатынастарды реттейтін белгілі бір құндылық жүйесі беріледі. Өзара әрекеттесу процесінде жеке тұлға басқа адамдарға қатысты рөлдердің толық кешенін орындайды және өзінің мінез-құлқының және әлеуметтік құндылықтарды бағалаудың критерийлері туралы әлеуметтік болжаммен басқа адамдармен кездеседі, яғни оның қоғам мен айналасындағы адамдардың мінез-құлқы нормативтік түрде реттеледі.

Құндылықтар қоғамдағы адамның мінез-құлқын анықтайды, оның іс-әрекеттерінің бағытын белгілейді, өмірлік мақсаттарды таңдаудың өлшемі, өмірлік басымдықтардың иерархиясын құрудың негізі болып табылады. Тұлға құндылық негізінде қалыптасады. Жасанды, өтпелі құндылықтар адамзат үшін тұрақсыз тірек қалыптастырады. Сондықтан шынайы құндылықтардың қалыптасуы мен дамуына тиісті назар аудару қажет [1].

Құндылықтар мәдениеттің іргетасы болып саналады. Құндылықсыз мәдениет мүмкін емес. Құндылықтар жасанды, өтпелі мерзімге ауысса мәдениет азайып, алдамшы мәдениетке айналады, құнсызданады. Бұған жол бермеу үшін оның құндылық негізіне дамуына тиісті назар аудару қажет.

Мәдениетті құндылықтар жүйесінің қажеттілігін іс жүзінде мойындамайтын бұқаралық құбылысқа айналдырып, өзі жасаған құндылықтарды құнсыздандыруға бейім заманауи қоғамның алдында басымдықтарды түбегейлі қайта қарау және шынайы құндылықтардың сенімді көзін табу міндеті тұр.

Құндылықтар салыстырмалы, өзгермелі және жылжымалы болады. Олар үнемі қозғалыс үстінде және белгілі бір мәдениет шеңберінде бағаланады. Мәдениеттің дамуы, оның тұрақтылығы құндылықтардың ұдайы өсіп-өнуіне, таралуына мен сақталуына және өзгеруіне байланысты. «Құндылықтар» ұғымы «құндылық бағдары» ұғымымен байланысты. «Құндылық бағдар жүйесі өздігінен кез-келген қоғамның ішкі құрылысын қалыптастырады және маңызды әлеуметтік жағдайды реттеушілік функциясын атқарады» [2]. Сондықтан құндылық бағдар адамның жеке және топтық деңгейде рухани қызметінің, сондай-ақ оған сәйкес келетін әлеуметтік-психологиялық білімнің индикаторы ретінде көрінеді. Құндылықты бағдарлаудың көрсеткіштері ретінде ұсыныстар, білім, мүдделер, уәждер мен қажеттіліктер, сондай-ақ мақсаттар, стереотиптер және т. б. болуы мүмкін.

Мәдениет – белгілі бір адамдар қауымының біртұтас ойлау процесінің, идеяларының, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің және әлеуметтік мінез-құлқының көрінісі. Қоғамның ортақ білімдері, көзқарастары, сенімдері, мақсаттары, моральдары мен құндылықтары әдетте мәдениет ретінде қарастырылады. «Мәдениет адам үшін ақыл-парасат пен ізлік жұмысы сияқты табиғи. Ал оның Ол адамзаттың туа біткен табиғи қажеттіліктеріне жауап береді, сонымен қатар, ол өз күш-жігері мен табиғатын күшімен біріктірген ақыл-парасат пен еркіндіктің туындысы» [3].

Жер бетінде бірнеше мәдениет қатар өмір сүреді. Бұл мәдениеттер олардың мәдени құндылықтары сияқты бір-бірінен ерекшеленеді және бұл айырмашылықтар біздің қоғамды әртүрлі етеді. Мәдени құндылықтар – әртүрлі мәдениеттерді бірегей ететін құндылық.

Егер жаһандық тұрғыдан қарайтын болсақ, бүгінгі таңда батыс мәдениеті, ислам мәдениеті, араб және тибет мәдениеттері деген сияқты бірнеше мәдениетті байқаймыз.

Мәдени құндылықтар – бұл әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттің қайнар көзі және нәтижесі. Сондай-ақ, мәдени құндылықтар – бұл әлеуметтік субъект үшін оның қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру тұрғысынан белгілі бір маңызы бар материалдық заттар немесе рухани қағидалар. Құндылықтар адам үшін қандай да бір объектілердің (материалдық немесе рухани) маңыздылығын ұғыну нәтижесінде пайда болады.

Мәдени құндылықтар – бұл бүкіл қоғам өмір сүретін және қорғайтын, өмір сүруі мен үйлесімді қарым-қатынасы үшін сүйенетін негізгі принциптер мен мақсаттар.

Ғалымдар мәдениетті екі түрі бөліп қарастырады. Материалдық мәдениет және материалдық емес мәдениет.

Материалдық мәдениеттер, бұл белгілі бір мәдениет адамдары жасаған кейбір физикалық объектілердің, кеңістіктердің және ресурстардың көрінісі. Мысалы, мектептер, мешіттер, шіркеулер, храмдар, фабрикалар, кеңселер және т.б.

Материалдық емес мәдениет (ұстауға, сезінуге немесе дәмін татуға болмайтын) барлық мәдени элементтер осы сегменттерге жатады. Бұған мысал ретінде мораль, ережелер, құндылықтар, тілдер, нанымдар, өнер, әдебиет, музыка, әлеуметтік рөлдер, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер және т.б.

Мәдени құндылықтар – ата-бабаларымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қағидалар мен құндылықтардың жиынтығы. Құндылықтар негізінде бүкіл мәдени қоғамдастық өзінің өмір салтын анықтайды. Бұл идеялар осы мәдениеттің адамы өзін қалай ұстайтынын және оның өмірін қалай жүргізетінін анықтайды.

Қазіргі кезде діни құндылықтардың рөлі жиі бағаланбайды, өйткені діннің қоғамға және мәдениетке әсері, өткен уақытпен салыстырғанда айтарлықтай әлсіреген. Діннің ең маңызды жетістіктерінің бірі – құдайлық бастауына байланысты даусыз гуманистік принциптерге негізделген мызғымас моральдық-құндылық негізін жасау. Бұл құндылық екі жақтылықтан, салыстырмалылықтан ада, өйткені ол абсолютті көзден келеді. Шынында да, басқа салыстырмалы құндылықтар жүйелерінің жалпы маңызды кемшілігі бар: оларды адам қалыптастырғандықтан, адам оларды жоюға құқылы деп санауы мүмкін. Діни құндылықтар,

керісінше, догмаларда бекітеді, сондықтан адам оларды жоя алмайды.

Американдық теолог ғалым Уильям Швайкер діни құндылықтарды әртүрлі тәсілдер арқылы зерттеуге болады деп, олардың бесеуін атап өтеді:

1. Формалистік көзқарас – құндылықтар, әдет-ғұрыптар мен принциптер тобын «діннің» бөлігі ретінде қарастырғанда, қасиеттердің осы көрінісі арқылы адам өміріне қатысты моральдық салдарға назар аудару формалистік көзқарас деп аталады.

2. Әлеуметтік лингвистикалық көзқарас – қоғамның өмір салтын зерттеу.

3. Этикалық натурализм – жалпы этикалық ұғымдарды анықтау үшін қарастырылатын Әлемдік этика бойынша ұсыныстар.

4. Герменевтикалық – кез келген жағдайда дәстүрдің перспективасын қарастырады.

5. Көпөлшемді – формалистік көзқарасқа ұқсас, тек осы тәсілдің формалистік аспектісінде берілген ерекше белгілер арасында білім мен пәндердің қалай жасалғанын жақсы түсінуімен ғана ерекшеленеді [4].

Діни құндылықтардың пайда болуы адамның рухани болмысын тәннен ажыратуға, ондағы альтруизм қабілетінің, өзі үшін емес, Құдай мен адамдар үшін өмір сүруге деген ұмтылыстың пайда болуына айтарлықтай әсер етті. Яғни, дін өзімшіл адамнан альтруист адамды ауысуына, яғни тек қана алатын емес бере алатын адамды жасайды. Сонымен қатар, діни құндылықтар адам болмысын мүлде жаңа, жоғары мағынамен қамтамасыз етуге қабілетті. Олар қоғамды руханиландырады, оны өзара әрекеттесудің жаңа деңгейіне, жаңа идеологиялық тұғырнамаға шығарады.

Түптеп келгенде, адамды мәдени, өнегелі тұлғаға айналдырған діни құндылықтар жүйесінің пайда болуы болды. Олай болса, барлық моральдық нормалар, әдептілік ережелері, қоғамдағы мінез-құлық, адамдарға деген көзқарастар адамгершілік, жақынды сүю діни ұстанымдарынан бастау алады. Қоғамның, отбасының, адам өмірінің құндылығын түсіну осыдан туындайды.

Діни құндылықтар – тұрақтылығымен, жан-жақтылығымен, әмбебаптығымен және даусыздығымен сипатталатын құнды-

лықтардың ерекше жүйесі. Адамның дүниеге қатынасын қалыптастыратын, қоғамда белгілі бір моральдық нормаларды, заңдарды, идеалдарды бекітетін барлық тұрақты құндылықтар жүйесінің негізінде діннің құндылық қағидалары жатыр. Діни құндылықтардың арқасында жеке тұлғаның қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуы жүзеге асады.

Діни құндылықтардың ең қуатты әлеуеті бүгінде толық іске асырыла қоймағаны анық. Мұның себебі, қазіргі құндылықтардың діни негіздері жиі ескерілмейді, кейде тіпті жоюды қажет ететін «қалдықтар» ретінде орналасады. Негізінде, дін көп нәрсеге қабілетті және оған берілгеннен де көбірек лайық.

Бүгінде Қазақстан дәстүрлі діни көпконфессиялық мемлекет болып табылады. Республикамыздың негізгі стратегиялық бағыты демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру. Конфессияаралық және этносаралық тыныштық сақтау мен нығайту мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі. Сондай-ақ Қазақстан мәдениеті әрбір жаңашылдыққа ашықтығы мен толеранттығымен ерекшеленеді. Мәдени дәстүрдің саналуандығы өзара түсіністікті, төзімділікті, ортақ көзқарасты талап етеді, сонымен бірге әртүрлі конфессия өкілдерінің бір-бірінің діни, мәдени құндылықтарын құрметтеп, діни сенімдеріне түсіністікпен қабылдауға шақырады.

Алайда әрбір өркениеттің құндылықтарға қайшы келетін өзіндік ерекше құндылықтары болады. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттар мен мемлекеттер бір-бірімен жиі қақтығысуға мәжбүр, ал күшті әлсіздерді мұқатуға, жаныштауға деген ұмтылыспен рахаттан бас тарта алмайды. Осындай артыс-тартыс, рухани құндылықтар емес материалдық құндылықтар алдыңғы орынға қойылған заманда қандай рухани құндылықтар басымдық береді екен деген сұрақ туындайды.

Рухани құндылықтар қоғаммен бірге өзгереді, сонымен бірге бір тарихи кезеңнен екіншісіне ауысып, сәйкесінше, адам мен қоғамның өміріне белсенді ықпал етіп, мәдениеттің дамуын бейнелейді. Дін арқылы адамға отбасылық, күнделікті өмірде, қоғамда мінез-құлық белсенділігінің нормаларын анықтайтын қарым-қатынастарды реттейтін белгілі бір құндылық жүйесі

беріледі. Діни мәтіндер білім беру мен тәрбиелеу компоненттерін қамтиды. Діни педагогикада тәрбиелеу мәселелері терең дамыған, олар ғасырлар бойы ұшталған, сондықтан қасиетті мәтіндерді ашық уағыздау күштеусіз, керісінше, ерекше бойсұнушылық сезіммен қабылданады. Өзара әрекеттесу процесінде жеке тұлға басқа адамдарға қатысты рөлдердің толық кешенін орындайды және өзінің мінез-құлқының және әлеуметтік құндылықтарды бағалаудың критерийлері туралы әлеуметтік болжаммен басқа адамдармен кездеседі, яғни оның қоғам мен айналасындағы адамдардың мінез-құлқы нормативтік түрде реттеледі.

Сондықтан Қазақстанның дәстүрлі діни-мәдени құндылықтарының қоғамның дүниетанымдық негіздерін қалыптастырудағы маңызын анықтау үшін әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып зерделейміз.

Соңғы үш жылды жаһанда болған коронавирус пандемиясы, экономикалық дағдарыс, қаңтардағы қайғылы оқиғалар еліміздегі құндылықтар жүйесінің өзгеруіне әсер еткені анық.

Қазақстанның тұрақты дамуы стратегиясы аясындағы қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын анықтау үшін әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесіне сәйкес коронавирус пандемиясынан кейін қазақстандықтардың құндылықтың бағдарлары ретіне өз өміріне және өзге адамдардың өміріне жауапкершілік 42% болса, ал қаңтар оқиғасынан кейінгі көрсеткіш 24,3% нәтижеге тең. Жағымсыз салдардың ішінде респонденттердің 28% пандемиядан кейін және 13,2% қаңтар оқиғасынан кейін апатия мен пессимизм сезімдерінің артқанын хабарлады. Сондай-ақ пандемия (7%), қайғылы қаңтардан (16,7%) кейін респонденттер көзқарастарында ешқандай өзгеріс болған жоқ деп жауап берген. Сауалнамалар нәтижесінен біз қазақстандық құндылықтық бағдарларының алдыңғы жылға қарағанда біраз төмендегенін байқаймыз (1-2 диаграмма).

1-диаграмма. Коронавирус пандемиясы нәтижесінде қазақстандықтардың құндылықтық бағдарларының өзгеруі*



* «BISAM Central Asia» әлеуметтанулық және маркетингтік зерттеулер бизнес-ақпараттық орталығының 2021 жылғы ақпараттық-талдау есебі

2-диаграмма. 2022 жылғы қаңтар оқиғасынан кейін қазақстандықтардың өздері туралы және олардың құндылықтары туралы көзқарастарында не өзгерді? (%)*



* «Демократия институты» Ғылыми-зерттеу ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің 2022 жылғы ақпараттық-талдау есебі

Мәдениет қоғамның қан тамыры немесе арқауы секілді жұмыс істейді. Діни-мәдени құндылықтар адамдарды біріктіреді, оларды мықты әрі ұйымшыл етеді. Мәдени құндылық адамдарды төзімділікке және бауырмалдықты түсінуге үйренеді, бұл қоғамдық келісімге, экономиканы жақсартуға және қоғамның және басқалардың физикалық әл-ауқатына жақсаруына жол ашады. Алайда, көпконфессиялы, көпұлтты еліміздегі барлық азаматтарының құндылықтары сәйкес келмейді еп 63,2% санаса, қалған 28,6% оптимистік көзқарас байқатқан. Бірақ «Сіз және Сіздің

отбасы мүшелеріңіз келесі салаларда қандай дәстүрлер мен нормаларды жиі ұстанасыздар?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі көпұлттық (қазақстандық) дәстүрлерді жиі ұстанатынын көрсеткен.

Қазақстандықтардың 59,6% өздерінің өмірлік көзқарастары мен құндылықтарының өз отбасымен сәйкестігін көбірек сезінеді. Сәйкесінше, респонденттердің 36%-ы өзінің көзқарасының өз ұлтының өкілдерімен және қазақстандықтармен сәйкес келетінін айтты. Айта кетерлігі, респонденттердің 16,5 пайызы өз дініндегі адамдармен көзқарасы ортақ деген пікір білдірген.

Сауалнама барысында респонденттерге 18 фактордың қайсысы қоғамды жаңа Қазақстанды құруға жұмылдыра алады деген сұраққа барлық респонденттердің жартысынан көбі 17 факторды атап өтті. Бірінші кезекте «Қазақстанның барлық халықтардың бірлігі» (83,3%) мен «патриотизм» (78,4%) қазақстандықтарды жаңа Қазақстанды құруға жұмылдырудың негізгі факторлары бола алады деп атап өтті. Ал діни әртүрлілік 51,3% және батыстық демократиялық құндылықтардың нығаюы 49,5% көрсеткен. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан бірінші кезекте мемлекетіне деген патриоттық сезім мен ауызбіршіліктің басты фактор болып таңдалуы, елімізде этносаралық, дінаралық түсініспеушіліктің төмендігін білдіреді.

Қазіргі исламның құндылықтарын үш топқа бөлуге болады: 1) қажеттілік құндылықтары; 2) қолайлылық құндылығы; 3) талғампаздық құндылығы (роскошь). Қажеттілік құндылықтарына: өмір, сенім, отбасылық өмір, балалар, байлық жатады. Қолайлылық құндылықтарына әртүрлі әрекеттер мен өмірлік маңызды емес, бірақ әртүрлі өмірлік жағдайларда қажет нәрселер кіреді (әдетте, материалдық құндылықтар). Соңғысы талғампаздық (роскошь) құндылықтары – бұл қолайлылықтан асып түсетін және қосымша жайлылық жасауға арналған құндылықтар [5].

Қазақстан халқының басым көпшілігі ислам дінінің өкілдері ретінде респонденттерден 27 ислам құндылықтарының қайсысы жаңа Қазақстандағы мұсылман дінін ұстанушылар мен барлық азаматтар үшін маңызды болуы керек деген сауалға діндар

мұсылмандар үшін құлшылықтар бірінші кезекте орналасса, әртүрлі діндердегілер, дінге сенбейтіндер және барлық азаматтар үшін бірінші кезекте қоғамдық қатынастардағы адами қасиеттер маңыздылығын көрсетеді.

Соңғы кездегі елімізде орын алған этносаралық қақтығыстарға қарамастан, респонденттердің 60%-дан астамы көп конфессиялы ортада өмір сүруді, бос уақытын өткізуді және жұмыс істеу мен оқуды қалайтыны қуантады. Сондай-ақ респонденттердің 22% жуығы өз дініндегі адамдар арасында өмір сүргенді және бос уақытын өткізуді және жұмыс істеу мен оқығанды қалайды.

Сонымен қатар, әлеуметтанулық сауалнама бойынша бірінші, адами құндылықтар Қазақстандағы дінге сенетіндер мен сенбейтіндерді көбірек (58,1%) біріктірген. Екінші біріктіруші фактор ретінде ұлттық мәдени құндылықтар тұр. Мұны респонденттердің 39,9% қолдаған. Респонденттердің 25,4 пайызы Қазақстандағы дінге сенетін және сенбейтін азаматтарды ислам құндылықтары біріктіре алады деп есептейді. Сондай-ақ дінге сенетіндер мен сенбейтіндерді адами құндылықтар (58,1%), ортақ ұлттық құндылықтар (39,9%) мен ортақ тарихи тағдыр (34,8%) жақындастырады. Ал ислам құндылықтары мен бір тіл тобына жатуы, бір этикалық топқа жатуы, бір әлеуметтік топқа жатуы 25-30% аралығында байқалады.

3-диаграмма. Қазақстандағы дінге сенетіндер мен сенбейтіндерді не көбірек біріктіре алады?*



* «Демократия институты» Ғылыми-зерттеу ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің 2022 жылғы ақпараттық-талдау есебі

2021 жылғы әлеуметтанулық зерттеулер бойынша үлкендерге деген құрметті қазақстандық қоғамды тұрақты дамытуға көмектесетін басты құндылық ретінде анықтады - 49%. Үлкендерді құрметтеу – бұл жалпы адамзаттық құндылық, бірақ бұл құндылық әсіресе қазақ халқында ерекше маңызға ие, сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамы жоғарыдан төменге, үлкендерден кішілерге дейінгі иерархиялық құрылымға ие.

*4-диаграмма. Қазақстандық қоғамның дамуына үлес қосатын құндылықтар**



* «BISAM Central Asia» әлеуметтанулық және маркетингтік зерттеулер бизнес-ақпараттық орталығының 2021 жылғы ақпараттық-талдау есебі

Ал 2022 жылғы әлеуметтанулық зерттеулер негізінде төменде берілген кестеден қазақстандық мәдениеттің ұсынылған сегіз қасиетінің ішінде толеранттылық, мәдени әртүрлілік және дәстүршілдік қазақстандық қоғамның тұрақты дамуына ықпал байқаймыз (1-кесте).

Қазақстандық мәдениеттің қандай қасиеттері қазақстандық қоғамның
тұрақты дамуына ықпал етеді? (%)*

№	Қазақ мәдениетінің қасиеттері	Дәреже <i>1 – маңыздылығы ең жоғары, 7-маңыздылығы төмен</i>	Мода
1	Толеранттылық	3,42	1
2	Мәдени әртүрлілік	3,45	1
3	Дәстүршілдік	3,76	2
4	Демократия	3,99	6
5	Консерватизм	4,38	7
6	Жаңашылдыққа ашықтық	4,39	7
7	Құру және шығармашылық негіз	4,44	5
8	Бейімделу	4,81	7

* «Демократия институты» Ғылыми-зерттеу ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің 2022 жылғы ақпараттық-талдау есебі

Сондай-ақ Қазақстандық қоғамда алдағы реформаларды сәтті жүзеге асыруда жетіспейтін басты құндылықтар анықтау барысында 2021 жылға әлеуметтанулық зерттеуде респонденттердің пікірінше, қоғамның табысты, оң дамуы үшін, ең алдымен, оған білім (40%) және жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу (38%) сияқты қасиеттер жетіспейді. Содан кейін, еңбекқорлық пен әлеуметтік жауапкершілік, олардың әрқайсысы 32% көрсеткішке ие. Соңғы орынға респонденттердің 19%-ы бостандықты көрсетті. Яғни олардың пікірінше, қазақстандық қоғамда еркіндік жеткілікті, немесе бостандық оларға қажет емес.


5-диаграмма. Қазақстандық қоғамның сәтті, оң дамуына не жетіспейді?*



* «BISAM Central Asia» әлеуметтанулық және маркетингтік зерттеулер бизнес-ақпараттық орталығының 2021 жылғы ақпараттық-талдау есебі

Биылғы жылғы зерттеу бойынша, басты жетіспейтін құндылық ретінде көбінесе «патриотизмді» – 53,0% және «білімділікті» – 48,1% және жауапкершілік – 47,0% таңдалған.

6-диаграмма. Қазіргі қазақстандық қоғамда алдағы реформаларды сәтті жүзеге асыру үшін қандай құндылықтар жетіспейді? (%)*



* «Демократия институты» Ғылыми-зерттеу ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің 2022 жылғы ақпараттық-талдау есебі

Сауалнамаға қатысушылардың 55,0%-ы әлеуметтік теңсіздік қазақстандық қоғамда ортақ құндылықтардың қалыптасуына

кедергі келтіруі немесе қазірдің өзінде келтіріп жатуы мүмкін екенін атап өтті. Респонденттердің 41,5%-ы адамдардың азаматтық өмірдегі жалпы енжарлығы, 34,9%-ы білім деңгейінің төмендігі десе, 31,5%-ы әртүрлі мәдениет өкілдерінің әртүрлі өмір салтын ұстануы кедергі деп есептейді.

Қазақстандық қоғамның даму үдерістеріне әр түрлі сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Қазақстандық қоғамның тұрақты дамуына әсер ететін негізгі факторлардың ішінде 2021 жылығы сауалнама бойынша респонденттердің 55% жалпы адамзаттық құндылықтардың сақталуын көрсетті, ал 45%-ы мәдени жад пен материалдық мәдениет құндылықтарының сақталуына қатысты сұраққа жауап берсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш біраз төмендеген жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау – 34,8%, ал мәдени жад пен материалдық мәдениет құндылықтарының сақталуы – 16,0%.

Қазақстандық мәдениеттің жаңару қабілетін анықтайтын қасиеттерінің ішінде респонденттер қазіргі мәдени әрқелкілікті ең ықпалды фактор ретінде атап өткендер респонденттердің 56%. Екінші маңызды фактор – басқа мәдениеттерге, әдет-ғұрыптарға төзімділік – 50%. Бұл екі фактор респонденттердің кем дегенде жартысын құрады. Мына екі маңызды қасиет дәстүршілдік – 36% пен демократия, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – 27%. Бұл екі фактор осы сұраққа жауап бергендердің төрттен бір бөлігін көрсетті. Жауаптардың ең аз саны, өзгеретін жағдайларға бейімделу сияқты факторды құрады. Осылайша, консерватизм мен дәстүршілдік қазақстандық қоғамдағы бейімделу факторына қарағанда анағұрлым ықпалды.

2021 жылғы зерттеу бойынша респонденттердің пікірінше, Қазақстанның заманауи мәдениетіне ең көп Ислам мәдениеті әсер етеді. Мұның пайыздық көрсеткіші – 34%. Әсер ету жағынан екінші кезекте соған жақын түрік мәдениеті. Оның пайыздық көрсеткіші – 18%. Сауалнамаға қатысушылардың 14%-ының айтуынша кеңес мәдениеті әлі күнге дейін өз әсерін беріп келеді. Бір қызығы, алынған мәліметтерге сәйкес, батыс мәдениеті (13%) орыс тіліне қарағанда (11%) елдің қазіргі мәдениетінің қалыптасуына көбірек әсер етеді.

Қазақстан қоғамындағы қайшылықтардың күрделілік дәрежесін анықтау барысында шенеунік пен азаматтар арасындағы

түсініспеушілік, билік пен халықтың арасындағы диалогтың жоқтығы, бай мен кедей арасының алшақтығы қоғамда келіспеушіліктер мен қайшылықтар тудыратын басты мәселелер екендігі анықталды.

Дінге деген көзқарасқа келетін болсақ, «BISAM – Central Asia» ақпарат бизнесі, социологиялық және маркетингтік зерттеулер Орталығының 2019 жылғы әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі бойынша [6] респонденттердің 67% дінге сенуші, бірақ діни өмірге қатыспаса, қауымдастықта тұрып және діни нормаларды ұстанатын дінге сенуші 14% құраған. Ал 2021 жылғы әлеуметтанулық зерттеулер бойынша респонденттердің 50,1% дінге сенуші, бірақ діни өмірге қатыспаса, 8,8%-ы өздерін дінге сенуші және діни нормаларды ұстанатын діни ұйым мүшелеріміз деп санайды.

Пандемияға дейінгі және одан кейінгі уақытта жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижесін саралай келіп, мынадай нәтиже аламыз. 2019 жылы дінге сенуші, бірақ діни өмірге қатыспайтындар саны – 17%, қауымдастықта тұрып және діни нормаларды ұстанатын дінге сенуші – 5,2% төмендеген, алайда дінге сенбеймін, бірақ діни дәстүрлерді қолдайтындар – 2,2%, дінге сенетін, бірақ ешқандай діни ұйым мүшесі емес адамдар саны – 6,9%, дінге сенбейтін, бірақ дінге сенушілерді құрметтейтін респонденттер саны – 8,6% артқан. Бұл нәтиже пандемия кезінде қоғамдағы қарым-қатынас құндылықтарының артқандығын көрсетеді.

2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғаның себебі бойынша респонденттердің 44,8% пікірінше – халықтың еңбек және саяси құқықтары үшін күресі. Оқиғаның себептеріне қатысты «наразылық акциясы белгісіз күштердің дайындаған содырларын өз мақсатына пайдаланды» (35,5%) және «білімсіз адамдар халықтың өз құқықтары үшін наразылығын пайдаланып, қаланы тонауға қатысқан» (34,3%) деген пікір айтқан.

Сондай-ақ соңғы 3 жылда Қазақстанның әртүрлі аймақтарында этникалық топтар арасындағы орын алған қақтығыстардың басты себебі – халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлығы деп санайды. Респонденттердің 40%-ға жуығы мұны билік пен халық арасында тұрақты диалогтың жоқтығынан көреді.

Осы әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелеріне сараптама жасау барысында, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізіміз:

- қазақстандықтар үшін басты фактор жалпыадамзаттың құндылықтар алғашқы орында, сондай-ақ пандемия, қаңтар оқиғасынан кейін адамдардың отбасылық, қарым-қатынас құндылықтарына аса мән бергені байқалады;

- қазақстандағы дінге сенетіндер мен сенбейтіндерді адами және ұлттық мәдени құндылықтар құндылықтар көбірек біріктіреді;

- қазақстандық қоғамды тұрақты дамытуға көмектесетін басты құндылық – үлкендерге деген құрмет;

- қазақстандық қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін басты үш құндылық толеранттылық, мәдени әртүрлілік және дәстүршілдік;

- қазақстандық қоғамда алдағы реформаларды сәтті жүзеге асыруда жетіспейтін басты құндылықтар – білім, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, патриотизм, жауапкершілік сияқты қасиеттер;

- қазақстандық қоғамда ортақ құндылықтардың қалыптасуына әлеуметтік теңсіздік, адамдардың азаматтық өмірдегі жалпы енжарлығы, білім деңгейінің төмендігі және әртүрлі мәдениет өкілдерінің әртүрлі өмір салтын ұстануы кедергі деп есептейді;

- қазақстандық қоғамның тұрақты дамуына әсер ететін негізгі факторлар – жалпы адамзаттық құндылықтар мен мәдени жад пен материалдық мәдениет құндылықтарының сақталуы;

- жалпы халықтың бірлігі, патриотизм жаңа Қазақстанды құруға жұмылдырудың негізгі факторлары бола алады;

- діндар мұсылмандар үшін құлшылықтар бірінші кезекте орналасса, әртүрлі діндердегілер, дінге сенбейтіндер және барлық азаматтар үшін бірінші кезекте қоғамдық қатынастардағы адами қасиеттер маңызды;

- Қазақстан қоғамындағы қайшылықтардың күрделілік дәрежесін анықтау барысында шенеунік пен азаматтар арасындағы түсініспеушілік, билік пен халықтың арасындағы диалогтың жоқтығы, бай мен кедей арасының алшақтығы қоғамда келіспеушіліктер мен қайшылықтар тудыратын басты мәселелер екендігі анықталды;

- қаңтардағы қайғылы оқиғаның себебі – халықтың еңбек және саяси құқықтары үшін күресі;

- Қазақстанның әртүрлі аймақтарында этникалық топтар арасындағы орын алған қақтығыстардың басты себебі – халықтың элеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлығы мен билік пен халық арасында тұрақты диалогтың жоқтығы.

Әдебиеттер

1. Тоқтарбекова Л.Н. Қазіргі қоғамдағы діни және мәдени құндылықтар маңызы // Қазіргі Қазақстанның жаңғыртылуы жағдайындағы қоғамның мәдениеті мен құндылықтары: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – 230-236 б.

2. Шлымова Г.Е. Қазақстан қоғамының құндылық бағдар жүйесіндегі діни құндылықтар. 26.10.2013 <https://kazislam.kz/eislam-625/?lang=ru>.

3. Маритен Ж. Знание и мудрость. – М., РОБОНРИ «Научный мир», 1999. – 244 с.

4. Schweiker, William, ed. (2004), “The Blackwell Companion to Religious Ethics”, Blackwell Publishing Ltd, pp. 112–119.

5. Bobyreva E., Zheltukhina M., Korovina K., Busygina M. Religious values in global communication of modern society: trends in the development and transformation. SHS Web of Conferences 69, 00021 (2019)

6. Формирование казахстанской идентичности в контексте задач модернизации общественного сознания: отчет по научной программе (промежуточный) / РГКП ИФПР КН МОН РК: рук.: Бижанов А.Х., Нурмуратов С.Е. – Алматы, 2019. № ГР 0118РК01039. – Инв. №0219РК00910.

3.6. Вежливость как элемент культуры (Касабекова Е.К)

Для казахстанского общества этические понятия испокон веков имеют историческую значимость. Казахский народный менталитет всегда чтит вежливость как ценность общественной самоорганизации общества. Поэтому в данном разделе проанализирована вежливость как категория исторической культурологии, религиозного самосознания. Само слово «вежливость» обозначает уважительную манеру общения; любезничать, рассыпаться в любезностях. Словарь эпитетов русского языка вежливость – • безукоризненная ~ • исключительная ~ • нарочитая ~ • подчеркнутая ~ • предельная ~ Словарь русской идиоматики вежливость — учтивость, обходительность, предупредительность.

Вежливость и этикет отражаются в разных странах и в разных культурах, в том числе в казахской и иранской культуре по-разному, и каждый язык имеет свои особенности. Одна из моделей общих для всех культур есть «этикет». Этикет это речь и поведенческие нормы, которые определяют социальные позиции и презентации себя и других, необходимых для общения. В результате своего рода этикет это «социальная модель», в которой люди взаимодействуют друг с другом. Без шаблонов этикета фактически будет нарушен общественный порядок. Поскольку человеческое выживание и развитие зависит от взаимодействия и сосуществования, взаимодействие и сосуществование соответственно зависит от определенного вида социального порядка и этикета.

Формы вежливости в различных языках переплетены с различными особенностями страны, историей, экономикой и культурой. Формы вежливости используются для обозначения разнообразных средств языкового выражения социальных отношений между говорящим, слушающим и людьми, о которых идет речь.

Вежливость в казахской и персидской культуре играет важную роль, так как является неотъемлемой частью культуры данных народов. Способы выражения вежливости в различных языках

отличаются друг от друга, это объясняется различной структуры обществ, где употребляются языки.

Вежливость означает внимательность к собеседнику. Вежливость проявляется не только в поведении, но и в речи. Синонимами вежливости являются такие выражения, как почтительность, галантность, корректность, учтивость. При этом под уважением понимается признание достоинств личности, чуткость, деликатное отношение к собеседнику. Однако рассматривая культуру в межкультурном аспекте, возникает множество разногласий и недопониманий, так как на первый взгляд универсальное понятие «вежливость», имеют разное значение в разных языках и культурах. Например, в арабских и латиноамериканских странах внимание к незнакомой женщине имеет совершенно иное значение, нежели в европейских странах, также как и чрезмерное почтение к старшим в странах Европы.

Культурные и национальные особенности поведения коммуникантов в общении связаны с тем, что в разных культурах существует свое понимание вежливости. Многочисленные стереотипы возникают из-за недостаточной осведомленности в понимании различных культур. Например, существует широко распространенное мнение о том, что греки являются невежливым народом, во всяком случае, менее вежливым, чем англичане, об этом писал ученый М. Сифианоу. По словам Д. Пибоди (Peabody), англичан отличает «такт, изящество манер, изысканная вежливость». Дж. Лич (Leech) пишет об общепринятом представлении о китайцах и японцах как очень вежливых по сравнению с европейцами и о русских и поляках как невежливых. Дж. Томас отмечает существование стереотипов о грубых русских и немцах, подобострастных индийцах и японцах, неискренних американцах и высокомерных англичанах.

В настоящее время общение- это не только обмен информацией, но также демонстрация своего отношения к собеседнику. Чисто информативная речь – это скорее исключение, чем правило. В связи с этим выделяется несколько видов общения:

1) транзакциональное общение, которое ориентировано преимущественно на передачу информации;

2) интеракциональное общение, целью которого является установление и поддержание межличностного контакта, достижение взаимопонимания, гармонии в общении [2].

Многие сложности межкультурной коммуникации возникают именно в интеракциональном общении и, вызваны неумением собеседников взаимодействовать, т.е. демонстрировать свое отношение друг к другу в соответствии с нормами данного общества.

Являясь понятием этическим, вежливость попадает в сферу интересов такой философской дисциплины, как этика, объектом изучения которой выступает мораль, нравственность как форма общественного сознания, как одна из важнейших сторон жизнедеятельности человека, как один из способов нормативной регуляции действий человека в обществе. Словарь по этике определяет вежливость как «моральное качество, характеризующее поведение человека, для которого уважение к людям стало повседневной нормой поведения и привычным способом обращения с окружающими. Вежливость – элементарное требование этикета; она включает: внимательность, внешнее проявление доброжелательности ко всем, готовность оказать услугу каждому, кто в этом нуждается, деликатность, такт» [3].

Культурологические корни этикета уходят в систему условных ритуалов, в соблюдении которых главную роль играет форма поведения. В связи с тем, что этикет обслуживает внешнюю сторону общения, несет в себе элемент игры и может выступать как самостоятельное социальное явление (например, во времена абсолютных монархий – придворный этикет, дипломатический этикет), а христианская этика подразумевает совпадение содержания и формы поведения, явление вежливости получает в этике двойственную оценку.

По этой причине, многие ученые не одобряли этикета и вежливых форм обращения. Например, прогрессивные просветители XVIII века П. Гольбах, К.Л. Гельвеций, Ж.-Ж. Руссо вообще выступали против этикета, так как укрепляя и поддерживая иерархические расслоения обществ, возвышая господствующие классы, этикет феодализма одновременно прививал народу рабскую психологию покорности. Так, Ж.-Ж. Руссо порочность этических форм

он усматривал в том, что под их внешней сердечностью и приветливостью скрывается подозрительность, ненависть, предательство, страх и другие эгоистические устремления и враждебные состояния, порожденные цивилизацией. Мыслитель выступал за истинную вежливость, которая заключается в благожелательном отношении к другим людям вне зависимости от их положения в обществе.

Понятие вежливости, которое возникло на основе синтеза религиозных и светских норм, впоследствии видоизменялось под воздействием социальных и исторических факторов.

Таким образом, начиная с Эпохи Просвещения понятие вежливость перестает соотноситься только с жизнью двора и аристократии, формы вежливости становятся менее сложными, приобретают более общественный характер, начинают выступать как часть общечеловеческой культуры. Различные социальные слои вырабатывают свои правила общения. Вежливым считается тот, кто ведет себя в соответствии со своим положением в обществе. Это послужило толчком к тому, что уже в XIX веке вежливость начинает рассматриваться в качестве средства регуляции человеческих отношений.

Так, рассуждая о разной по природе вежливости («вежливости сердца» и вежливости – «фальшивой монете», «вежливости-маске»), А. Шопенгауэр указывает на то, что последняя имеет большую нравственную ценность, так как, во-первых, создаст условия для предотвращения конфликтной ситуации, сохраняет гармонию с окружающими, а во-вторых, корректирует качества надевающего эту «маску». При этом вежливое и этикетное поведение любой природы, будь то искренняя вежливость или «вежливость-маска», является структурным элементом морального сознания.

С возникновением и развитием прагматизма, заменившего основные этические категории «добра» и «зла» категориями «успех» и «неуспех», нормы морали стали рассматриваться не только в качестве средства поддержания интересов и устранения конфликтов в обществе, но и в качестве средства достижения индивидом какой-либо цели.

Основным способом отражения системы ценностей в языке признается категория языковой оценки, куда и относится категория

вежливого общения. Известно, что ценностные представления присущи каждой культуре. Они являются отражением миропонимания и мировоззрения народа. Индивидуум, выросший в атмосфере определенной национальной культуры, одарен его особым видением мира. Ценностная картина мира социума включает определенный набор и иерархию ценностей, которые выражаются в оценках, а также предполагает наличие оценочных стереотипов и норм, оценочной шкалы и ориентиров оценки.

Формы выражения вежливости в виде социальной заданности можно представить как систему стандартов коммуникации. Национально-культурные стандарты общения стереотипны, оценочны, чрезвычайно устойчивы, многие из них действуют почти без изменения в течение сотен лет, сохраняя на себе отпечаток культуры.

Будучи отражением системных отношений реальной действительности, стандарты вежливого общения, обслуживающие ту или иную сферу взаимодействия людей, образуют ритуал коммуникативного общения. Осуществляется своеобразная группировка социальных, психологических, технологических факторов коммуникации. На этой почве возникает целостная, устойчивая модель поведения – стиль общения, присущий всему этносу, особенно этикету, куда относятся и формы вежливого общения, «правила, регламентирующие форму, манеру поведения личности, обхождения, правила учтивости, принятые в каком-либо обществе». Следовательно, в разных культурах ценностный характер этноэтикета рассматривается как система характерных для данного этноса моральных предписаний ритуализованного общества в типичных изо дня в день повторяющихся ситуациях взаимодействия человека с окружающим миром, в процессе которого происходит познание мира и его оценка. Система ценностных установок задается потребностями познающего субъекта. Общественная практика (жизнь) наделяет объект оценки свойством ценностной предметности – функцией, ролью, выполняемой природной вещью или искусственным объектом в общественной жизни. «Процесс оценки – это способ реализации ценности объекта, осознание субъектом ценностной предметности объекта,

реализующееся в виде суждения о той ценностной предметности, которая стала предметом оценки» [4].

Целостность общения можно разложить на два плана, взаимно дополняющих друг друга. Первый из них можно назвать парадигматическим, второй синтагматическим.

Парадигматика включает социальные факты, отношения и ориентиры, такие как возраст, статус, пол, этническая принадлежность, отсутствие или наличие родственных связей, место и время взаимодействия, являющиеся условием и содержанием общения, т.е имеет с чередованием и противопоставлением переменных социальной ситуации общения.

Синтагматика культуры по отношению к парадигматике является вторичной, это непосредственно техника общения, способ развертывания социального содержания общения. Известный английский ученый М. Аргайл выделяет семь классов социальной техники общения:

- 1) контакт;
- 2) позиция и близость;
- 3) жесты;
- 4) выражения лица;
- 5) движения глаз;
- 6) нелингвистические аспекты речи (темп, ритм, интонация и т.д.);
- 7) речь [5].

Значит, словесный знак выступает в роли связывающего звена между ценностями и значениями. Вовлеченный в социальную реальность, словесный знак реализуется не только как носитель значения, но и как фактор национальной культуры.

Мир оценок всеобъемлющ и многообразен. Один и тот же объект может быть предметом самых разнообразных оценок. Вместе с тем, оценки отличаются селективностью: они вычлениют и фиксируют то, что становится важным с точки зрения общественных потребностей. Оценка – это результат определенного уровня развития общества, познания, самопознания.

На уровне высказывания, куда относится форма вежливости, оценка характеризуется следующими признаками: а) соотносённостью с логическими формами суждения; б) соотносённостью с

определенным понятийным содержанием, выступающим в форме представлений о нормах, стандартах, стереотипах, эталонах; в) соотношенностью с эмоциональными формами выражения, что обусловлено связью таких суждений с представлениями о позитивном и отрицательном (в сфере морали и этикета – с представлениями о добре и зле; о форме общения – положительной и отрицательной; в сфере эстетики – с представлениями о прекрасном; в социальной сфере – с представлениями об общественно поощряемом и осуждаемом); г) соотношенностью с национальной культурой; д) концептуально-системным характером представленности в сознании.

Исследование данных форм оценки дает возможность представить широкую картину социальной обусловленности коммуникативного поведения, выявить истоки становления стандартов вежливого общения. Известно, например, что такой признак парадигматики общения, как соотношение возрастов коммуникантов, более значим в культуре народов Востока, чем Европы, что неминуемо находит отражение в синтагматике общения - в специальных стандартах речевой коммуникации. В противоположность этому известно, что у американцев специализация общения определяется прежде всего степенью знакомства и социальным положением коммуникантов. Поэтому важно изучить, в какой мере членами этноса в различных ситуациях освоены правила и техника традиционной культуры общения, какое место занимают они в системе ценностных ориентации социума. Общение в известной мере связано с изучением исторических условий, вызвавших к жизни тот или иной стандарт, стиль общения и фиксацию изменений, преобразований, происходящих в этикете на различных этапах истории (многочисленные случаи переосмысления некоторых формул вежливости (ср.: «спасибо» = «спаси Бог», «Вы – ты», «Ты – царь», «Вы – студент» и т.д.).

Для языкознания представляют интерес выделенные в философской литературе содержательные компоненты понятия «вежливость», важнейшим из которых является уважение к партнеру по общению.

Вежливость предполагает и демонстрацию говорящим своего вежливого, доброжелательного отношения к адресату различными способами, в том числе и средствами языка.

Важным для лингвистических исследований является и проводимое в этических воззрениях философов различных эпох разграничение «вежливость-искренность» и «вежливость-маска».

Этика обращает внимание на то, что в поведении индивида опосредованно могут содержаться или не содержаться элементы нравственного отношения, что дает основание выделить среди форм поведения два уровня, «один из которых связан непосредственно с этикетом или протоколом, другой – с более сложными проявлениями, называемыми деликатностью, тактичностью, порядочностью и т.д.», именно последний уровень делает вежливость категорией этической, носящей наднациональный характер.

Вопрос об отношении этикета и морали, этикетного и вежливого поведения до настоящего времени входит в число дискуссионных и находит отражение как в работах философов, так и в работах лингвистов. В современных исследованиях преобладает тенденция к сближению этикета с вежливостью и нравственностью. То, что неприемлемо с точки зрения этики, вежливости отвергается и этикетом, в этом смысле этикет является внешним проявлением этики.

Специфика общения при использовании конкретного национального языка состоит в: 1) в специфике построения речевой цепи, осуществляемого по грамматическим правилам этого языка; 2) в специфике образов сознания, отражающих предметы конкретной национальной культуры. В этом ракурсе категория вежливости определяется ценностным содержанием, присущим каждой национальной культуре, характером ситуации (бытовая, социально-общественная, профессиональная, официальная) и социальными параметрами статуса и разных видов дистанции между партнерами по общению.

Вежливость в языке реализуется эксплицитно и имплицитно. Эксплицитная, или конвенциональная вежливость, состоит в более или менее обязательном соблюдении принятых правил этикета, коммуникативного общения и метакоммуникативных постулатов коммуникации. Имплицитная, или индивидуальная вежливость, не ожидается и не требуется в одинаковой степени, она базируется на выборе определяемых языковых средств, реализуемых разными стратегиями предупредительности и дипломатичности.

С традиционной точки зрения быть «вежливым» или «культурным» соответствует термину «официальность». Но, несмотря на это вежливость, когда это необходимо, указывает на неофициальность ситуации. Невежливым считается вести себя официально с близкими, также как и вести себя неформально с начальством или официальными лицами. Поэтому так важно знать и учитывать все нюансы и особенности вежливости в персидском языке. Каждый человек-носитель языка в процессе своего развития перерабатывает опыт его языковых предков, закрепленный в языке. Усваивая его, человек, в то же время, привносит что-то новое, индивидуальное, он преобразует данные этого опыта. Следовательно, язык не только отражает культуру, но и сам развивается в ней.

Составной частью культуры являются культурные традиции, при помощи которых передается наиболее важная для выживания информация, те формы существования и нормы быта, которые наиболее оптимальны в данных временных и пространственных условиях. Именно поэтому традиции не вечны, социальные стереотипы находятся в постоянной динамике: с изменением условий жизни некоторые традиции остаются в прошлом, а новые, более соответствующие современным условиям, зарождаются.

В то же время, культурная традиция является одним из способов осуществления деятельности человека и оказывает большое влияние на формирование стереотипизированного мышления. В процессе межкультурной коммуникации стереотипные представления о народе другой страны оказывают, по мнению Т.В. Лариной, С.Г. Тер-Минасовой и других авторов, негативное влияние на процесс общения, так как заранее настраивают участников коммуникативной ситуации на определенный ответ, реакцию собеседника. В случае если реакция не совпадает с ожидаемым, возможен конфликт в акте коммуникации, поставленные задачи не будут достигнуты, негативный эмоциональный эффект может быть слишком велик, для того, чтобы продолжать общение.

Человек становится носителем культурного фонда своей нации, живя среди людей, общаясь с представителями своего народа на родном для него языке. Каждый человек с детства впитывает всю информацию, которая содержится в его языке, изучает мир при по-

мощи языка, постоянно расширяя границы своих познаний посредством языка, но, в то же время, и ограничиваясь тем, что отражено в его родном языке. Явления действительности, нашедшие отражение в языке, представляют собой языковую картину мира, изучению которой посвятили себя такие исследователи как Й. Вайсгербер, А. Вежбицкая, Г.Д. Гачев и другие. Специфичность языковых картин мира подводит к вопросу о взаимопонимании представителей различных культурно-языковых общностей.

Точки зрения по данному вопросу в современной лингвистике неоднозначны: одни авторы полагают, что существуют универсальные категории, которые приобретают соответствующие коннотации в различных лингвокультурах, другие считают, что каждый народ, создает свои, нигде не повторяющиеся категории, концепты, что приводит к формированию особой ментальности, концептосферы, особой системы взглядов на мир.

Третьи авторы придерживаются промежуточной позиции, не исключая наличия ни универсальных, ни специфических категорий.

Специфика языковой картины мира заключается в том, что выходит за пределы универсального, что не является элементом «единой понятийной системы»; она состоит из тех нюансов, которые вытекают из особенностей многовекового культурного и исторического развития нации. Основу языковой картины мира составляет географическая среда обитания народа, так как именно она служит базисом для чувственного восприятия мира, оказывает влияние на всестороннее развитие человека и его историческую судьбу. С одной стороны, все народы Земли живут в одном мире, но, с другой – мир разнообразен, и человек воспринимает только ту его часть, с которой соприкасается. Именно эта часть, данная человеку в ощущениях, получает наиболее полное освещение в языке, в концептуализации действительности, другая, скрытая часть, отражается в языке лишь незначительно, так как не представляет собой важности для народа.

Значимым для данного исследования является именно тот факт, что, несмотря на универсальность многих понятий, категорий действительности, каждый язык накладывает на них свой отпечаток. Слова-эквиваленты в двух языках могут иметь значительную

культурную коннотацию, что затрудняет взаимопонимание при общении. Эффективность же совместной деятельности зависит от коммуникативной компетенции сторон.

Представление о ценностных ориентирах и традиционных особенностях дискурсного поведения той общности, которую представляет партнер по коммуникации, играет важную роль в процессе общения. Оно помогает направить коммуникационный процесс в позитивное русло и достичь желаемых результатов.

Следует отметить, что специфика значения слова проявляется в тех его свойствах, которые зависят от принадлежности слова к определенной лексической системе. Согласно В.В. Виноградову, «слово относится к действительности, отражает ее и выражает свои значения не само по себе, а лишь через всю систему значений, образующих семантический строй языка».

Слова одного языка в большинстве случаев не просто соответствуют словам другого языка, а находятся с ними в весьма сложных и многообразных отношениях. Специфичность этих отношений - результат развития лексического состава языка на самобытной для каждого из нас основе. Новые слова и новые значения слов создаются в соответствии с требованиями той языковой традиции, которая уже существует в известный исторический период у данного народа. Согласно В.В. Виноградову, «история значения слов может быть воспроизведена лишь на широком фоне лексико-семантических систем данного языка» [6].

Менталитет того ли иного народа, связь языка и культуры находит яркое отражение в изучении концепта вежливость. Причем обращение к этому концепту невозможно без комплексного сопоставительного исследования: философского, психологического, лингвокультурологического, когнитивного.

В семантике лексем уважительный, обходительный, предупредительный содержится компонент «оценка социального статуса партнера по коммуникации по отношению к собственной позиции». Существительное уважение определяется так:

- 1) Почтение, почтительное отношение, основанное на признании заслуг, качеств, достоинств;
- 2) Уважительное отношение к законам, порядкам, правилам, интересам и чувствам других людей. Следовательно,

уважительность предполагает отведение адресату той социальной позиции, которая соответствует его признакам.

Предупредительность и обходительность предполагают занижение собственной социальной роли относительно позиции адресата. Предупредительный – «чрезвычайно любезный, услужливый, крайне обязательный, предупреждающий желания, намерения», таким образом, предупредительность заключает в себе настроенность на мир собеседника, готовность выполнить действие, приносящее пользу другому. Обходительный – «вежливый, приветливый». Приветливый – «радушно, благожелательно, приязненно относящийся к окружающим». Синоним обходительный дополняет содержание ключевого слова вежливый компонентами: «радушие», «благожелательность», «дружелюбие», «ласковость».

Признаки «искреннее положительное отношение к личности другого человека» и «оценка социального статуса партнера по коммуникации по отношению к собственной позиции» связаны между собой: чем более низкую роль отводит себе коммуникант, тем «интенсивнее» проявляется положительная оценка им партнера по общению. Таким образом, синонимический ряд лексемы вежливый представлен словами, лексическое значение которых не является тождественным, слова-синонимы уточняют, расширяют и во многом дополняют содержательный объем ключевого слова.

Литература

1. Электронный ресурс <https://gufo.me/dict/dal/> вежливость время просмотра 22:34, 05.09.2022
2. Орлов Г.А. Современная английская речь. – Москва, Высш.школа, 1991. – С. 221.
3. Электронный ресурс <http://philosophy.niv.ru/doc/dictionary/ethics/index.htm> время просмотра 22:34, 05.09.2022
4. Богуславский В.М. Словарь оценок внешности человека. – Москва, 1994. – С. 119.
5. Argyle, 1970, p 28-32.
6. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография: Избранные труды. – Москва, 1977. – 312 с.

3.7. Болашақтың жарқын болуы ұлттық құндылықтарда (Бейісбаев С.Е.)

Кез-келген азамат ең алдымен өз мүддесін ойлайтыны табиғи заңдылық. Сол арқылы жақсы білім алып, өзі ұнатқан мамандық иесі болып, өз бейіміне қарай жұмысы жемісті, қызметі өрісті болатыны белгілі. Осыдан келіп мемлекет өркендейді. Демек, осыған орай әр қазақстандық мемлекетшіл, халықшыл болуы тиіс. Міне, осы қағиданы азаматтар берік ұстанып, санасында менің елім, Менің Қазақстаным деген ұғым, патриоттық сезім берік қалыптасса дейсің. Сонда еліміз ілгері дамып, алға жылжитын еді. Бұл елімізде тұрып, өмір сүріп жатқан әр азаматтың бойына сіңген ұғым болса, шіркін.

Қазір көріп, біліп отырғанымыздай, мына алмағайып заманда көршілес кейбір елдерде небір дүрбелең орын алып, бейбіт халық қырылып, соғыс өрті шалған аймақта жан сауғалап, қашып, босқан жұртшылық аз емес. Солардың біразы біздің елімізді сағалап, паналап келіп жатқаны байқалады. Өйткені олар Қазақстанды тұрақты, шыдам-төзімі мықты бейбіт ел санайды.

Жаңа Қазақстан құру бағытында ұдайы ізденіс, талпыныс керек. Тек жекеменшікке құрылған, соны ғана қорғаған қоғамда әділеттілік болмайды. Бүгінгі күні еліміздегі монополияны қайта қарау осының дәлелі. Бұдан былай адамдардың не істеп жүргені, әсіресе биліктегілердің көшедегі «Сергек» немесе аквариумдағы балық сияқты барлық жағынан ашық көрініп тұратынын ескеру керек. Сондықтан әркім ешкімнің «ала жібін аттамай», таза, адал, әділетті қалыпта жүргені дұрыс, барша жұрт енді соған бейімделсе ғана әділетті қоғам орнайды.

Ал бастықтың алдында бас шұлғып, не айтса да көне беретін жағымпаз, өз пікірін айта алмайтындар артқан сайын қоғам тұрақсыздана түседі. Бізде тек бұйрықты ойланбай орындайтын сарбаздар емес, одан да оңы мен солын тани білетін отаншыл, нағыз жауынгерлер қалыптасса дейсің. Мемлекет басшысы атап көрсеткен Жаңа Қазақстанда адамгершілік қағидалары биік тұрғаны маңызды. Біз өткеннен сабақ алып, тарихымызды бағалай білсек, сол арқылы болашақ ұрпақты дұрыс бағытқа

тәрбиелей алсақ, кездесетін қиындықтарды дұрыс шешу, жақсы жаққа қарай өзгеру азаматтық парызымыз болуы тиіс.

XXI ғасырда өз күші мен ақыл қабілетіне сенетіндер көбейіп келеді. Демек, біздің ұрпақ та заман талабынан қалыспай ұдайы ізденіс пен даму жолында күреспесек артта қалып қоямыз. Кемшілкті өзгелерден емес, өзімізден ізденуіміз керек. Эмоцияға берілуден гөрі парасат пен тәжірибеге сүйену бағалы. Бүгінгі заманды әлеуметтану мен философиялық ой тұрғысынан бағамдасақ, осындай тұжырымға келеміз.

Сөз жоқ, еліміздің Конституциясына қатысты өзгерісте енгізуге орай өткен референдумның маңызы үлкен. Ел тұрақтылығы - мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісіне тікелей байланысты. Бұл жөнінде Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Еркін Тұқымов мәлімдеді [1]. Оның айтуынша, ҚСЗИ жүргізген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері референдум қорытындысымен сәйкес келген. Орталық сайлау комиссиясының деректеріне сәйкес референдумға қазақстандықтардың 68,06%-ы қатысқан. Мамыр айының басында Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты 1200 респонденттің арасында телефонмен сауалнама жүргізді. Сауалнаманың нәтижесіне сәйкес олардың 66,4%-ы референдумға қатысуға дайын болған. Өздеріңіз көріп отырғандай, біздің болжамымыз бүгінгі нәтижемен сәйкес келді. Біз тағы бір мәрте бейбітшілік пен ынтымақтастықта өмір сүру жолындағы беріктігімізді көрсеттік. Азаматтардың дауыс беруге келуі экзитполдың үш компаниясының деректері бойынша, олардың бірігуінің жаңа деңгейінің көрінісі болып отыр, – деді институт директоры.

Қазақ елінің дамып, өркениетке құлаш сермеуі үшін елімізде берік, жұрт көңілінен шығатын, халық жылдар бойы аңсап, күтіп жүрген Ұлттық идеологияны қалыптастыру ауадай қажет. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласында халыққа қызмет ететін, әркімнің жүрегіне жол тапқан идеология болуы тиіс. Барша халықты бір тудың астына топтастыратын, жұртты үйіріп әкететін, әркімнің көңілінен шығатын Ұлттық идеологияны халық көптен аңсап, сусап жүр. Сондай идея берік орын алса, ел мүддесінен шығатын басты Ата заңы, яғни Конституциясы қалыптасса, ол

мемлекет дамуында маңызды рөл атқарар еді. Мемлекет басшысы Конституцияға отыздан аса өзгерту енгізіледі деп тегін айтқан жоқ. Бұқара халық міне осыны асыға күтуде. Соның бәрін жүзеге асыру үшін ескі жүйеден арылып, команданы да жаңартып, жасақтап, Жаңа Қазақстанды қалыптастырудың басты тетігі осында – Ұлттық идеологияда жатса керек. Осы тұрғыда барша қазақстандық бір тілекте, ортақ мүддеде болып, отанымыздың бейбітшілікте, ынтымақта дамуына үлес қосса Қазақстан дамудың даңғыл жолына түседі.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Ұлттық құрылтай құруды ұсынды. «Біз дала демократиясының бастауын жалғастыруымыз керек. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент жаңа құрылымның қызметі мемлекеттік деңгейде болатынын айтты.

«Құрылтай – қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруы тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Қазіргі қоғамдық кеңестің бәрін өз айналасына топтастырады. Ұлттық құрылтайдың құрамында барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы ассамблеясы, азаматтық альянс, қоғамдық кеңес пен ұйымдардың мүшелері, мемлекет және қоғам қайраткерлері кіруі керек», – деді [2]. Бұл мәселе жұртшылық тарапынан қызу қолдау тауып отыр.

Ұлытауда Ұлттық құрылтай жұмысын бастады. Мемлекет басшысының 16 наурыздағы Жолдауында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің таратылатыны айтылған еді. Президент оның орнына ауқымы кеңірек, жаңадан құрамдалған Ұлттық құрылтай құруды ұсынған болатын. Осылайша, Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы 16 маусымда жаңадан құрылған Ұлытау облысында өткені белгілі болды. Демек, Ұлттық құрылтайдан үміт көп.

Бір елдің ішіне іріткі салып, ұйып отырған жұртшылықтың ішіне алауыздық тудыратын түрлі діни ағымдардың әрекеттері жұртты қашанда алаңдатады. Діни алауыздық, экстремизм, терроризм деген қауіпті дерт екені айтпаса да түсінікті. Олардың көзде-

ген мақсаты – мемлекет ішіне іріткі салу, ол әсіресе кім көрінгеннің артынан ілесіп кете беретіндерді дінге бейімдеу арқылы елді арбайды. Сол арқылы діни-саяси экстремизмге ұрындырады.

Бұл өзі әлемдік деңгейде бүкіл қоғамдастықты алаңдатып отырған үлкен проблема. Қарап отырсақ, террорлық әрекеттердің садарынан дүниежүзінде ондаған мың адам көз жұмады екен. Ал солардың артында кім тұр, көздеген мақсаты қандай? Осының бәрі діни идеология арқылы діннің атын жамылып, аңқау елге арамза молда болатындардың әрекеті. Айталық, кейбір топ дінді өздерінің саяси мақсаттары үшін тиімді пайдаланып, қитұрқы әрекеттерін жасауда. Кешегі қаңтар оқиғасында да осындай қауіпті әрекет орын алғанын бүгінде көпшілік айтуда. Осыған жете мән беріп, терең зерттеген адам діннің кейбір элементтерін идеология түрінде пайдаланып, «егер осы жолмен жүрсең ертең жұмаққа барасың» деу арқылы саяси мүддеге жету үшін айлалы әрекеттерге барады. Экстремистік бағыттағы діни ұйымдар белгілі бір дәрежеде қаржыландырылады, оқытады, жихадқа дайындайды, содан кейін «уақытың келді, енді біздің күніміз келді, құдай үшін сен әрекет жасауың керек» дейді. Дін-апиын арқылы басы айналған тұста дәл осылай көптеген жастарды материалдық, діни әрекеттер жасап, Сирияға апарған. Олар сонда барғанда алдап-арбауға түскендерін, ешқандай мұсылмандық жоқ екенін көрген. Осыдан кейін «жұмаққа барасың» деп жихадтық соғысқа салған, әйелдерді бұзылған жолға итермелегені мәлім.

Кешегі қаңтар қасіреті барысында діни экстремизмнің әрекеттері көрініс тапқандай. Кісі өлтіру, дүкендерді тонап кету, ғимараттарды өртеу, қирату, адамдарды ұрып-соғу секілді тағылық жағдай орын алды. Осының бәрі алдын-ала ұйымдастырылғаны мәлім болды. Олар бейбіт шеруге шыққан наразы халықтың қимылын өздеріне пайдаланып кетті. Демек, біздің елде астыртын әрекет жасаушы радикалды топтар баршылық. Соларды тауып, тиісті орындар мемлекет үшін қауіпті топтарды ауыздықтауы маңызды.

Осы арада тағы бір тілге тиек етіп, айтар жәйт, кейбіреудің болашаққа деген сенімсіздік синдромы. Елдің біразы, әсіресе әртүрлі жолмен тез байып алғандар алдағы күнге сенбейді.

